Аңдатпа. Бұл зерттеу жұмысы XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Зайсан өңіріндегі кәсіпкерлік қызметтің қалыптасуы мен дамуын жан-жақты талдауға арналған. Шығыс Қазақстан аумағында орналасқан Зайсан қаласы қазақ даласындағы кәсіпкерлік тарихын зерттеуде маңызды дереккөзі болып табылады. Себебі аталған кезеңде Семей, Өскемен, Зайсан, Көкпекті сияқты қалалар мен ірі елді мекендер аймақтың жетекші сауда орталықтарына айналып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық тыныс-тіршілігінде ерекше рөл атқарды. Зайсан осы қалалардың ішінде маңызды сауда торабы ретінде ерекшеленді.

Зерттеу барысында қаланың географиялық орны, табиғи-экономикалық мүмкіндіктері, су және құрлық арқылы өтетін сауда жолдарының бағыттары, көрші аймақтармен және шекаралас елдермен байланысы сияқты кәсіпкерліктің дамуына ықпал еткен негізгі факторлар қарастырылды. Сонымен қатар, өңірдегі саяси жағдай, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, демографиялық үдерістер және Зайсан халқының этникалық құрамындағы динамика да кәсіпкерлік ортаның қалыптасуына әсер еткен маңызды құбылыстар ретінде талданды.

Жұмыста Зайсан қаласының экономикалық өмірінде кәсіпкерлер мен түрлі кәсіпшілік түрлерінің атқарған қызметі, олардың өңірдің инфрақұрылымдық дамуына қосқан үлесі жан-жақты зерттелді. Кәсіпкерлердің сауда және өндіріс салаларындағы жетістіктерінен бөлек, олардың қоғам өміріне белсенді араласуы, білім беру ісін қолдауы, мәдениетті дамытуға қосқан үлесі, меценаттық және қайырымдылық қызметтері де арнайы назарға алынды.

Түйін сөздер: Зайсан, кәсіпкерлік, сауда, көпестер, жәрмеңке, татарлар, тарих, экономика, тұлға, мәдениет

Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстан Ресей империясының отарлық аймағы ретінде саяси және экономикалық тұрғыдан метрополияға толықтай тәуелді болды. Осы кезеңде өңірде нарықтық қатынастардың дамуына байланысты кәсіпкерлік қызмет маңызды рөл атқара бастады және капиталистік қатынастар жүйесіне тартылды. Шығыс Қазақстан аумағындағы қалалар мен ірі елді мекендер Ресейдің Шыңжаң, Тибет, Моңғолия

сияқты аймақтармен экономикалық байланысын нығайтатын маңызды сауда орталықтарына айналды. Орта Азия мен Сібір бағытында өз аумағын кеңейткен Ресей империясы бұл өңірлерді жылдам игеруді және елдің бірыңғай экономикалық айналымына қосуды стратегиялық мақсат етті. Қазақстанның Шығыс өңірі геосаяси, әлеуметтік-экономикалық, этно- демографиялық және мәдени тұрғыдан маңызды аймақ болып табылады. Азия мен Еуропаны байланыстыратын ірі сауда жолдарының тоғысында орналасқан бұл өңір тарихи тұрғыдан маңызды сауда және мәдени алмасу орталығы қызметін атқарды. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан жергілікті кәсіпкерліктің дамуын зерттеу және оған объективті баға беру қажеттілігі туындайды.

Зайсан қаласы XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында аймақтың сауда-экономикалық дамуында маңызды орын алды. Осы кезеңде қаланың экономикасы мен әлеуметтік құрылымына елеулі әсер еткен кәсіпкерлік құрылымдар қалыптасты. Алайда патша үкіметінің қазақ жерін шикізат көзі, тауар өткізу нарығы және арзан жұмыс күші ретінде қарастыруы бұл өңірдегі кәсіпкерліктің отарлық сипатта дамуына ықпал етті.

Бұл мақалада зерттеліп отырған тақырыптың экономикалық және әлеуметтік-мәдени аспектілері қарастырылады. Қазақстандағы сауда қызметінің Ресей империясымен ықпалдасу механизмдері мен оның салдары талданып, өңірдегі әлеуметтік және экономикалық өзгерістер анықталады. Сонымен қатар, аймақтағы сауда ісінің жергілікті халықтың әлеуметтік құрылымына және мәдени дамуына ықпалы зерттеледі. Кәсіпкерлікті зерттеу тәжірибесі – қазіргі кезеңде де өзекті. Себебі, нарықтың қарқынды дамуы қашанда оның тұрақты серігі – кәсіпкерліктің өркендеуімен байланысты.

Материалдар мен әдістер

XIX ғасырдың екінші жартысы мен – XX ғасырдың басындағы Зайсан өңірінің экономикалық дамуы мен көпестердің рөлін зерттеу барысында тарихи үдерістерді кешенді талдауға негізделген ауқымды дереккөздер пайдаланылды. Қойылған міндеттерді жүзеге асыру барысында әртүрлі құжаттық материалдар, оның ішінде архив және музей қорларының материалдары қолданылды.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (ҚРОМА) №64 қоры ерекше назарға алынды. Құжат өңірдің сауда қызметі мен экономикалық дамуы туралы маңызды мәліметтер береді.

Абай облыстық мемлекеттік архивінің (АОМА) қоры: №48 қоры Зайсан өңірінің жергілікті басқару жүйесіне, экономикалық өміріне, соның ішінде сауда және кәсіпкерлік қызметке қатысты құжаттарды қамтиды.

Зайсан тарихи-өлкетану мұражайының материалдары: Зерттеуде белгілі саудагерлердің ұрпақтарының естеліктері қолданылды. Олардың ішінде Х. Бекмұхамедова (П. Бобкиннің немересі), Г. Байсалова (К. Бабаевтың немересі), бар. Бұл дереккөздер Зайсан өңірінің саудагерлік қауымының күнделікті өмірін, экономикалық мүдделерін және әлеуметтік белсенділігін қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, музей деректері, сондай-ақ қазақстандық және

шетелдік ғалымдардың өңір тарихына арналған зерттеулері мен шолулары архив материалдарын толықтыратын маңызды дереккөзі болып табылады.

Зерттеуде тарихи ғылымның түрлі әдістері қолданылды: Тарихи-салыстырмалы әдіс – Зайсан өңірінің экономикалық дамуын Қазақстан мен Орталық Азияның басқа өңірлерімен салыстыруға мүмкіндік береді. Тарихи-генетикалық әдіс – экономикалық және әлеуметтік үдерістердің уақыт өте өзгеруін және дамуын зерделеу үшін пайдаланылды. Тарихи-биографиялық әдіс – саудагерлердің өмірі мен қызметін қайта қалпына келтіруге бағытталды. Тарихи-жүйелік әдіс – экономикалық және әлеуметтік үдерістердің өзара байланысын кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді. Зерттеу объективтілік және ғылыми негізділік қағидаттарына сүйенеді. Зайсан өңірінің экономикалық өміріне тән ерекшеліктерді, сондай-ақ кәсіпкерлердің әлеуметтік-экономикалық өзгерістердегі рөлін анықтауға ерекше көңіл бөлінді.

Сандық талдау мақсатында халық санағының мәліметтері, сауда статистикасы мен әртүрлі уақыт кезеңдеріне тиесілі экономикалық есептер пайдаланылды. Сонымен қатар, зерттеуде Қазақстан мен Орталық Азиядағы кәсіпкерлік тарихына арналған ғылыми еңбектер, мақалалар мен монографиялар, сондай-ақ мамандандырылған журналдар мен басылымдар қолданылды.

Осылайша, ұсынылған әдістемелік тәсіл мен дереккөздерді кешенді талдау Зайсан өңіріндегі көпестердің қаланың экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына қосқан үлесін жан-жақты зерттеуге, сондай-ақ олардың сауда, кәсіпкерлік және қайырымдылық қызметіндегі рөлін бағалауға мүмкіндік береді.

Талқылау

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басына қарай Далалық өлкенің экономикалық дамуында елеулі орын алған Зайсан өңіріндегі сауда-экономикалық даму көрсеткіштері, белгілі кәсіпкерлер зерттеу нысанына айналып, жан-жақты ашыла зерттелді деуге келмейді. Көтеріліп отырған мәселе көбіне Қазақстанның Зайсан өңірі кіретін Жоғары Ертіс аймағы шеңберіндегі Дала өлкесі бойынша зерттеулерде ғана қарастырылады.

Дегенмен, жалпы Зайсан өңірі ежелден-ақ Батыс Еуропаның, Ресейдің тарихшы, өлкетанушы, жаратылыстанушы ғалымдарының және сол елдерден келген саяхатшылардың көңіл аударған, белгілі дәрежеде зерттеген нысандары болды.

XVII ғасырда Ресейге келген, Алтай өңірінде болған Франция дипломаты Де Ла Невилль «Любопытное и новое известие о Московии» (Записки, 1689) деген еңбек жазып, онда Зайсан көлі, осы маңдағы тұрғындар жайлы толық мағлұмат берген. Осындай деректерді сол заманда даниялық Эверт Избранд Идесте жазып қалдырған.

1715-1716 жылдары Зайсанда И. Бухгольцтің экспедициясы кең көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізген. Бухгольц экспедициясының Зайсан өңіріне келуі қазақ жерлері кіретін оңтүстік Сібір жерлерін отарлауға қатысты Ресей империясының ұстанған «шығыс саясатымен» тығыз байланысты.

XIX ғасырдың 60-жылдарында Зайсан өңірін зерттеу кең көлемде

жүргізіле бастады. Себебі Зайсан ойпатына кіретін жерлерді осы кезеңде Ресейге қосу толық аяқталған болатын. Ресей ұстанған шығыс саясатына байланысты Қазақстаннан ары қарай Қытай жерінде жатқан территорияларды да зерттеуге үлкен көңіл бөлінді. (Жапаров, 1998:48). Сауыр тауларының бойымен, етегінде орналасқан шағын жырлар арқылы ағып өтетін, Зайсан қазаншұңқырына құятын көптеген өзендердің бірі – Жеменей. Жеменей өзенінің жоғарғы ағысында, қалың ормандардың арасында, 1830-1840 жылдары Зайсан қаласының алғашқы іргетасы қаланған (бұрынғы атауы – Джеменейка).

1860 жылдан бастап қала тұрғындарының өмірі Зайсан көлі мен Ертіс өзенімен тығыз байланыста болды. Семей, Павлодар, Қарқаралы, Өскемен және басқа да қалалардан келген көптеген саяхатшылар бұл өңірді «Зайсан» деп атай бастады. Тарихшылардың мәліметінше, «Зайсанның негізі 1868 жылы қаланған, бұл жерде өңірді басқару және қолдау үшін әскери бекініс салу қажеттілігі туындаған».

Зайсан кеден бекеті арқылы (1891 жылдан бастап – халықаралық Майқапшағай кедені) Қазақстаннан Қытайға, Тибетке, Шыңжаңға жүн, тері, ағаш және басқа да шикізаттар экспортталып, ал ол жақтан мата, киім-кешек, қолөнер бұйымдары әкеліне бастады. 1893 жылы Зайсанға қала мәртебесі берілді. Осылайша, ежелгі көлдің атауын иеленген шекаралық қала пайда болды. Аңызға сәйкес, бұл көлі «Сыңғырлаған қоңыраулар көлі» деп те атайды. Ішкі және сыртқы саудаға қолайлы Зайсан қаласы тез дамып, Батыс Қытай және Моңғолиямен сауда-саттық қарқынды түрде нығая түсті.

Әйгілі неміс ғалымы, әрі саяхатшысы Альфред Эдмунд Брем өзінің әріптесі этнолог-ғалым Отто Финшпен 1876 жылы Батыс Сібір мен Қазақстанда болып, зерттеулер жасайды. Олардың ғылыми зерттеулерінің нәтижелері бойынша, экспедициялық материалдар негізінде «Батыс Сібірге саяхат» еңбегін жазады. Аталған кітаптың сегізінші тарауында «Зайсан посты өте жылдам түрде дамып келеді, көшелері кең, таза, адамды бірден баурап алады екен. Кірпішпен әдемі жиналған үйлер көшелерге ортазиялық келбет береді. Өкпен ағартылған үйлер өте көңілді көрінеді. Қоңыраулы әдемі кішкене ағаш шіркеу бар. Сонымен қатар үш сыныптық приходтық мектеп те бар. Зайсан базарынан еуропалық және азиялық кез-келген тауарды оңай табуға болады. Қалада 163 үй, 2 мың (әскерлерді қоса есептегенде) тұрғын бар, - деп сипаттама берген (Финш, 1882:104). Сол уақыттың өзінде де зерттеулерде Ертіс маңы қалаларының транзиттік инфрақұрылымды дамытудағы рөлін (Венюков, 1861:161), Ресей мен Қазақстан арасындағы тауар айналымының динамикасын (Завалишин, 1867:145) және Батыс Сібір, Орта Азия және Қытай иеліктері арасындағы сауда қозғалысының ерекшеліктерін (Балкашин, 1881:32) анықтау бойынша проблемалар қойылды. Алайда, ол еңбектер аймақ экономикасының дамуындағы нарықтық құбылыстарға түсініктеме берумен шектеледі.

Г.Н. Потанин Дала өлкесі мен Сібірдегі сауданы зерттей отырып, мұндағы қалыптасқан буржуазияның негізінен сауда және өсімқорлық сипатын көрсетті. (Потанин, 1867). Ол өз еңбегінде Семей қаласы және Семей облысының басқа да қалаларындағы көпестерге біршама толық сипаттама берді. Ертіс өңіріндегі саудагерлердің негізгі бағыты транзиттік сауда жолдарының қиылысында

орналасқан Семей қаласы болғаны көрсетілді. (Потанин, 1884).

«Россия: толық географиялық сипаттамасы – біздің отанымыз» – бұл Ресейдің ғылыми географиясы мен этнографиясы тарихындағы ең ауқымды жобалардың бірі болып табылатын еңбек. Императорлық Ресей географиялық қоғамының вице-президенті П.П. Семенов-Тянь-Шанскийдің жалпы жетекшілігімен және В.П. Семеновтың редакциясымен дайындалған бұл еңбек Ресей жерлерінің табиғатын, халқын, шаруашылық өмірі мен мәдениетін XIX–XX ғасырлар тоғысында егжей-тегжейлі сипаттайды.

Оның 18-томы Қырғыз (Қазақ) өлкесіне арналып, оған Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары кірген. Бұл томның авторлары – А.Н. Седельников, Л.П. Осипова, А.Н. Бөкейханов және басқа зерттеушілер – осы аймақтардың географиялық, этнографиялық, экономикалық және әлеуметтік қырларын XX ғасырдың басында жан-жақты сипаттайтын мол деректер жинады. Бұл кітап – XX ғасырдағы ірі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге дейінгі зерттелген аймақтардың жағдайын көрсететін құнды тарихи құжат ретінде ерекше маңызға ие (Россия, 1903).

Сонымен қатар, 1897 ж. жүргізілген санақ нәтижелерінің Семей облысына қатысты тұстары мен Ф.Щербина жетекшілігімен жинақталған 13 томдық «Материалы по киргизскому землепользованию» (Материалы, 1898-1906) экспедициялық жинағындағы Зайсан және Өскемен уездеріне қатысты 8 және 9 томдарындағы және дәл сондай жолмен 1913 ж. жүрілген жұмыстардың нәтижелері қамтылған 2, 3 томдардағы мәліметтерді деректік мәнімен қатар белгілі дәрежедегі зерттеу деп қабылдауға болады. Оларда өңірдің табиғи-географиялық, жер жағдайы мен шаруашылығына, жерді пайдалануына, орналасуына байланысты деректер көптеп кездеседі.

Зайсан өңірін ғалымдардың біршама тереңдете зерттеуі кеңестік кезеңде болған. 1928 жылы «Известия Томского государственного университета» басылымында Зайсан қаласында тұрған белгілі ғалым, академик В. А. Хахловтың үлкен еңбегі «Зайсан қазаншұңқыры және Тарбағатай Құстарзоогеографиялық очеркінің» (Зайсанская, 1928) бірінші бөлімі басылып шықты. Мұнда В.А Хахлов Зайсан өңірінде омарта шаруашылығын дамытудың кең мүмкіндіктеріне маңыз береді. Әрине мұнда кәсіпшілікпен айналысқан қазақтар туралы айтылмаса да, болашақта қазақ үшін де қажет болатын кәсіпкерлік туралы мәселені көтерген.

В сборнике документов, выпущенном Управлением архивов Восточно-Казахстанской области под названием «Торговые связи Семипалатинского Прииртышья (XVIII – начало XX вв.)», представлены архивные материалы. Они отражают роль Семипалатинского Прииртышья и его административного центра – города Семипалатинска в развитии внутренней и внешней торговли, которая занимает важное место в отношениях с Россией, странами Средней Азии и Китайской Народной Республикой (Торговые, 2004).

1960-1980 жылдардың арасында атап айтқанда, Ресейдің Азиялық бөлігіндегі қалалардың салыстырмалы-экономикалық дамуын зерттеу айтарлықтай жанданды. Белгілі бір қозғалыстар XIX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың басында Дала өлкесінің уездік қалаларының әлеуметтік-

экономикалық және мәдени дамуын қамтуда да орын алды. Авторлардың бір тобы оның жеке сюжеттерін (*демографиялық процестер, уездік қалалардың экономикалық дамуы және т.б.*) зерттеумен тікелей немесе бір уақытта айналысты. Мысалы, Н. В. Алексеенко (Алексеенко, 1981), Н. Е. Бекмаханова (Бекмаханова, 1986), В. С. Черников (Черников, 1985) өз жұмыстарында солтүстік және шығыс Қазақстандағы қалалық елді мекендерінің саны, әлеуметтік және ұлттық құрамы мәселелерін қозғаса С. А. Сүндетов (Сүндетов, 1969), Ж. К. Қасымбаев (Қасымбаев, 1981) және Г. Чуланов (Чуланов, 1960) Дала өлкесінің уездік орталықтардың сауда-өнеркәсіптік дамуына қатысты кейбір мәліметтерді ғылыми айналымға енгізді

Кеңес заманының қазақстандық тарихнамасында, ең алдымен, Е.Б. Бекмахановтың (Бекмаханов, 1957), Т. Ж. Шоинбаевтың (Шоинбаев, 1982) еңбектерінде Шығыс Қазақстан қалаларының көпестер тарихы бойынша шағын нақты материалдар бар. Осы кезеңнің авторлары Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен, Орта Азиямен сауда байланыстарын орнату мәселелерін Қазақстанның Ресейге қосылуының негізгі процестерін зерттеу тұрғысынан қарастырды.

Уездік елді-мекендерді зерттеу бойынша жұмыстарды жандандыру нәтижесінде алғашқы жалпылама еңбектерді жазуға күш салынды. 1990 жылы Ж. Қ. Қасымбаевтың «Города Восточного Казахстана в 1861–1917 гг. (Социально-экономический аспект)» еңбегі жарық көрді. Автор капиталистік жаңғырту кезеңінде бұрын Шығыс Қазақстан қалаларының әкімшілік функциялары шаруашылық функцияларымен көбірек үйлеседі деген қорытындыға келді. Ол қалалардың экономикалық маңыздылығының өсуінің негізгі факторы ретінде сауданың дамуын қарастырды, оның рөлі өнеркәсіптік өндірістен әлдеқайда жоғары деп тұжырым жасады. Шығыс Қазақстан қалаларындағы шаруашылық өмірдің жандануы, Ж.Қ. Қасымбаевтың пікірінше, қала халқының құрамының өзгеруіне өз ықпалын тигізді, атап айтқанда, көпестер мен мешандар тобының ұлғаюына ықпал етті. Еңбекте Зайсан қаласының 1861-1917 жылдардағы даму кезеңі қарастырылған. Еңбек жалпы қалаларға арналса да, Зайсанға байланысты біршама деректерді табамыз. Бірақ, бұл еңбекте негізінен сауда мәселесі қарастырылып, кәсіпкерліктің бір саласы – кәсіпшілікке белгілі дәрежеде ғана көңіл бөлінген. Тарихнаманың қазіргі кезеңінде қазақстандық тарихшылар ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы Дала өлкесінің уездік қалаларының шаруашылық даму тарихы бойынша жаңа нақты-нақты материалдар жинап, еңбектерді жарыққа шығарды. Атап айтқанда, Ертіс бойы, соның ішінде Зайсан өлкесінің сауда-экономикалық дамуы және кәсіпкерлері туралы М.К. Каримов, М.К. Асылбеков, А.Ф. Даутованың «Шығыс Қазақстандағы қазақ кәсіпкерлігінің дамуы» (Каримов, 2016) атты еңбегі біршама мәліметтер береді. Сонымен қатар, В.З. Галиевтің Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағына арналған орыс тілінде шыққан «Халықты оятқан кітап» («Книга, разбудившая народ») (Галиев, 2011) атты еңбегінде Міржақыптың Зайсандағы оқытушылық жылдары оның көзқарасын сол кездердегі саяси оқиғалармен байланыстыра қарастырады. Аталған еңбекте Зайсандағы бірқатар кәсіпкер-көпестер туралы мағлұматтар берілген.

О.Г.Климовтың «XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Сібір кәсіпкерлігі тарихын зерттеуді ұйымдастыру» атты монографиясы революцияға дейінгі Сібірдегі кәсіпкерлік тарихын зерттеуді ұйымдастыруға арналған. Еңбекте Сібірдегі кәсіпкерлікті зерттеумен айналысатын ғылыми мектептер, сібірлік кәсіпкерлік тарихын игерудің историографиялық жанрлары қарастырылып, кәсіпкерлік пен саудагерлік тарихына арналған сібірлік ғалымдардың еңбектеріне библиографиялық мәліметтер мен историографиялық шолу берілген (Климова, 2021).

А.Ж. Габдулина, К.В. Джумагалиева, Р.Д. Ахметова, Х.А. Аубакировалардың «The History of Development in Industrial Capital the Merchant Dynasty Pleshcheyev in Outskirts Russian Empire» мақаласында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Ресей империясының шет аймақтарының сауда-өнеркәсіптік даму тарихы қарастырған. Авторлар архивтік дереккөздер мен құжаттарға сүйене отырып, Плещеевтер отбасы мысалында қазақ өлкесіндегі өнеркәсіптік-көпестік қызметті зерттеді (Gabdulina et al., 2020).

Б.Ж. Атантаева мен Д. Чунгалов «Роль купцов в становлении Семипалатинска как торгового и промышленного города в XIX – начале XX вв.» мақаласында XIX ғасырдың аяғы–XX ғасырдың басындағы Семей қаласының көпестерінің қызмет тарихы жан-жақты талданады (Atantaeva, Chungalov, 2018).

Семейдің сауда және өнеркәсіп қаласы ретінде қалыптасуындағы жергілікті көпестердің рөлі баса назарға алынады. Б.Ж.Атантаева мен Р.Д. Ахметованың «Татарское купечество Семипалатинской области в XIX - начале XX века» мақаласында Семейдің Ертіс өңірінде татар этносының қалыптасу тарихы зерттеледі. Құжаттық деректер негізінде XIX ғасырда Қазақ даласына татарлардың қоныстануының себептері, татар қоныстарының пайда болу тарихы талқыланған (Atantaeva, Akhmetova, 2019).

А.Ж.Габдулина, К.Ш. Аубакирова, Р.Д.Ахметова, Г.А.Абеновалардың «Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX – early XX centuries: Entrepreneurship and Charity» мақаласында дала аймағындағы көпестердің кәсіпкерлік және қайырымдылық қызметі қарастырылады. Өңірде су сауда жолдарын, сондай-ақ тиісті инфрақұрылымды құру процесіне назар аударылады (Gabdulina et al., 2021).

Шығыс Қазақстанға, оның ішінде Зайсанға қатысты біраз еңбектер жергілікті өлкетанушылардікі. Жергілікті өлкетанушылардың зерттеулерінде тарихи дамуға қатысты мәселелер де көтерілген. Белгілі өлкетанушы С.Черныхтың «Одна но пламенная страсть» (Черных, 1986) және «С берегов Иртыша» (Черных, 1986) деп аталатын еңбектері Зайсан өңіріндегі кәсіпкерлік ісінің дамуынан біршама деректер береді. Ғ.Байбатыровтың «Зайсан тарихы» (Байбатыров, 2003), Қ.Алтыбаевтың «Атамекен Зайсан» (Алтыбаев, 2006), М.Жеңсехановтың «Шежірелі Зайсан» (Жеңсеханов, 2004) атты танымдық еңбектері де Зайсан өңірінің тарихынан сыр шертеді. Бұлардаархив материалдары аз болса да, ауызша тарихқа негізделген біршама деректер бар.

Жалпы алғанда, зерттеу жұмысының жандануына қарамастан, қарастырылып отырған тақырыптың бірқатар маңызды элементтері әлі тиісті қамтылмаған. Қолда бар зерттеулер Зайсан өңіріндегі сауданың әр түрлі

формаларының арақатынасын, олардың осы кезеңдегі өзгерістерін ұсынуға мүмкіндік бермейді. Дәл осындай көрініс ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың басында өңірдің сауда-экономикалық дамуындағы зайсандық көпестер мен кәсіпкерлердің рөлі толық анықталмаған. Мұның бәрі ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы Зайсан өңірінің, оның кәсіпкерлерінің жалпы экономикадағы рөлін одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Нәтижелер

ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басында Қазан және Сібір татарлары Қазақстанның біртұтас Бүкілресейлік нарыққа интеграциялану процесінің белсенді қатысушылары болды, осыған байланысты олардың сауда кәсіпкерлігінің әр түрлері мен нысандарын дамытудағы рөлін зерттеу қызығушылық тудырды. Патша өкіметі қазақ жеріндегі сауда қызметінің барлық экономикалық әлеуетін жақсы түсініп, оны барлық жағынан көтермелей бастайды. 1828-жылы Омбы, Семей, Петропавл көпестері сауда куәлігі болмаса да бөлшек сауда жүргізуге мүмкіндік алады. (Крафт, 1898) Ресей үкіметі қазақ даласындағы сауданы дамыту мақсатында шаралар қабылдады. Мысалы, жергілікті сауданы жеңілдету үшін әртүрлі баждар бірнеше рет алынып тасталды: 1831- жылы Қырғыз терісі мен майынан, 1835-жылы Далаға экспортталған нан, ауылшаруашылық және басқа да темір өнімдерінен. 1845-жылы көпестерге Қырғыз даласында айырбас саудасын бастауға рұқсат берілді (Гибадуллина, 2013).

ХХ ғасырдың басында қазақ өлкесінде капиталистік қатынастардың дамуымен тікелей байланысты сауда кәсіпкерлігі жергілікті тұрғындардың арасында жылдан-жылға өсіп отырды. Қазақтардың сауда кәсіпкерлігіне қатысуы жайлы М. Красовский: «өз уақыты мен капиталын сауда операцияларын жүргізуге арнаған тұлғалар саны өсті, қырғыздар арасында көпестер де пайда болды...», - десе, Г.Колмогоров қазақтардың арасында сауда кәсіпкерлігінің дамуын: «шекаралық қалаларда орыстардың алғашқы қажеттіліктің ұсақ тауарларын сатып алып, болыстар бойынша оларды тасымалдап, қой, тері, елтірі, жүн және т.б. басқа ұсақ-түйекке айырбастай бастады», - деп сипаттады (Асфендияров, 1993: 205-210).

Зайсан көпестері мен кәсіпкерлері жергілікті халықтың сұранысы мен қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында бүкіл Ресей аумағын, әсіресе Сібір мен Орал өңірлерін, сондай-ақ Қытайдың Шәуешек, Құлжа, Қашқар қалаларын, Орта Азиядағы Ташкент, Самарқан, Бұқара секілді ірі сауда орталықтарын аралап, сауда-саттық жүргізіп, түрлі тауарларды жеткізген. Олар сондай-ақ әйгілі Ірбіт, Үркіт, Қоянды, Шар (Қарамолла), Екатеринбург жәрмеңкелеріне тұрақты түрде қатысып отырған.

Көпестер мен кәсіпкерлер жәрмеңкелік сауда орындарында дүкендер ашып, тұрақты сауда жүргізген. Ал Зайсан қаласының қарапайым тұрғындары кіре тарту, керуен айдау сияқты кәсіптермен айналысып, саудагерлерге қызмет көрсеткен (Жапаров, 1998: 54).

Сонымен қатар, Зайсан қаласының өзінде де жәрмеңкелер

ұйымдастырылып, жергілікті халық пен саудагерлер үшін тиімді сауда алаңына айналған. Мәселен, 1901 жылдың 1-10 мамыры аралығында Зайсанда Николь жәрмеңкесі өтті. Бұл жәрмеңкеде 1902 жылы 9 185 рубльдің тауары сатылып, 1901 жылмен салыстырғанда 1 535 рубльге артық табыс әкелді. Сондай-ақ, осы жәрмеңкеде 23 628 рубльге мал сатылып, өткен жылмен салыстырғанда 6 928 рубльге жоғары көрсеткіш тіркелген. Торговые фирмы и купцы Степного края.

XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап Зайсан қаласындағы саудаға ерекше мән беріле бастады. Соның арқасында сауданы дамыту мақсатында жыл сайын мамыр айында өткізілетін Никольск жәрмеңкесіне Орталық Азиядан, Россиядан, Қытайдан, Моңғолиядан саудагерлер келді. Патша үкіметі көршілес Моңғолиямен өзара тиімді сауда байланысын жолға қойды. Цин билеушілерінің наразылығына қарамастан, 1860 жылы Урга қаласында (Улан Батордың бұрынғы аталуы.- Ұ.С.) орыс сауда фирмасы құрылды. Фирма Өскемен, Зайсан, Семей және т.б қалалардың саудагерлерімен байланыс орнатты. Бұл істе «Савва Морозов және оның ұлдары атты» мәскеулік фирма белсенділік көрсетті. 1872 жылы солардың бастамасымен 92 түйе, 30 атқа артылған 45000 рубльдің товары Зайсан постысынан Ургаға жөнелтілді (Қасымбаев, 1990: 49).

Дала өлкесі генерал губернаторының 1886 жылғы есебінде қалалық басқармалар мен уездерде құны 44 509 рубль 25 тиын болатын 3565 сауда құжаттары берілген. (1885 жылмен салыстырғанда 6233 р. 25 тиынға көп.)

Кесте 1 берілген сауда құжаттары облыс аудандары бойынша төмендегідей (ҚР ОМА, Қ.64. Т.1. Іс.299. Б.126-132.)

Кесте 1. Сауда құжаттары.

Аудандар	Құжаттар саны	Құны
Семей	2045	28066 р. 50 т.
Павлодар	449	4777 р.
Өскемен	393	4186 р. 25 т.
Қарқаралы	358	3307 р.
Зайсан	163	2092 р.
Көкпекті	157	2080 р. 50 т.
Барлығы	3565	44509 р. 25 т.

Көрсетілген кезеңде өңірдегі сауда-саттық мәселесінің жанданын байқаймыз. Сондай-ақ, Зайсан өңірі кеңінен тауарға айнала бастаған мал шаруашылығы үшін өте қолайлы болды. Сауданың дамуының нәтижесінде, мал саны 1910 жылы 4755,869 басқа жетіп, мал басы алдыңғы санақтарға қарағанда 391,755 басқа көбейген (ҚР ОМА, Қ.64. Т.1. Іс.5895. Б.15-26.).

Қытаймен, Монғолиямен сауда қатынастары сол кезеңде Зайсан көпестері фирмасының қолында болды. Олар «Ерзин және К» серіктестігі, «Бобкин и К» сауда үйлері және т.б еді. Осылардың біразы қазақ көпестері болатын. Сондай-ақ, зайсандық көпестер Абилханов пен Татанов, т.б. Монғолиямен сауда – саттық байланыстарында үлкен табыстарға жетті. 1911- жылы Зайсандағы

«Ерзин және К» серіктестігі 155 мың сомның саудасын жасап, 140 мың сомның шикізатын және мал сатып алған (Жапаров, 1998: 52).

Сол кезеңдерде зайсандық үй иелері, көпестер, қызметкерлер мен саудагерлер арасында аты белгілі болғандар: Сағидолла Абылханов, Валиулла Анваров, Юсуп Абылханов, Ахметзаки Ахтямов, Сафа Ахтямов, Абдулла Ахтямов, Ғалымжан Әубәкіров, Абдулнаби Ахунов, Хаким Айғозин, Михаил Агапов, Айтхожа Абдурасулходжа, Ғұмар Ахтямов, Мұхаммед Әбдірахманов, Хожаджан Ахунходжаев, Сағындық Әбдірашитов, Мұхаммед Әбдірашитов, Қадырбай Баймұрзин, Токфулла Бикчентаев, Саиднасим Бариев, Ахмед Батрутдинов, Ғабдуллвалий Батрутдинов, Михаил Белоглазов, Макар Боков, Фидеахмет Бобкин, Сәлімжан Бабаев, Федор Боровцев, Мұхамеджан Битраков, Хисамутдин Батыршин, Керімберді Бабаев, Ибрагим Булатов, және т.б. (Галиев, 2011: 111-112).

Жеменей өзенінің бойындағы үш диірмен қала халқын ұнмен қамтамазсыз етіп тұрды. Дображинскийдің сыра зауыты бовр сырасымен (Бавар сырасы. - Ұ.С.) уезді ғана қамтып қоймай, шетке экспортқа шығару дәрежесіне көтерілді. Қалада екі ірі сабын қайнататын зауыт болды. Зайсанға басқа жақтан әкелінген темір рудасын өңдеп, Қытай мен Тибет, Моңғолияға экспортқа темір шығаратын зауыт та жұмыс істеп тұрды. Пима басатын Асташевтің зауыты және біршама үлкен кәсіпорындар болған. Ағаш өңдеу ісі де жақсы дамыды. Зайсан шеберханаларында ағаштан тақтай тілініп, есік, терезе, үй жихаздары жасалынды. Осы кезеңде әйелдердің сәндік әшекейлерін жасайтын қолөнершілердің шеберханалары жұмыс жасады. Қолжетімді шикізат қоры мол өлкеге көз тіккен саудагер - көпестер Зайсан қаласына орналасуға тырысты (Алтыбаев, 2006: 53).

Зайсан кәсіпкерлері қаланың экономкалық дамуымен қатар, рухани-әлеуметтік тұрғысынан да аса мән берген. Қалада мешіт, медресе салдырудан бөлек кітап саудасымен де айналысып, халықтың сауат ашуына да жағдай жасаған. Зайсан қаласында 1904-жылдың қараша айынан бастан кітап саудасының болғанын мына құжаттан көре аламыз. Ол - Көпес Абылхановқа Зайсан қаласында мұсылманша кітап саудасымен айналысуға рұқсат беру туралы іс. Онда 12-қараша 1904 жыл деп көрсетілген. Бұл куәлікте «Бикчентаев және Абылханов» сауда үйінің өкілі, зайсандық көпес Сағидулла Абылхановтың саяси көзқарасының дұрыстығы, сотталмағандығы, тергеуде болмағандығы көрсетілген. Куәлік оған Зайсан қаласында мұсылман тіліндегі кітаптармен сауда жасауға Семей облысының әскери губернаторының рұқсат еткенін растайтын құжат ретінде берілді. Куәлікте 1904 ж. 12 қараша, Зайсан қ., уезд бастығы Бирюков қол қойған (ҚР ОМА, Қ.15. Т.1. Іс.518. Б.2.).

Зайсан қаласындағы жоғарыда аттары аталған және т.б кәсіпкерлердің қоғам өміріне, оның ішінде әлеуметтік-қоғамдық істерге де белсене араласқындықтарын байқаймыз. Осындай құжаттардың бірі - Зайсандағы 1918 жылдың 25-қазанындағы №117 қалалық Думаның отырысынікі. Құжатта Зайсан өңірі бойынша салық инспекторлығының 1919 жылдың 1-қаңтарынан бастап алдағы төрт жылдыққа жергілікті салық округінің кәсіпшілік салығына қатысты төрт мүшесі мен екі орынбасарын сайлау туралы айтылады. Ұсынылған

кандидаттар: Ғұмар Девлеткилдеев, Хасан Ерзин, Лафа Насыров. Ф.П. Казаринов, Мұхамед-Ғалия Сайфуллина, Ибрагим Бикмаев, Хасен Әбілханов, Иван Бойко, П.Н. Волкова, Керімберді Бабаев, Юсуп Хайбуллин, В.Т. Анваров, Ф.А. Бобкин және Хамен Татанов (ҚЗТҚО, Қ.48. Т.1. Іс.95. Б.7.). Аталған кәсіпкерлер құжаттың мазмұны көрсетіп тұрғандай, әлеуметтік- қоғамдық істерге кең араласқандары даусыз.

Сол кездегі Зайсан өңіріндегі көпсалалы кәсіпкерліктің бір бағыты- омарта шаруашылығы. Зайсан жері бал арасын өсіруге қолайлы болды. Себебі далалық-таулы жерлерден тұратын өңірде бал беруші өсімдіктер мол болды. Ара шаруашылығы, әсіресе ортаазиялық көпестер тарапынан балға деген сұраныстың өсуіне байланысты үлкен пайда келтірді. Өнім мол жылдарда 10 ұядан 5-10 пұтқа дейін бал, 20 фунттан 1,5 пұтқа дейін балауыз алынды.

Зайсанның балы Ірбіт жәрмеңкесінде де сатылған. Ал, Зайсанда омарта шаруашылығы 1882 жылы геолог-ғалым, өлке зерттеушісі А.С. Хохловтың жергілікті өкіметтен бал арасын өсіруге жер сұрауынан басталады. Ол Зайсан қаласынан онша алыс емес Темірсу бойында омарта шаруашылығының негізін қалайды. Кейінірек ол Теректі өзенінің жағасынан екінші омарта ашады. Көп бал алу үшін түйме жапырақ, көкбасгүл сияқты шырынды өсімдіктерді де егеді. Балды Семей, Өскемен, Омбы, Томск сияқты ірі қалаларға жіберіп саудалаған. Көп ұзамай оның балы зор сұранысқа ие болып, 1893 жылы Зайсан балы Чикагодағы халықаралық көрмеде жоғары баға алады (Байбатыров, 2003: 47). Сол кезеңдегі Зайсанды мекендеген, өңірдің дамуына үлкен үлес қосқан тұлғалардың қатарында халыққа беретін діни руханиятты молда және кәсіпкер ретінде қатар алып жүрген Ахметзяки Ахтямовты айтамыз. Ол кісі 1851-1921 жылдары өмір сүрген. Зайсан қаласында мешіт салдырған, ұлдар мен қыздарға бөлек мектеп аштырған - зиялы қауым өкілдерінің бірі. Молда Ахмед заки Ахтямовтың ата-бабалары қазан бұлғарлары болған. Ол қазанда діни білім алған. Мектептерде мұсылман дінінің негіздерінен сабақ берген. Араб, татар тілдерін жетік меңгерген, орыс, қазақ тілдерінде еркін сөйлеген. Ахмедзаки Ахтямовтың ұлы Якуб Ахтямов «Наперекор ударам судьбы» деп аталатын естеліктер кітабында әкесінің екі рет Меккеге қажылық жасағанын, Зайсан қаласында мерекелер, үйлену тойлары мен жерлеу рәсімдерін өткізетіндігін баяндаған. Сондай-ақ, діндарлығымен қатар сауда-саттық пен кәсіптің жайын жақсы білген. Зайсандағы кірпіш заводының иесі болған. Үйінде мал-құстар асырап, адамдарды жұмыспен қамтып отырған. Жалпы, Ахтямовтар отбасы өте білімді болған. Түскен табысының көп бөлігін қайырымдылыққа жұмсап, білім-ғылымға ерекше назар аударған. Үйіндегі үлкен кітапханасында діни және көркем әдебиеттер бірнеше тілдерде болған. Ахмедзаки қалада татар кітапханасына заманауи әдебиеттер мен оқулықтардың түсуін үнемі қадағалап отырды (Ахтямов, 1997: 6-20). Дегенмен Ахмет Закидың діндарлығы мен зиялылығы сол кездегі өкіметке ұнамайды.

Томск және Семей губерниялары епископының Батыс-Сібір генерал губернаторына 1893 жылы жазған хатында Зайсанда қазақ балаларына арналған арнайы ауыл шаруашылық мектебі бар екендігі айтылады. Ол мектепте басшылық тарапынан «Құдай» сөзін» яғни, христиан дінін насихаттау жүзеге

асырылу керек еді. Бірақ, жергілікті мұсылмандар шариғат заңдарын оқыту үшін молданы шақыруды талап етеді. Мешіттердің жанында татар мектептері болғандықтан, татарлардың барлығы сауатты. Мешіт пен медреселерді басқарып отырған Ахмет Заки Ахтямовты жер аудартып, мешітті сүріп тастауды және мешітке қарайтын 4 татар мектебін жабуды сұрайды. (Ф. 64. Оп.1. Д.3155. Св. 204. Л. 34). Епископтың ұсынысы қанағаттандырылмай, Ахмет Зәки өз қызметін жалғастыра береді.

1918 жылы Зайсан қаласында Кеңес үкіметі орнады. Оның орнағаны туралы горнизонның үндеуі көпес Бекчентаев Тухфатулланың жарияланды. Кейіннен кеңестік билік зайсандық көпестердің мал-мүлкін тәркілеп, қамауға ала бастайды. Олардың ішінде Ахтямовтар әулеті де болды. Ахмедзаки Ахтямов әйелі мен балаларын Ташкентке жіберіп, өзі уақытша Зайсанда қалады. Бірақ, 1921 жылы Ахметзаки Ахтямов қамауға алынып, Сібірге айдалады. Жолда қайтыс болып, денесі көмілмеген қалпы қардың астында қалады. Сол кезеңде адам тағдырының осындай аяқасты болуы орнаған тоталитарлық жүйенің көрінісі деуге болады (Кумарова, 2010).

Тек Зайсан өңірі ғана емес, сол кездегі Семей облысына мәлім болған тұлғалардың бірі - ірі саудагер Пидахмет Бобкин. 1863 жылы Зайсан жерінде дүниеге келген. Оның кәсіпкерлік қызметі 1890-1920 жылдары аралығына сәйкес келеді. Кәсіпкерлігін саудамен бастаған ол, кейін келе Зайсанда тері өңдеу зауытын ашып, өз өнімдерін Ресейдің Нижегород жәрмеңкесіне шығаруға дейінгі дәрежеге жеткен. Оның былғарыларының, әсіресе шегірен және сүрік деген түрлерінің даңқы Қытай мен Моңғолия сияқты елдерге де жайылған.

Тегі, орыстарға оның тегін Бәбікенов деп атаудан гөрі, Бобкин деп атау оңай болса керек. Фида Ахметович деп бөліп айтатын есімді де оған орыстар берген. Өзі оған қарсы болмағандықтан, орыс әріптестері оны Бобкин Фида Ахметович деген көрінеді.

Бобкиннің саудасы берекелі болды. Жыл сайын ол Нижегород жәрмеңкесіне баратын. Ресейлік атақты көпестер Морозовтар жәрмеңкеде ол әкелген терілерді, бағалы аң терілерін сатып алса, Фида Ахметович олардан елге қажетті тауарларын алып, параходқа тиеп, су жолымен Зайсанға жеткізетін. Кейде қажетті тауарларды алуға Пидахметтің қаражаты жетпей жатқанда, Морозовтар оған еш кепілдіксіз қарыз беретін болған. Олар Бобкинге күмәнсіз сенген. Бидахмет те бұлардың ойынан шығып отырған. Осыған қарап, біздер Бидахмет сияқты қазақ кәсіпкерінің үлкен адамгершілік сияқты қасиетімен бірге кемел ақылын да көреміз. Зайсандағы бір кезде бүкіл елге мәлім болған былғары зауытын ашуды Пидахметке ұсынған және оған ақша қосып, компаньон болған атақты Савва Морозов екендігін бүгіндері кешегі күнге дейін көзі тірі болған, Бидахметтің қызы Айшадан туатын жиені, Бекмұхамет указдың немересі, белгілі қазақ ғалымы Ермұхан Бекмахановтың жұбайы, Алматыда тұрған марқұм Халима апай айтып отыратын.

Нижгородтағы жәрмеңкеге Бобкин өзінің үлкен қызы Айшаны бірге ала баратын көрінеді. Айша білімді, орыс тілін жақсы білетін, баспа машинкасында жұмыс істей алатын, әкесіне ісқағаздарын жүргізуге көмектесетін алғыр адам болыпты. Ал Пидахмет Бобкиннің өзі еш жерде оқыған емес, өз бетімен қазақ,

орыс тілдерінде оқып-жазуды, саудаға керекті математиканы меңгерген кісі болған. Өзі білім ала алмаған соң тек балаларының ғана емес, өз халқының да сауатты болуына көңіл бөлген адам. 1912 жылғы «Айқап» журналының №14 санында «Зайсан қазақтары мектеп салуға қаржы жинау шараларын ұйымдастырды. Пидрахмет Бобкин бұл шараға 500 сом бөлді», - деп жазылған. Сонымен бірге Пидрахмет Бобкин қолы ашық, жомарт адам да болыпты. Өзінен көмек сұрап келгендердің ешқайсысынан да көмегін аямаған көрінеді. Бірінің оқуын төлеп берсе, тағы біреуге Зайсаннан Семейге параходпен жетуі үшін ақша беретіні және т.б да көптеген игілікті істерге мұрындық болатыны бүгінге дейін ел жадында. (Большая, 2011).

Кеңес өкіметі орнау қарсаңындағы қым-қуыт аласапыран жағдайға байланысты 1920 жылы Бобкиннің жанұясы Монғолияға кетуге мәжбүр болған еді. Онда аз уақыт болып, Зайсанға қайтып келсе, мұнда большевиктер кеңес өкіметін орнатып жатады. Бобкиннің жанұясы алдымен Семейге, кейін Өзбекстан, Қарақалпақстанға кетуге мәжбүр болады. Ақыры Ташкентке қоныстанады. 1937 жылы 11- тамызда Өзбек КСР НКВД мемлекеттік қауіпсіздік басқармасы Пидрахмет Бобкинді шетелдің тыңшысы болды деп айыптап, қамауға алады. Пидрахмет ол уақытта 74 жастағы ақсақал болғанымен, НКВД-ның жалған құжаттары бойынша 55 жаста деп көрсетілген. Сонымен қатар, кәрілігіне байланысты есту қабілетінен айырылғанымен, тағы да НКВД құжаттарында дені сау деп жазылған. Яғни, Пидрахметті лагерьлерде ауыр жұмысқа жарамды деп тану үшін жасын өзгерткенін және мүгедектігін жасырғанын байқаймыз.(Балтабаева,2021) Пидрахмет Бобкиннің немересі Халима Бекмухамедова естеліктерінде атасы Пидрахмет Бобкин Ворошиловград қаласына этаппен айдалып бара жатқан жолда қайтыс болғандығын жазады. Пидрахмет Бобкин өмірінің соңында немересіне: «Мен қайтыс болған соң, кедейлерге садақа беруді ұмытпа», - деп өсиет айтқан екен. (Большая, 2011)

Қазақ халқынан шыққан алғашқы кәсіпкерлердің бірі - Пидрахмет Бобкин сынды ел тарихында жақсы істерімен аттары жұртшылықтың жадында қалған азаматтардың игілікті шараларын зерттеу нысандарына айналдыру, оларды дәріптеу және үлгі жасау қажеттілік деп есептейміз.

Ауылына қарап азаматын таны дегендей Зайсан қаласындағы тұлғалардың өмірі бүгінгі бізді бей-жай қалдырмайды. «Адам ұрпағымен мың жасаса, ол келешек үшін», - деген аталы сөзді негізге алған біздерге, сол қатарды өзінің саналы және жасампаз істерімен толықтырған Бабаев Керімбердінің тарих қойнауына сіңген өнегелі істері және жарқын бейнесі бүгінгі ұрпақ үшін қайта жаңғырғандай.

Керімберді мінезінің сабырлығымен, байыптылығымен, елге жасаған қайырымдылығымен елдің есінде қалған. Қол астындағылармен қарым-қатынасы адамгершіліктің шегінен шықпаған. Табырда қарамағында істеген бір ақсақалдың айтуынша Керімберді оған Тұғылдан түйемен кірпіш тасып, үй салып беріпті. Содан болар бертіңге дейін шапағаты тиген ақсақалдар оның азаматтығын көздеріне жас алып, жырдай ғып айтып отырады екен.

Бұл жердегі ой- қиын қыстау кезде ағайынға қамқор болу әр қазақтың азаматының қолынан келсе де, ол замандағы қыр қазағы епсіз кезде, ыңғайы

келмейтін сауданың кілтін тауып, Мәскеу мен Ірбіт барған, жоқ-жітікке жәрдем беріп, замандастарының ықыласына бөленген тұлғаның меценаттық қыры. Ол кездері татар байлары сияқты, қазақ байларының арасында да ақын-жазушылыққа бейім жандарға қаржылай демеу көрсетіп, еңбектерінің баспа бетіне шығуына септігін тигізу дәстүрге айнала бастаған.

Керімберді Бабаевтың көмегі кезінде өз заманының реалист-ақыны, ұлағатты ағартушысы болған, зайсандық Арғынбек Апашбайұлына да тиген. Қазақ халқының жазба әдебиетінің іргесін қалап, шаңырағын көтерген Абай бастаған ақындардың Зайсан жеріндегі өнегесін жалғастырушы, тұлғалы ақындардың бірі - Арғынбек Апашбайұлы алғашында Зайсандағы татар көпестеріне, одан орыс жемтемір-барлаушыларына жалданып, қызмет жасапты. Осы кісінің дарынын көрген және досы болған Керімберді оның қисса-дастандарын Қазандағы Шәмшиден Құсайыновтың баспасына жіберттіріп тұрған (Кәрімхан, 2022).

Осындай көмекті Керімберді кезінде Қытай Алтайында тұрған досы Ақыт қажы Үлімжіұлына да көрсеткен көрінеді (Арыққарықызы, 2009: 17).

Оның еңбектерін де Қазанда бастыртқан. Соған қатысты Ақыттың мына өлең жолдары да сақталған. Онда:

«Кәрімберді Бабаев – Зайсандағы танысы.

Алтай жұрты, Өр керей,

Баспаға сөзім жете алмай,

Өттең жердің алысы...

Кәрімберді, Сәлімжан,

Зайсанский Бабаев – Алтайға мәлім саудагер,

Таниды тәмам халайық.-делінеді (Қарамсақов, 1987: 81-92).

Шәкәрімнің: «Тарих-мәңгілік. Ол өткеннің тазасын, жарамдысын алмақ. Жаңа заман тарихтың тазасына, асылына орнамақ» дегеніндей адал еңбек пен ар-ұжданды ұран етіп, оны кейінгі ұрпағына мұра еткен тұлғалардың кетпен ұстаса да, атқа мінсе де ел мен жер үшін еңбек еткені қашанда көңілге медеу. Қорытынды.

XIX ғасырдың екінші жартысында – XX ғасырдың басында кәсіпкерлік ісінің алғышарттары Зайсан өңірінде жедел қарқынмен даму үстінде болды. Аймақтың экономикалық-әлеуметтік дамуының ерекшелектері, сонымен қатар жүргізіліп отырған отарлық саясат, сөзсіз, жергілікті кәсіпкерліктің қалыптасу үрдісіне және дамуына өз ізін қалдырды. Қалай болғанда да Зайсан өңірі әлемді қамтыған нарық қатынастарының дамуында шеткері қалған жоқ. Қайта ол үрдістің үнемі даму үстіндегі бір бөлшегі болды.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақ жерлерінің, оның ішінде Зайсан атырабының Орталық Азиядағы дамып отырған нарық қатынастарының негізіндегі саяси және сауда-экономикалық айналымға енуі жергілікті тұрғындардың дәстүрлі өміріне де үлкен өзгерістер әкелді. Көпестердің, өндіріс кәсіпкерлерінің іскерлігі Зайсан қаласының және оған қарасты өңірдің

инфрокұрылымына, өркендеуіне және оның сауда нарығындағы позицияларының нығаюына жағымды ықпал етті.

Әдебиеттер тізімі

Абай облысының мемлекеттік архиві. Қ.48. Т.1. Іс.95. Б.7

Алексеев Н.В. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав, 1870–1914 гг.). – Алма-Ата, 1981.

Алтыбаев Қ. Атамекен Зайсан. - Өскемен: Реклама-Дайджест, 2006. - 505б.

Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен), 2-ое издание. – Алма-Ата: Казак университеты, 1993. – 304 с.

Арыққарықызы Е. Моңғол қазақтары поэзиясы және ақын Кәкей Жаңжұнұлы, зерттеу. – Алматы: Ақотау баспасы, 2009. - 208 б.

Ахтямов Я. Наперекор ударам судьбы. – Челябинск, 1997. – 159 с.

Байбатыров Ғ. Зайсан тарихы: оқулыққа қосымша. - Өскемен, 2003. - 180 б.

Балтабаева К.Н. Пидахмет Бобкин и его потомки//Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы 2021.№ 3 (27). URL: <file:///C:/Users/Ulzhana/Downloads/%D0%9F%D0%98%D0%94%D0%90%D0%A5%D0%9C%D0%95%D0%A2+%D0%91%D0%9E%D0%91%D0%9A%D0%98%D0%9D+%D0%98+%D0%95%D0%93%D0%9E+%D0%9F%D0%9E%D0%A2%D0%9E%D0%9C%D0%9A%D0%98+.pdf>

Бекмаханов Е. Б. Присоединение Казахстана к России. – Москва: Изд-во Академии наук СССР, 1957.— 324 с.

Бекмаханова Н.Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма (60-е годы XIX в. – 1917 г.). – М.: 1986.

Большая семья Пидахмета Бобкина. – Алматы, 2011. – 52 с.

Галиев В.З. Книга, разбудившая народ: разыскания о Мыржакыпе Дулатове и его сборнике «Проснись, казах!» - Алматы: Мектеп, 2011. – 525 с.

Гибадуллина Э.М. Татарские торговцы в Семипалатинской области Казахстана во второй половине XIX-начале XX вв. //Балтийский гуманитарный журнал. 2013. № 4 .70б.

Жапаров Б. Зайсан асулары: тарихи-публицистикалық очерктер / Жапаров Б., Түлкин Р., Құдабаев Б., Майкөбекова М. – Алматы: Баспа, 1998. – 190б.

Жеңсеханов М. Шежірелі Зайсан. - Семей: Азербайбаева К., 2004. - 158 б. Зайсанская котловина и Тарбағатай. Т. 81. В. А. Хахлов – Известия

Томского государственного университета. — 1928. — 1-157 с.

Записки де ла Невилля о Московии. Невилль де ла. 1689 г. Перевод с французского и предисл. А. И. Браудо в 71 т. №9 / Русская старина, 1891.

Каримов М.К. Шығыс Қазақстандағы қазақ кәсіпкерлігінің дамуы (XIX ғасыр – XX ғасырдың басы) / Каримов М.К., Асылбеков М.К., Даутова А.Ф. – Семей: Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің баспасы, 2016 - 252 б.

Касымбаев Ж.К. Из истории развития городской промышленности Восточного Казахстана в начале XX в. Социально-экономические и исторические предпосылки и прогрессивное значение присоединения

Казахстана к России. – Алма-Ата, 1981.

Кәрімхан З. Алыптар алшаң басқан жер I бөлім // Электронды ғылыми журнал «e-history.kz». URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/338835> (жүгінген күні: 22.10.2022).

Краткий обзор внешней торговли через Западную Сибирь в 1851-1860гг.

Записки ИРГО. Кн. 3. Венюков М. – СПб.: 1861. – 161–186 с.

Крафт И. И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898. - 532 с., 161-бет.

Климова О.Г. Организация изучения истории Сибирского предпринимательства второй половины XIX - начала XX в.-Барнаул, 2021.-334б.

Кумарова Б.М. Татарская мечеть города Зайсана // сайт Восточно-Казахстанского областного архитектурно-этнографического и природно ландшафтного музея-заповедника. URL:

https://vkoem.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=421:2010-08-05-05-47-43&catid=85:2010-03-09-10-07-22&Itemid=93 (жүгінген күні: 03.10.2010).

Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық архиві. (ҚР ОМА). Қ.64. Т.1. Іс.299. Б.126-132.

ҚР ОМА, Қ.64. Т.1. Іс.5895. Б.15-26 ҚР ОМА, Қ.15. Т.1. Іс.518. Б.2 Қарамсақов А. Ү. Алтайский. Әбиат Ғахидия. // Шұғыла - №4. – 1987. – 81-92 б.

Қасымбаев Ж.К. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 г. Социально-экономический аспект. – Алма Ата: Ғылым, 1990. – 184 с.

Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные Экспедицией по исследованию степных областей в 13 т. / Свод материалов по киргизскому землепользованию, собранных и разработанных Экспедицией по исследованию степных областей. – СПб., 1898-1906.

Описание Западной Сибири. Т. 3. Сибирско-киргизская степь. Завалишин И. – М: СПб., 1867. – 145 с.

Оспанова Р.Р. Зайсан қаласы мен аттас уезінің қалыптасуы және даму тарихы (1868-1917ж.ж.). Әлеуметтік-экономикалық және мәдени аспектілері: т.ғ.к. дис., 2003.

Оспанова Р.Р. Қазақстан қалаларының тарихы (XIX ғасырдың бірінші жартысы XX ғасырдың басы. Шығыс Қазақстан материалдары негізінде): т.ғ.д. дис., 2007.

Потанин Г.Н. Материалы для истории Сибири. – М., 1867. Радлов В.В. Из Сибири: страницы с дневника. М., 1989. - 749 с.

Семипалатинск и другие города Семипалатинской области. Т. 2. / Живописная Россия, Потанин Г.Н. – СПб.: –1884.

Сундетов С.А. Торговля в Казахстане в начале XX века. Казахстан в канун Октября. – Алма-Ата, 1969.

Торговое движение между Западной Сибирью, Средней Азией и Китайскими владениями. Записки ЗСО ИРГО. Кн. 3. Балкашин Н. – Омск, 1881. – 1-32 с.

Финш О. Путешествие в Западную Сибирь: с рис. в тексте / Финш О., Брэм А. – Москва: М.Н. Лаврова и К°, 1882. – 578 с. Электронная книга. URL:

https://viewer.rusneb.ru/ru/000199_000009_003613785?page=129&rotate=0&theme=white

Черников В.С. Эволюция социального и национального состава населения северных городов Казахстана в XIX – XX вв. Проблемы социально-экономического и этнодемографического развития городов Казахстана. – Алма-Ата, 1985.

Черных С.Е. Одна но пламенная страсть. - Алма-Ата: Казахстан, 1986. – 156с.

Черных С.Е. С берегов Иртыша. - Алма-Ата: Казахстан, 1981. – 287 с.

Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. (Историко-экономический очерк. – Алма-Ата, 1960.

Шоинбаев, Т. Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. – Алма-Ата: Казахстан, 1982. – 279 с.

Atantaeva B.Zh., Chungalov D. Rol' kupcov v stanovlenii Semipalatinska kak torgovogo i promyshlennogo goroda v XIX – nachale XX vv. // Materialy XVI Mezhdunarodnoj nauchno- prakticheskoy konferencii «Innovacionnye processy v nauke i tekhnike XXI veka (Nizhnevartovsk, 20 aprelya 2018 g.), Tom I. - Tyumen' TIU, 2018. – S. 128-131.

Atantaeva B.Zh., Ahmetova R.D. Tatarskoe kupechestvo Semipalatinskoj oblasti v XIX - nachale XX veka // Sibirskoe kupechestvo: istoki, deyatel'nost', nasledie materialy tret'ej Vserossijskoj nauchnoj konferencii. Tomsk, 2019. S. 262-269.

A.Zh. Gabdulina, K.V. Dzhumagaliyeva, R. D. Akhmetova, H. A. Aubakirova, The History of Development in Industrial Capital the Merchant Dynasty Pleshcheyev in Outskirts Russian Empire. A.Zh. //Bylye Gody. 2020 56(2) p.674).

Gabdulina, K.Sh.Aubakirova, R.D.Akhmetova, G.A.Abenova, Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX – early XX centuries: Entrepreneurship and Charity. //Bylye Gody. 2021. 16(2) p.738

Тоты А. Кариева, Ұлжан С. Сайранбекова*

*Научный центр «Отырар кітапханасы» НАО им. Л. Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан
Управление образования Абайской области, Отдел образования города Семей, ИТ-лицей-школа №50, Семей, Казахстан*

ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ, ВНЕСШИЕ ВКЛАД В ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДА ЗАЙСАН (ВТОРАЯ ПОЛОВИНА XIX ВЕКА – НАЧАЛО XX ВЕКА)

Аннотация. Данное исследование посвящено всестороннему анализу формирования и развития предпринимательской деятельности в Зайсанском регионе во второй половине XIX – начале XX века. Расположенный на территории Восточного Казахстана город Зайсан является важным источником сведений по истории предпринимательства в казахской степи. В указанный период такие города и крупные населённые пункты, как Семей, Усть-Каменогорск, Зайсан и Кокпекты, превращались в ведущие торговые центры региона, играя значительную роль в социально-экономической жизни края. Среди них Зайсан выделялся как важный торговый узел.

В ходе исследования рассмотрены основные факторы, повлиявшие на развитие предпринимательства в Зайсане, такие как географическое положение города, его природно-экономические возможности, прохождение водных и сухопутных торговых путей, связи с соседними регионами и приграничными странами. Кроме того, были изучены политическая ситуация в крае, социально-экономические изменения, демографические процессы и динамика этнического состава населения Зайсана, которые также оказали влияние на формирование предпринимательской среды.

В работе всесторонне исследована роль предпринимателей и различных видов промыслов в экономической жизни Зайсана, а также их вклад в развитие инфраструктуры региона. Помимо достижений в торговой и производственной сферах, особое внимание уделено их активному участию в общественной жизни, поддержке образования, вкладу в развитие культуры, меценатской и благотворительной деятельности.

Ключевые слова: Зайсан, предпринимательство, торговля, купцы, ярмарка, татары, история, экономика, личность, культура.

Toty A. Kariyeva, Ulzhan S. Sairanbekova*

the Otyrar Kitaphkhana Scientific Center of the L.N. Gumilyov National Academy of Sciences, Astana, Kazakhstan

Department of Education of Abai Region, Department of Education of Semey City, IT School-Lyceum No.50, Semey, Kazakhstan

ENTREPRENEURS WHO CONTRIBUTED TO THE TRADE AND ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE CITY OF ZAISAN (SECOND HALF OF THE 19th CENTURY – EARLY 20th CENTURY)

Abstract. This research focuses on a comprehensive analysis of the formation and development of entrepreneurial activity in the Zaysan region during the second half of the 19th century and the early 20th century. Located in the territory of East Kazakhstan, the city of Zaysan serves as an important source for studying the history of entrepreneurship in the Kazakh steppe. During this period, cities and large settlements such as Semey, Ust-Kamenogorsk, Zaysan, and Kökpekti became major trade centers of the region, playing a significant role in its socio-economic life. Among them, Zaysan stood out as an important commercial hub.

The study examines the main factors that influenced the development of entrepreneurship in Zaysan, including the city's geographical location, its natural and economic potential, the routes of water and land trade paths passing through the area, as well as its connections with neighboring regions and border countries. In addition, political conditions, socio-economic changes, demographic processes, and shifts in the ethnic composition of Zaysan's population were analyzed as key phenomena affecting the emergence of the entrepreneurial environment.

The research provides a detailed analysis of the role of entrepreneurs and various types of crafts in the economic life of Zaysan, as well as their contribution to the development of regional infrastructure. Along with achievements in trade and production, particular attention is given to their active involvement in public life, support for education, contribution to cultural development, and their philanthropic and charitable activities.

Keywords: Zaisan, entrepreneurship, trade, merchants, fair, Tatars, history, economy, personality, culture.

References

Abai oblysynyn memlekettik arhivi. K.48. T.1. Is.95. B.7

Alekseenko N.V. Naselenie dorevoliucionnogo Kazahstana (chislennost', razmeshhenie, sostav, 1870–1914 gg.). – Alma-Ata, 1981.

Altybaev K. Atameken Zaisan. - Oskemen: Reklama-Daidzhest, 2006. - 505 b.

Acfendiiarov C.D. Ictoriia Kazahstana (с древнейших времен), 2-oe izdanie. – Alma-Ata: Kazak univercitety, 1993. – 304 c.

Arykkarykyzy E. Mongol kazakqtary poieziiasy zhane akyn Kakei Zhanzhunuly, zertteu. – Almaty: Akotau baspasy, 2009. - 208 b.

Atantaeva B.Zh., Chungalov D. Rol' kupcov v stanovlenii Semipalatinska kak torgovogo i promyshlennogo goroda v XIX – nachale XX vv. // Materialy XVI Mezhdunarodnoj nauchno- prakticheskoy konferencii «Innovacionnye processy v nauke i tekhnike XXI veka (Nizhnevartovsk, 20 aprelya 2018 g.), Tom I. - Tyumen' TIU, 2018. – S. 128-131.

Ahtiamov Ja. Naperekor udaram sud'by. – Cheliabinsk, 1997. – 159 s. (A.Zh. Gabdulina,, K.V. Dzhumagaliyeva, R. D. Akhmetova, H. A. Aubakirova, The History of Development in Industrial Capital the Merchant Dynasty Pleshcheyev in Outskirts Russian Empire. A.Zh. //Bylye Gody. 2020 56(2) p.674).

Baibatyrov G. Zaisan tarihy: okulykka kosymsha. - Oskemen, 2003. - 180 b. Baltabaeva K.N. Pidahmet Bobkin i ego potomki//Yelektronnyj nauchnyi zhurnal «edu.e-history.kz» yelektrondyk gylymi zhurnaly 2021.№ 3 (27). URL: <file:///C:/Users/Ulzhan/Downloads/%D0%9F%D0%98%D0%94%D0%90%D0%A5%D0%9C%D0%95%D0%A2+%D0%91%D0%9E%D0%91%D0%9A%D0%98%D0%9D+%D0%98+%D0%95%D0%93%D0%9E+%D0%9F%D0%9E%D0%A2%D0%9E%D0%9C%D0%9A%D0%98+.pdf>

Bekmahanov E. B. Prisoedinenie Kazahstana k Rossii. – Moskva: Izd- vo Akademii nauk SSSR, 1957.— 324 s.

Bekmahanova N.E. Mnogonacional'noe naselenie Kazahstana i Kirgizii v iepohu kapitalizma (60-e gody XIX v. – 1917 g.). – M.: 1986.

Bol'shaja sem'ja Pidahmeta Bobkina. – Almaty, 2011. – 52 s.

Galiev V. Z. Kniga, razbudivshaja narod: razyskanija o Myrzhakype Dulatove i ego sbornike «Prosnis', kazah!» - Almaty: Mektep, 2011. – 525 s.

Gibadullina Je.M. Tatarckie torgovcy v Cemipalatinckoj oblacti Kazahctana vo vtoroj polovine XIX-nachale XX vv. //Baltijckij humanitarnyj zhurnal. 2013. № 470b.

Gabdulina, K.Sh.Aubakirova, R.D.Akhmetova, G.A.Abenova, Merchants of the Steppe Region in the second half of the XIX – early XX centuries: Entrepreneurship and Charity. //Bylye Gody. 2021. 16(2) p.738

Zhaparov B. Zaisan asulary: tarihi-publicistikalyk ocherkter / Zhaparov B., Tylkin

R., Kudabaev B., Maikobekova M. – Almaty: Baspa, 1998. – 190b. Zhensehanov M. Shezhireli Zaisan. - Semei: Azerbaeva K., 2004. - 158 b.

Zaisanskaia kotlovina i Tarbagatai. T. 81. V. A. Hahlov – Izvestiia Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. — 1928. — 1-157 s.

Zapiski de la Nevillja o Moskovii. Nevill' de la. 1689 g. Perevod s francuzskogo i predisl. A. I. Braudo v 71 t. №9 / Russkaja starina, 1891.

Karimov M.K. Shygys Kazakstandagy kazak kasipkerliginin damuy (HIH gasyr – HH gasyrdyn basy) / Karimov M.K., Asylbekov M.K., Dautova A.F. – Semei: Semei kalasynyn Shakarim atyndagy memlekettik universitetinin baspasy, 2016 - 252 b.

Kasymbaev Zh.K. Iz istorii razvitiia gorodskoi promyshlennosti Vostochnogo

Kazahstana v nachale HH v. Social'no-iekonomicheskie i istoricheskie predposylki i progressivnoe znachenie prisoedineniia Kazahstana k Rossii. – Alma-Ata, 1981.

Karimhan Z. Alyptar alshan baskan zher I bolim // Yelektrondy gylymi zhurnal «e-history.kz». URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/338835> (zhygingen kyini: 22.10.2022).

Kratkij obzor vneshnej trgovli cherez Zapadnuju Sibir' v 1851–1860 gg. Zapiski IRGO. Kn. 3. Venjukov M. – SPb.: 1861. – 161–186 s.

Kraft I. I. Cbornik uzakonenij o kirgizah ctepyh oblactej. Orenburg, 1898. - 532 c., 161-bet.

Klimova O.G. Organizacija izuchenija istorii Sibirskogo predprinimatel'sta vtoroj poloviny XIX - nachala XX v.-Barnaul, 2021.-334b.

Kumarova B.M. Tatarskaja mechet' goroda Zajsana // sayt Vostochno-Kazahstanskogo oblastnogo arhitekturno-jetnograficheskogo i prirodno-landshaftnogo muzeja-zapovednika. URL:https://vkoem.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=421:2010-08-05-05-47-43&catid=85:2010-03-09-10-07-22&Itemid=93 (zhygingkyini: 03.10.2010).

Kazakstan Respublikasynyn memlekettik ortalyk arhivi. (KR OMA). K.64. T.1. Is.299. B.126-132.

KR OMA, K.64. T.1. Is.5895. B.15-26

KR OMA, K.15. T.1. Is.518. B.2

Karamsakov A. Y. Altajskij. Abiat Gahidija. // Shugyla - №4. – 1987. – 81-92 b.

Kasymbaev Zh.K. Goroda Vostochnogo Kazahstana v 1861-1917 g. Social'no-jekonomicheskij aspekt. – Alma Ata: Fylym, 1990. – 184 s.

Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniju, sobrannye i razrabotannye Jekspediciej po issledovaniju stepnyh oblastej v 13 t. / Svod materialov po kirgizskomu zemlepol'zovaniju, sobrannyh i razrabotannyh Jekspediciej po issledovaniju stepnyh oblastej. – SPb., 1898-1906.

Opisanie Zapadnoj Sibiri. T. 3. Sibirsko-kirgizskaja step'. Zavalishin I. – M: SPb., 1867. – 145 s.

Ospanova R.R. Zaisan kalasy men attas uezinin kalyptasuy zhane damu tarihy (1868-1917zh.zh.). Əleumettik-jekonomikalık zhəne mədeni aspektleri: t.ғ.к. dis., 2003.

Ospanova R.R. Kazakstan kalalarynyn tarihy (HIH ғасырдың бірінші зһартысы XX ғасырдың басы. Shygys Kazakstan materialdary negizinde): t.ғ.д. dis., 2007.

Potanin G.N. Materialy dlja istorii Sibiri. – M., 1867.

Radlov V.V. Iz Sibiri: stranicy s dnevnika. M., 1989. - 749 s.

Semipalatinsk i drugie goroda Semipalatinskoj oblasti. T. 2. / Zhivopisnaja Rossija, Potanin G.N. – SPb.: –1884.

Sundetov S.A. Torgovlja v Kazahstane v nachale HH veka. Kazahstan v kanun Oktjabrja. – Alma-Ata, 1969.

Torgovoe dvizhenie mezhdju Zapadnoj Sibir'ju, Srednej Aziej i Kitajskimi vladenijami. Zapiski ZSO IRGO. Kn. 3. Balkashin N. – Omsk, 1881. – 1-32 s.

Finsh O. Puteshestvie v Zapadnuju Sibir': s ris. v tekste / Finsh O., Brjem A. – Moskva: M.N. Lavrova i K, 1882. – 578 s. Jelektronnaja kniga. URL:

https://viewer.rusneb.ru/ru/000199_000009_003613785?page=129&rotate=0&theme=white

Chernikov V.S. Jevoljucija social'nogo i nacional'nogo sostava naselenija severnyh gorodov Kazahstana v XIX – HH vv. Problemy social'no- jekonomicheskogo i jetnodemograficheskogo razvitija gorodov Kazahstana. – Alma-Ata, 1985.

Chernyh S.E. Odnа no plamennaja strast'. - Alma-Ata: Kazahstan, 1986. – 156s.

Chernyh S.E. S beregov Irtysha. - Alma-Ata: Kazahstan, 1981. – 287 s.

Chulanov G. Promyshlennost' dorevoljucionnogo Kazahstana. (Istoriko- jekonomicheskij ocherk. – Alma-Ata, 1960.

Shoinbaev, T. Zh. Dobrovol'noe vhozhdenie kazahskih zemel' v sostav Rossii. – Alma-Ata: Kazahstan, 1982. – 279 s.

Авторлар туралы мәлімет

Кариева Тоты Амангельдиевна – тарих ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ КеАҚ «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының бас ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.

Сайранбекова Ұлжан Сайранбекқызы – тарих пәні мұғалімі, Абай облысы білім басқармасы Семей қаласы білім бөлімінің №50 IT-мектеп лицейі, Семей, Қазақстан.

Сведения об авторах

Кариева Тоты Амангельдиевна – кандидат исторических наук, главный научный сотрудник Научного центра «Отырар кітапханасы» НАО

Сайранбекова Ұлжан Сайранбековна – учитель истории, №50 IT-школа-лицей отдела образования города Семей, управление образования Абайской области, Семей, Казахстан.

Information about authors

Karieva Toty Amangeldiyevna – Candidate of historical sciences Chief Researcher at the Otyrar Kitaphana Scientific Center of the L. N. Gumilyov National Academy of Sciences, Astana, Kazakhstan.

Sairanbekova Ulzhan Sairanbekkyzy – history teacher, № 50 IT School-Lyceum, Semey City Education Department, Abai Region Education Administration, Semey, Kazakhstan.

Редакцияға түсті 29.12.2024

Өңдеуден кейін қайта түсті 19.02.2025

Жариялауға қабылданды 29.03.2025

FTAMP 03.20.00

[https://orcid.org/10.53360/3107-0493-2025-1\(3\)-3](https://orcid.org/10.53360/3107-0493-2025-1(3)-3)**МАНАШ ҚОЗЫБАЕВ – ҰЖЫМДАСТЫРУ, АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚУҒЫН-СҮРГІН МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ІРІ ЗЕРТТЕУШІСІ****Құралай Ш. Аубакирова¹, Қымбат Қ. Байсарина²**¹*А.Қ.Құсайнов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, (Астана Қазақстан)*²*Шәкәрім университеті, (Семей, Қазақстан)*E-mail: aub.kuralai@mail.ru¹,F-bkksemey@mail.ru²¹<https://orcid.org/0009-0009-7830-5588>²<https://orcid.org/0000-0002-5911-6716>

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты М. Қозыбаевтың еңбектеріндегі негізгі тақырыптар мен әдістемелік тәсілдерді анықтай отырып, оның ғылыми мұрасын талдап, жүйелеу және ғылыми зерттеу жұмысын жүргізудегі алғашқы қадамдары және Отан тарихын зерттелуіне қосқан үлесін ғылыми тұрғыда талдау. Ғалымның 1985-2002 жылдар аралығында жарық көрген көне заманнан бастап, XX ғасыр басындағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне, 20-50 жылдары кеңестік өкімет тарапынан жүргізілген тәркілеу, ұжымдастыру, қуғын-сүргін нәубетіне, тұлғатануға қатысты еңбектерінің тарих ғылымында алатын орны мен маңызын зерделеп, ғылыми баға беру.

Көрнекті ғалымның бүкіл ғұмыры өз ұлтының тарихын түгендеуге, бүтіндеуге арналды. Ғалым тарих ғылымының негізгі салалары бойынша терең де көлемді зерттеулер жүргізді. Кеңес тарихын зерттеумен ғана шектелмей, өткен тарихымызды қалпына келтіруде ғалым Манаш Қозыбаев өлшеусіз үлес қосты. Тәуелсіз Қазақстан концепциясын қалыптастырудағы ролі мен отандық тарих ғылымында М.Қ. Қозыбаевтың ғылыми мұрасы оның ішінде тарих ғылымына қосқан мұрасы қазіргі заман талабына сай кешенді түрде талданды.

Еңбектің деректік негізін Манаш Қабашұлының ғылыми еңбектері: энциклопедиялық жинақтары, монографиялары, мақалалары және ғылыми- публицистикалық жұмыстары, мерзімдік баспасаөз беттерінде жарияланған сұхбаттары құрайды. М.Қозыбаевтың ұйымдастырушылық қабілеті, жылдар бойы жинаған тәжірибесі, терең білімі, болашақты дұрыс бағамдай білуі, алға қойған міндеттерді толық жүзеге асыра білу қабілеті – ғалымның бірден көзге түсетін ерекше қасиеттері еді. Ол тәуелсіздік таңында тұтас тарих ғылымының концепциясын айқындау ісіне жетекші болып, ғылым академиясының қабырғасындағы Тарих және этнология институтында тәуелсіздік тарихын жаңаша ойлап, батыл жазатын тарихшылардың буынын қалыптастырды. Ғалымның тәуелсіздік алғаннан кейінгі ашыла түскендігін оның осы тұстағы жазған еңбектері, көтерген мәселелері мен тұжырымдары айқын көрсетеді. Ғалымның ғылыми мұрасына байланысты көптеген ғалымдар тарихнамалық сипатта пікірлері мен ойларын білдіріп, ғалымның тарихи еңбектері ғалымдар тарапынан жоғары бағаланды. М.Қ. Қозыбаевтың елімізде Отандық тарих ғылымының қалыптасуына, дамуына, оның өзекті мәселелерін шешуге арналған ой- пікірлері, қол жеткен нәтижелері мен қалдырған мол ғылыми мұрасы еңбекте қарастырылып, ғалым ретінде қалыптасуы кезіндегі өмір жолы мен тұлға ретінде қалыптасуына жан-жақты талдау жасалды.

Қорытынды. Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың еңбектерінде Қазақстан тарихының күрделі мәселелері, ақтаңдақтары ақиқат тұрғысынан шешіліп қана қоймай, халықтың ұлттық

санасының оянуына, қалыптасуына үлес қосты.

Кілт сөздер: қазақ тарихы, тарихи сана, ұжымдастыру, ашаршылық, тәркілеу, қуғын-сүргін, ғылыми мұра, тәуелсіздік.

Кіріспе

Манаш Қозыбаев қазақтың көрнекті ғалымы, тарих ғылымының көшбасы болды. Академик Манаш Қозыбаевтың ғылыми еңбектері, оның азаматтық ұстанымы Қазақстанның жаңа мемлекеттілігінің қалыптасуында елеулі рөл атқарды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында М. Қозыбаев елімізде тарихи сананы қалыптастыруға, рухани өмірдің жаңғыруы мен дамуына, ұлтаралық жарасым мен халықтар бірлігін нығайтуға зор үлес қосты. Ол қазақ мемлекеттілігі тарихының, отаршылдық және кеңестік тоталитаризм жағдайындағы Қазақстан тарихының жаңа концептуалдық бағыттарын қалыптастырудың, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың бастау көзінде тұрды. Қазақстанның тәуелсіздігін алғаннан кейін оның ғылыми қызметі жаңа проблемаларды қоюмен ғана емес, сонымен бірге елдің бүкіл тарихи өткенін түсінуде жаңа көзқарасты қалыптастырумен сипатталады. Манаш Қозыбаевтың қазақ тарихнамасына қосқан үлесі ерекше оны төмендегі зерттеулерінен байқауға болады. Манаш Қозыбаевтың басшылығымен Қазақстан халқының тарихи санасын қалыптастыру жөніндегі тұжырымдама әзірленіп, қабылданды. Тарихи сана тұжырымдамасы 1990-шы жылдардың күрделі кезеңінде, отандық тарихтың даму бағыттарын анықтаудың негізі болды. Қазақстан тарихын қайта қарастыруда, Отандық тарихтың түйінді мәселелерін әзірлеуде және қазақстандықтардың тарихи санасын қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. Сонымен қатар, жалпыұлттық бірлікті қалыптастыруға, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бірегейлігін қалыптастыруға, оның егемендігін нығайтуға, азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеуге ықпал етті.

Қазақ тарихын зерттеуге сүбелі үлес қосқан, ұлт тарихын зерттеуге еңбегі сіңген, мемлекетіміздің тәуелсіздігі, азаттық жолындағы күреске толы тарихын зерделеудің көш басында тұрған аса ірі ғалымдарымыздың бірі және бірегейі, мемлекет және қоғам қайраткері. Манаш Қабашұлының тарих ғалымына қосқан үлесін және қоғамдық қызметінің маңызын атап айтуға болады. Ол Республиканың жетекші ғылыми орталығының жетекшісі болды, ағартушылық қызметпен айналысты. Осы тұрғыдан алып қарағанда, академик М.Қозыбаевтың қоғамдық және ғылыми мұрасын зерделеу аталған мәселенің өзектілігін көрсетеді. Сондықтан академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың ғылыми мұрасын зерделеу өзекті мәселе болып табылады.

Талқылау

Академик Манаш Қозыбаевтың отандық тарих дамуына қосқан үлесін көрсететін, ғылыми мұраны бүгінгі күн талабына сай зерделеген еңбектер бар. Сондықтан бүгінгі таңда ғалымның ғылыми мұрасын зерттеу нысанымызға айналып отыр. М.Қ. Қозыбаевтың өмір жолы туралы мақалалар XX шы

ғасырдың 50-60 жылдардан басталады. Ғалымның қазақ тарихнамасына қосқан үлесін төмендегі тарихшылардың зерттеулерден байқауға болады. М.Қозыбаевтың алғашқы редакциялық қадамына және «Қазақстан Коммунистік партиясы Ұлы Отан соғысы жылдарында» атты монографиялық еңбегіне қатысты мақала 1960 жылдары жарыққа шықты (Ахметова, 1964). М.Қозыбаев туралы «Өнегелі өмір» биографиялық энциклопедиясында, «Жұлдызы жанған ғұлама» естеліктер жинағында, «Манаштану мәселелері» сериялық ғылыми жинақтарында, «Жұлдызым менің» автобиографиялық еңбегінде көптеген мағлұматтар берілген. Ұлы ғалым туралы қалам тартып зерттеу жасаған Қ. Алдажұманов, Е. Әбжанов, Б. Аяған, З. Туленова, Е. Күлдібаев еңбектерінде академиктің ғылыми жолы сараланады. Сондай-ақ Манаш Қозыбаев туралы зерттеген Зирабүбі Төленованың «Академик М.Қ. Қозыбаев: өмірі, қоғамдық қызметі және ғылыми мұрасы» атты диссертация, академик М. Асылбековпен бірігіп жазған «Академик М.Қ. Қозыбаев: ғалым, ірі қоғам қайраткері» атауында көлемді монографиялық еңбек атауға болады. Бұл еңбекте Манаш Қозыбаевтың өміріне, ғылыми мұрасына, қоғамдық қызметіне баға берілген. Еңбекте 1916 жылғы көтеріліс, Қазақстандағы Кеңес билігінің орнауы, азамат соғысы, аштық мәселесі, репрессия, 1941-1945 жылдарға тоқталып өткен (Асылбеков, Төленова, 2014). Аталған еңбекте Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы М. Қозыбаевтың қайраткерлік рөлін, ұлт тарихындағы «ақтаңдақтарды» жою мәселелері бойынша идеологиялық комиссия құрамында болған шешімдерін және тарихи сананы қалыптастырудағы ролі жан-жақты талданған.

Қазірге дейін Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың артына қалдырған еңбектері негізінен жинақталып баспадан шықты деуге болады. Ғалымның көзі тірісінде және өмірден өткен соң жазылған «Академик Манаш Қозыбаев» (Пірманов, Қапаева, 2001), «Жұлдызы жанған ғұлама» (Қозыбаев, 2003), «Манаш Қозыбаев өнегелі өмір» (Мұтанов, 2016), сынды еңбектер – ғалым жөніндегі танымымызды тереңдете түскені анық.

Е.Қ. Күлдібаевтың «Манаш Қозыбаев: өмір жолы мен ғылыми мұрасы (1985-2002)» атты монографиялық еңбегінде белгілі тарихшы, академик, ғұлама ғалым, ұстаз, қоғам қайраткері Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың кеңестік және тәуелсіздік кезеңдеріндегі өмір жолдары, қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылық мұрасы жан-жақты талданады. Ғалымның 1985 - 2002 жж. аралығында жарық көрген көне заманнан бастап, XX ғасыр басындағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне, 1920-1950 жылдары кеңестік өкімет тарапынан жүргізілген тәркілеу, ұжымдастыру, қуғын-сүргін науқандарына, Ұлы Отан соғысы тақырыбына, желтоқсан оқиғасына, тұлғатануға қатысты еңбектерінің тарих ғылымы саласындағы маңыздылығы қарастырылып, ғылыми баға беріледі (Күлдібаев, 2018). Жоғарыда аталған еңбектерде тарихшы ғалымның тарих ғылымының кешенді түрде зерттеудегі ғылыми ұйымдастырушылық және қоғамдық қызметіде сараланды.

М. Қозыбаевтың ғылыми мұрасын зерттеудің дерек көздері болып табылатын энциклопедиялық және библиографиялық басылымдарды да атап айтуға болады. Бұл басылымдар оның өмірі, ғылыми еңбектері және тарих ғылымына қосқан үлесі туралы кең ақпарат береді. Сонымен қатар, М.Қ.

Қозыбаевтың ғылыми-шығармашылық мұраларының тарих ғылымында алатын орны халықаралық, республикалық ғылыми конференциялар анықталған.

Тарихшы-ғалым Б.Е.Көмековтің Б.Е. «Айтулы тұлға», З.Е. Қабылдинов «Академик М.Қ. Қозыбаевтың өмірі мен қызметінің жарқын белестері», Қ.С. Алдажұманов Академик М.Қ. «Қозыбаев және Қазақстанда тарихи сананы қалыптастыру үрдісі», М.Х. Абусейтова «Научное наследие академика М.К. Козыбаева по проблемам методологии, историографии национальной истории», А. Кузембайұлы, Е.А. Әбіл «Концепция степной цивилизации М. Козыбаева» және басқада академик М. Қозыбаевтың замандастары мен шәкіртерінің естеліктерін атап көрсетуге болады («Академик Манаш Козыбаев және отан тарихының өзекті мәселелері», 2021). Манаш Қабашұлы Қозыбаев Қазақстанның жетекші тарихшыларының бірі болды және оның ғылыми және қоғамдық қызметі жан-жақты зерттелді. Оның жұмысы мен тарих ғылымына қосқан үлесі туралы зерттеулер бірнеше онжылдықтарды қамтиды.

Матералдар мен әдістер

Мақаланың методологиялық негізіне Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің жаңаша көзқараспен жазу қалыптасқан объективтілік және сыншыл талдау мен сараптау принципі алынды. М. Қозыбаевтың ғылыми мұрасының деректік негізі ретінде зерттеумен еңбектері мен ғалымның «Ұлт», «Тәуелсіздік», «Дала өркениеті» ұғымдарына көзқарастары методологиялық негіз болды. Тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылық қызметін зерттеуге мүмкіндік беретін арнайы тарихи жүйелілік, деректанулық талдау, жинақтау, жүйелеу, түсіндірмелі баяндау, тарихи құбылыстарды бағалау және басқада әдістер қолданылды. Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің тарихына жаңаша көзқарас қалыптасқан қазіргі кезеңдегі объективтілік және сыни тұрғыдан талдау және талдау принципі құрады. Зерттеу жұмысының әдістемесі тарихилық, жүйелілік, салыстырмалы талдау және жалпылау әдістеріне негізделді.

Әр жылдары шыққан библиографиялық материалдарды пайдалану әдістері пайдаланылды. Тарихи тұлғалардың қалыптасуы мен қоғамдық-саяси дамудағы рөлін қарастыратын отандық және шетелдік тарихшылардың еңбектерінде қалыптасқан теориялық-әдістемелік тұжырымдар негізге алынды.

Нәтижелер

Манаш Қабашұлы Қозыбаев – жаңа замандағы және кеңестік Қазақстан тарихы бойынша көптеген мәселелерді зерттеп, ғылымда өзіндік із қалдырған ғалым. Тарихшы-ғалым отандық тарих ғылымының дамуына 800 ғылыми зерттеу дайындап, жариялау арқылы сүбелі үлес қосты. Ғалымның «Ақтаңдақтар ақиқаты»,

«История и современность», екі томдық «Тарих зердесі», «Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски» және басқада жариялаған еңбектері тарихшыларға, әсіресе жас зерттеушілер үшін рухани мұра болып саналады. Қазақстанда тың тұжырымдарды, ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға, төл

дәстүр мен мәдениетті сақтауға бағытталған ғалым еңбектерінің қазіргі кезеңде елде болып жатқан рухани жаңғырулардың басталуына тигізер әсері мол.

М.Қ. Қозыбаевтың өмір жолына тоқталатын блсақ, 1931 жылы 16 қарашада дүниеге келген. 1953 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітіріп, Қостанай педагогикалық институтында ғылыми-педагогикалық жұмысты жүргізді. 1958 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институтына қызметке шақырылып, аға ғылыми қызметкерден тарих ғылымдарының докторы, профессорға дейін көтерілді. 1961-1974 жж. М.Қ.Қозыбаев осы институттың ғылыми хатшысы, кейін Қазақстандағы партия құрылысы тарихы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды

1980 жылдан М.Қ.Қозыбаев Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясын басқарды. Оның басшылығымен осы кезеңде орыс және қазақ тілдерінде 4-томдық «Қазақ ССР» энциклопедиясының, «Алматы», «Қарағанды облысы» энциклопедияларының шығуы секілді іргелі жұмыстар атқарылды.

Осы кезеңде М.Қ. Қозыбаевтың Ұлы Отан соғысының тарихы бойынша Қазақстанның және тұтастай алғанда КСРО-ның шығыс аймағының тарихы мен тарихнамасы бойынша ғылыми зерттеулері Республикада және бүкілодақтық деңгейде жоғары бағаланды. Қазіргі таңда оның «Қазақстан Коммунистік партиясы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы», «Қазақстан – майдан арсеналы», «Ұлы Ерлік» атты монографиялары және екінші дүниежүзілік соғыстағы ұлы Жеңіске қазақстандықтардың қосқан үлесі туралы басқа да еңбектерімен танылды. М.К. Қозыбаев еңбектері мазмұнының тереңдігімен, жан-жақтылығымен ерекшеленді. Бұған КСРО ҒА академигі М.П. Кимнің, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі П.А. Жилиннің, тарих ғылымдарының докторлары А.В. Митрофанованың, Г.А. Куманевтің, И.И. Захаровтың еңбектеріндегі шолулар дәлел. Залесский, В.Г. Анисков, Ю.В. Арутюнян және басқа да атақты кеңес ғалымдарының пікірлері де бар.

1986 жылдың наурыз айынан бастап М.К. Қозыбаев Ш. Уәлиханов атындағы Археология және этнография тарихы институтында тарихнама және деректану бөлімінің меңгерушісі, ал 1988 жылы директоры болып сайланды. Академик М.Қ. Қозыбаев басқаратын институт Қазақстан Республикасы тарихының өзекті мәселелерін әзірлеуде зор үлес қосты. Егемен Қазақстан мемлекетінің құрылуы, халықтың ұлттық сана-сезімінің артуы, кеңестік мемлекеттік жүйенің және коммунистік идеологияның ыдырауы тарих ғылымының қоғамдағы орнын түбегейлі өзгертті. Сол кезден бастап академик М.Қ. Қозыбаевтың жетекшілігімен Қазақстандағы тарих ғылымының негізгі басым бағыттары тарихи зерттеулердің әдіснамасы мен жинақталған тарихи білімдерді қайта бағалау мәселесіне басты назар аударылды. Ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру кезеңінде Қазақстанның басына түскен қасіреттің салдарына тарихи көзқарас тұрғысынан зерттеу нәтижесі 1989 жылы М.Қ. Қозыбаевтың ғалымдармен бірлескен Қазақстан трагедиясының ауқымы туралы мақаласы

«Вопросы истории» журналында алғаш рет жарыққа шықты. Ал 1991-

1992 жж. оның жетекшілігімен 30-жылдардағы ашаршылық пен жаппай саяси қуғын-сүргін жағдайларын зерттейтін арнайы Парламенттік комиссия жұмыс істеді. Қазақстан посткеңестік кеңістіктегі кеңестік тоталитаризмнің тарихы мен оның салдары жан-жақты зерттелген жалғыз мемлекет. 80- жылдардың екінші жартысынан бастап Академик Қозыбаев М.Қ. Республикалық маңызы бар 1930-1940 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын анықтау және ақтау бойынша ауқымды жұмыстарды жүргізеді.

1980-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басы отандық тарихнамада ұлт-азаттық қозғалыс тарихын терең зерделеумен, оның ішінде Кенесары Қасымұлы, Жанқожа Нұрмұхамедов, Әбдіғафар Жанбосынов жетекшілігімен болып өткен қозғалыстар объективті шындықты қалпына келтірумен ерекшеленді. Алаш және Алаш-Орда қозғалыстарының тарихы, қазақ хандығының тарихы, Абылайдың қызметі, қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы Отан соғысы, т.б. бойынша да орасан зор жұмыстар жүргізілді. Ғалымның 1991-2001 жылдары жарық көрген «Жауды шаптым ту байлап», «Ресей тарихының мәселелері: методология, тарихнама және дереккөздер», 2 томдық «Жеңіс үшін еңбек» және басқа да көптеген зерттеулері ұзақ жылғы зерттеудің жемісі болып табылады.

Ұлттық тарих пен тарихнаманың жаңа концептуалды тәсілдерін әзірлеу және анықтау М.Қ. Қозыбаев басқаратын институтқа қазақ және орыс тілдерінде «Қазақстан тарихы ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейін» очерктерін шығаруға мүмкіндік берді. 1993 және 1995 жылдары Қозыбаев «Қазақстанның ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы» академиялық басылымын шығарды. Академик М.Қ. Қозыбаев тарих ғылымына Еуразия кеңістігінде дала өркениетінің дамуы туралы тұжырымдаманы алғаш жасаған ғалым.

М.Қ. Қозыбаев академиялық ғылым мен білім беру жүйесінің дәстүрлі байланысын дамыта отырып, жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындары үшін Қазақстан тарихы бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар дайындады. Оның жетекшілігімен Ұлы Отан соғысында қаза тапқандар туралы «Естелік кітабының» 60-тан астам томдығы жарық көрді. М.Қ. Қозыбаевтың шығармалары ТМД халықтарының тілдеріне аударылып, АҚШ, Ресей, Қытай, Болгария, Германия, Украина, Армения, Молдова, Жапония, Иран және басқа елдерде басылып шықты.

М. Қозыбаев «Тарихтың ащы сабағы» атты еңбегінде: «Жарты ғасырдан астам уақыт бойы тарих ғылымы алдымен сталиндік тоталитарлық жүйе мен тоқырау идеологиясы мен психологиясының шырмауында болып келді», - деп жазып, тарих ғылымы қуғын-сүргін, зобалаң, әкімшілік-әміршілік белең алған кезді бастан кешіргендігін баса көрсетеді (Қозыбаев, 1992:17-18). Ол жеке басқа табыну идеологиясымен қатар, тоқырау кезінде кеңінен етек жайған волюнтаризм мен субъективизмге, рухани жұтаңшылыққа тоқталады. Жалпы, социалистік жүйе 1970 жылдан астам билік құрған кезде қоғамдық-саяси ахуал ауырлаған еді. Бұның көрінісін өкіметтің өктемдігінің артуынан, әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің әдістерінің енгізілуінен, діни шектеуліктен, ұлт халықтарының құқығының аяққа тапталды. Кеңестік саясат қазақ елін әуелі малынан және еркіндігінен айырып, нәтижесінде миллиондаған жазықсыз ауыл

тұрғындары елінен, жерінен айырылды деген тұжырымға келеді. Социализм жүйесінен капиталистік жүйенің үйренген жақтарын да ашып көрсетеді. Халықты қауіпсіздендіру, әлеуметтік қорғау, экономикалық жоспарлау істері осы социализмнен алынғандығын айтады.

М. Қозыбаев атап көрсеткендей, кеңес өкіметінің алғашқы жылдары қазақ қоғамына үлкен зардаптар әкелді. Атап айтқанда XX ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстан басынан өткен азамат соғысы, 1921-1922 жылдардағы ашаршылық, одан кейінгі елді қалпына келтіру жылдары, ұжымдастыру, ұлт саясатының бұрмалануы, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық, қуғын-сүргін саясаты елдің еңсесін түсіргені белгілі. 1920-шы жылдары тоталитарлық жүйе билік орнағаннан кейін қоғам өмірінде орын алған бұрмалаушылықтар мен әіршіл-әкімшіл саясаттың салдары халықтың рухани санасына қайғы-қасірет әкелді. Елдегі орын алған экономикалық және мәдени дамудағы қиындықтар жаңа экономикалық саясаттың тоқталуымен байланысты еді.

Аштық мәселесінің себептері мен зардаптарын Манап Қабашұлы да өзінің мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалары мен газет тілшілеріне берген сұхбаттарында ашып көрсетуге тырысты. Оның есебінше, 1921-1922 жылдардағы аштық қазақтарды демографиялық апатқа әкелген. 1922 жылдың наурызында Қазақстанның батыс және солтүстік аймақтарында 2 миллион 350 мың адам аштыққа ұшырады. Үкімет тарапынан көрсетілген көмек тек қала тұрғындарына ғана жеткен. Ал негізінде бұл қалаларда қазақтардың екі проценті орныққан да, ал дені ауылдарда болған еді.

М.Қ. Қозыбаевтың көрсетуінше, деректерде Орталық Қазақстанға төніп тұрған аштық апатын орталық басшылығы дер кезінде көріп, мән бере білмеген. Орталықтан келген азық-түлік жинаушы Ф.Э. Дзержинскийдің отрядтары Түркістан өлкесі, Ақмола, Семей губернияларындағы еңбекшілердің қолындағы астықты артық деген желеумен күшпен тартып ала берген. Академик “Арқа ажары” газетіне берген сұхбатында Қазақстандағы ең үлкен демографиялық апатқа 1928-1934 жылдар аралығын жатқызады. Осы жылдар аралығында қазақ халқы өзінің жартысынан көбін жоғалтқан. Ғалым бұл кездерде 2,5 миллион халық қырылған деп санайды. Бірақ ол бұл шығыннан көп болуы мүмкін деп, осы жылдарды ең ауыр, нәубет жылдары- деп есептейді (Қозыбаев, 1991).

Ғалымның өзі 30-шы жылдары Қазақстанды аштық жайлаған жылдары дүниеге келіп, оның зардаптарының шетін көрген. Бұл турада 1990 жылғы 8 наурыздағы “Қазақстан мұғалімі” газетіне берген сұхбатында: “Мен 1931 жылы елде коллективтендіру жүріп жатқан кезде, қазақ даласын аштық жайлай бастаған шақта, өмірге келіппін отызыншы жылдардағы ашаршылық жайлы тек әкемнің айтуынан ғана немесе архивтегі документтерден ғана білмеймін, өзім шетін көрдім де. Отызыншы жылдардың аяғы болатын. Бір күні әкеммен бірге келе жатып ескі көндердің ортасынан өттік. Байқап қарасам, жан- жағымыздың барлығы ескі-ескі үйлер. Бірінің төбелері, енді біреулерінің есік, терезелері жоқ. Құдды жаңа ғана көшіп кеткен ауыл сияқты. Әкемнен “Бұл ауылдың адамдары қайда?” деп едім, “балам-ау, бұл ауылдан бір-ақ отбасы тірі қалған, қалғандарының барлығы аштан қырылған”, – деді. Тұла бойым тітіркеніп кетті.

Сөйтсем, мұндай ауылдар өте көп екен ғой. Содан да болар, менің есімде сол жылдар қатты қалды”, - деген еді (Қозыбаев, 1990).

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін бұрындары Ертіс пен Жайық, Орал мен Сібірдегі казак жерлері казак еңбекшілеріне қайтарылып, жер-су реформалары жүргізіле бастады. Манаш Қабашұлы 1926-1927 жылдары Қазақ АКСР-індегі егіндік пен шабындық жерлер қайта бөлініп, бұрындары қанаушылардың қолында болған жерлер тартылып алынғандығын, кооперативтік қозғалыстың өрістей бастағандығын, Республика халқының материалдық әл-ауқатының артқандығын көрсетеді.

1925-1933 жылдар аралығында Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып Ф.И. Голощекиннің келгені белгілі. М. Қозыбаев Голощекиннің өмірбаянын құжаттарға сүйене талдап көрсетті. Ф.И. Голощекинді ғалым Орталық Комитеттің «орындаушы функционері» (атқарушылық қана) деп көрсете отырып, оны былай атауының екі себебін ашып көрсетеді. Оның біріншісі, Голощекинді қиялдың, шапшаң әрекеттің адамы ретінде көрсетуі. Голощекиннің жеке басына тән «шаш ал десең, бас алатын» ұраншылық қасиеттерінің барлығын, сондықтан ол революция жеңісінен кейін де қас пен достықтың аражігін ажырата алмастай дәрежеге жеткендігін айқындайды. Екінші себепке Голощекиннің социализм теориясы мен практикасын сталиндік тұрғыдан бұрмалауын жатқызды. Бұл ретте ғалым Голощекиннің Сталиннің айтқанынан шықпай, дегенін істеген қолшоқпарына айналғандығын баса айтады (Қозыбаев, 1992:206).

Манаш Қабашұлы оның бұл тұжырымына қарсы дәлелді фактілер келтіреді. Қазақстанның дәнді дақылдарының түсімділігі 92 миллионға, ал мал басының 1922 жылмен салыстырғанда 2 есеге өскендігін, тауар айналымының 1923 жылмен салыстырғанда 4 есе өскендігін, 1925 жылдың 1 қыркүйегіне дейін республикада 281 кооперация, 35 колхоз, 96 коммуна, 557 артель мен 58 серіктестіктер бар болғандығын, 13 газет пен 5 журнал шығарылғандығын, 31910 коммунисті біріктіретін бір облыстық, 6 губерниялық және 40 астам уездік партия комитеттері және Қазақстан кәсіподақтарының құрамында 82 мыңнан астам мүшесі болғандығын көрсетеді (Қозыбаев, 1990:73-74).

М. Қозыбаев Голощекин «1925 жылға дейін республикада болған оқиғалардың бәрі Қазақстан мен Республика партия ұйымының шын тарихына кіріспе ғана іспеттес көрінеді деп санағандығын» атап өтті. Сондай- Қазақстан өлкелік комитетінің екінші хатшысы І. Құрамысовта «қазақ ауылын Қазан дауылы сәл ғана желіп өткен, Қазақстанда бірегей коммунистік партия ұйымы жоқ» деген тұжырымды ұстанғандығын, Голощекиннің республиканың саяси және шаруашылық салаларын басқарып отырған көзі ашық азаматтары наразылық білдіргендігін, ондай азаматтардың Голощекиннің тарапынан қудалануға ұшырағандығын баса көрсетті (Қозыбаев, 1992:215-216). «Кіші Қазан» идеясын жүзеге асыруға кіріскендігін, оны И.В. Сталиннің қолдағандығын, Голощекиннің Қазақстанды жеке-дара өзі ғана билеп-төсейтінін жасырмағандығын, оған Сталин мен партияның Орталық Комитеті төтенше шаралар жүргізуге, авантюристік бағытты берік ұстауға рұқсат алғандығын айқындады. М. Қозыбаев БКП(б) Орталық Комитетінің хатшысы

А.А. Андреев қатысқан VI конференцияда Голощекиннің: «Енді мен Қазақстан басшылығы жайында сөз қозғағым келеді. Сіздер Зиновьевтің: Қазақстан Голощекиннің жеке билік құруы үшін басыбайлы берілді, - дегенін білесіздер. Кез келген топтың көсемдері Қазақстанға қарсы шығып байқасын – бір аптаның ішінде күлі көкке ұшырылады»-деп жасаған баяндамасынан үзінді келтіреді (Қозыбаев, 1990:75).

Манаш Қабашұлы Қозыбаев 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың шығуының себебі елді ұжымдастыру мен тәркілеудегі қателіктерден деп есептеді. Ол бұл науқандардың жүргізілу барысы мен жіберілген қателіктерді талдап көрсетуге тырысты. 1929 жылы Қазақстанда 45 миллион мал болғандығын, сол малдың саны 1930 жылдың қаңтар айында төрт жарым миллионға қысқарған (Қозыбаев, 1993).

Ұжымдастыру мен тәркілеу саясаты Голощекин Қазақстанға келгеннен кейін басталған болатын. Тәркілеу мен ұжымдастыруға қатысты 1928 жылдың 27 қазанында Қазақ Атқару Комитеті мен Халық Комитеті және Халық Комиссарлары Кеңесінің қаулысы қабылданды. Манаш Қабашұлы аз уақыт аралығында осы қаулы бойынша 657 байлар тәркіленгендігін айта келе:

«Байларды тәркілеу ауыл шаруашылығын жалпылай коллективтендіруге ұласты. Ауыл шаруашылығын коллективтендірумен қатар көшпелі елді отырықшылыққа отырғызу қатар жүргізілді. Ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі ауылдың дәстүрлі өмірінің ыдырауына әкеліп, ата-бабасы мекендеген ұлан байтақ жайлымы жойылылды» (Қозыбаев, 1993).

Ғалым ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшу жылдам қарқынмен жүргізілгендігін, ұжымдастыру барысында асыра сілтеу, күш қолдану сияқты жәйттердің орын алғандығын, шолақ белсенділер байлардың малын ғана емес, үй жиһаздарын, тіпті тамақ ішетін ыдыстарына дейін тәркілегендігін атап көрсетеді. Астық пен ет салық мөлшерінің көтерілуі шаруалардың жағдайын күйзелтіп жібергендігін, республикада 1931-1932 жылдары астық үшін ел малын етке өткізгендігін, нәтижесінде мал басының азайып, қарсыласқандар сотты болғандығын ашына келтірді. М. Қозыбаевтың көрсетуінше 1932 жылдың ақпанында Қазақстанда 87 процент колхозшылар мен 51,8 жеке шаруашылық тегісінен малынан айырылса, 1933 жылы бүкіл қазақ сахарасында бәр-жоғы 4,5 млн. мал қалған (Қозыбаев, 1993:3).

Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен ҚАКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы» және 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы», 1930 жылғы 19 ақпандағы «Тік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулыларға байланысты зерттеу жөніндегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төралқа комиссиясының жұмысының ұжымдық қорытындысында:

«Қасірет ауқымының ғаламат болғаны сонша, біз оны геноцид саясатының көрінісі деп толық моральдық жауапкершілікпен айта аламыз» дей отырып, осы қаулылар бойынша 696 шаруашылық тәркіленіп, олардың 619-ы өздері тұратын округтен тыс жерлерге жер аударылғандығы, тәркілеу барысында зорлық-

зомбылық, жазалау әрекеттерінің белең алғандығы ашық келтірілді. Аталған комиссия қорытындысында Қазақстанда 1928 жылы барлық шаруашылықтың 2 проценті ұжымдастырылса, ал 1931 жылдың күзінде 70-

100 процентке дейінгі ортақтастыруға ұшыраған аудандардың саны 78-ге жеткен (Қозыбаев, 1993:232- 234) .Автордың «Өркен» газетіне жариялаған «Зобалаңның түп тамыры осындай» деген мақаласында жоғарыда аталған комиссияның негізгі міндетін 1920-шы жылдардың аяғы мен 1930-шы жылдардың басында қазақ халқының басына төнген нәубеттің себептері мен салдарын анықтау деп көрсетеді ғалым (Қозыбаев,1993). Аталған комиссия құрамындағы зерттеушілер құпия болған архив құжаттары мен материалдарын және статистикалық материалдарды, сол кездердегі мерзімді басылымдарды қолдана отырып нәтижесінде кеңейтілген баяндама әзірлеген.

Манаш Қабашұлы комиссия жұмысының қорытындысында Қазақстанда болған қасіреттің шығуына себептері анықталып, оларға баға берілгендігін атап өтеді. Мақалада бұрын барлық зобалаңды тек 1931-1933 жылдардағы ашаршылық пен күштеп ұжымдастырумен ғана байланыстырып келсе, енді оның түп-төркіні 1920-шы жылдарға байланысты екендігін анықталғандығы, мәселен, бай, ауқатты шаруа қожалықтарын жоюға мемлекеттік бағыт алу шеңберінде жүргізілген, шаруаларға қарсы жаппай жазалау шараларына ұласқан науқан екендігі келтірілді (Қозыбаев, 1993).

1928-1932 жылдардағы бірінші бесжылдық кезіндегі ұжымдастыру барысында ғалымның көрсетуінше, Қазақстандағы астық өндіру 9 проценттен 3 процентке дейін азайған. Күштеп қысым көрсету, ауыл шаруашылық өндірісінің құлдырауы халықтың ашықтан ашық наразылығына алып келген. Олар өздерінің қарсылықтарын жол, арық бойындағы астықты ормау, орақтарды әдейілеп бұзумен білдірді. Осындай жәйттерден кейін 1932 жылдың 7 тамызында «Мемлекеттік кәсіпорындар, колхоздар мен кооперациялардағы мүлікті сақтау және қоғамдық меншікті нығайту» турасында үкіметтің заңы шығып, қасақана жасалынған істер болса ату немесе дүние-мүлкін тәркілеу арқылы түрмеге отыру жазасына кесілетіндігі келтірілді.

Ф. Голощекин селолар мен ауылдарға 4800-ден астам өкіл жіберген. Олар жергілікті үкіметтің саясатына наразы болғандарды анықтап, үкімет орындарына хабарлап отырған нәтижесінде М. Қозыбаев көрсеткендей, 1928- 1929 жылдар аралығында ұжымдастыруға, отырықшыландыруға қарсы болған ауыл тұрғындары қатаң жазаланып, бас бостандықтарынан айырылған. М. Қозыбаев «Егемен Қазақстан» газетіне жариялаған «Алыс-жақынды таразыласақ» атты мақаласында зорлық-зомбылық, асыра сілтеу нәтижесінде ашаршылықтың басталғаны, 1930 жылғы есеп бойынша аштықтан 313 мыңнан астам адам өлгендігі, ал 1931 жылы олардың саны 755 мыңға жеткендігі, 1932 жылы 769 мыңнан астам адам өліп немесе шет ел асып кеткендігін, сөйтіп, толық емес мәліметтер бойынша Қазақстанда аштықтан, жұқпалы аурудан 1 750 мың адамдардың қаза болғандығы турасында мәлімет келтірсе (Қозыбаев, Хасанаев, 1993), ал тарих ғылымдарының кандидаты Қ. Алдажұмановпен бірлесе жазған «Қазақ даласына қырғын қалай келді» атты мақаласында 1931-1933 жылдар аралығындағы Қазақстанда болған аштыққа нақтылай тоқталып, оның шығу

себептерін айқындауға тырысады. Бұл жылдар аралығында болған ашаршылық мәселесін ашып айтуға ұзақ жылдар бойы үкімет пен партия тарапынан тыйым салынып, бұл қасіреттің себебін «асыра сілтеу», «колхоз құрылысындағы партия жолын бұрмалаушылық» деп атап келгендігі де баса көрсетілді.

1931-1933 жылдар аралығында орын алған аштықтың нақты себептеріне мыналарды жатқызады: 1920-1930 жылдардағы тоталитарлық жүйе қыспағы, ауыл шаруашылығын күшпен ұжымдастыру, әкімшілдік-әміршілдік билік және т.б. Елдегі қиыншылықтарды көре білген, 1920-1930 жылдары республикада басшы қызметте болған қазақтың зиялы қауым өкілдері қазақтың дәстүрлі шаруашылық жүйесінің шырқын күшпен қиратуға болмайтынын қатты ескерткендігі, А. Байтұрсыновтың 1929 жылы «буржуазиялық Алашорда қайраткері» деп айыпталған тергеу барысында да отырықшылыққа көшу үшін тыңғылықты даярлық қажеттігін баса айтқандығы, жер мәселесіне байланысты Ф. Голощекиннің тұсында республика басшылығында болған Т. Рысқұлов, С. Сәдуақасов, С. Қожанов, Н. Нұрмақов сынды азаматтардың “қазақ жеріне қоныс аударуды доғару” турасында айтқаны үшін Қазақстаннан шеттетілгендігі, ақыры осы зиялылар 1937 жылы «халық жаулары» ретінде жазаланғандығы мақалада фактілермен келтіріледі. Ауыл тұрғындары өмір сүру құқығынан айырылып, аштықтан қиналған елін, жерін тастап ауа көшуі халық санына үлкен зиян келтіргендігі, халыққа жасалынған террор мен зорлық-зомбылық толқулар мен көтерілістерге алып келгендігі белгілі.

1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың шығуына 1928 жылдың 27 тамызында қабылданған «байларды тәркілеу» турасындағы қаулының әсері барлығын да ашып көрсетеді. «... осындай “науқандарда” өзінің өмірлік мүдделері аяққа басылып жатқан жеке адамдар ғана емес, бүтіндей әлеуметтік топтар тап жауы ретінде құртылып жіберілді немесе осы саясаттың құзырына еріксіз мойын ұсынды» дей келе, 1929-1931 жылдары аралығында болған шаруалар көтерілісі кезінде мыңдаған адамдар жауапқа тартылып, қаза болғандығын, ұжымдастыру мен ашаршылық салдарынан жүздеген мың адамдардың республикадан тыс жерлерге кетіп қалғандығын нақтылайды. 1931- 1933 жылдар аралығында Қазақстанда 2 миллион 100 мың адамның опат болғандығын, олардың 1 миллион 750 мыңы қазақтар екендігін архив құжаттарына сүйене отырып дәлелдеген (Қозыбаев, Алдажуманов, 1993:5-7). Н. Мұхамедханұлы «Академик Манап Қозыбаев – тәуелсіздік сананың жаршысы» атты еңбегінде ғалымның ұлттық сананы оятып, тәуелсіздік сананы қалыптастыруға қызметін атап көрсетеді. Ол: «Біз, қазақ халқы көп қуғын-сүргін көргенбіз. Қайғылы «Ақтабан шұбырынды» қазақ жеріне бір ғана келмеді, не сан оралды. Тек XX ғасырда 1916 жылғы ойранда 60 мыңнан астам адам патша жендеттерінің қолынан қаза тапты. Дүркіреп көшкен елдің тозығы ғана Отанға ашығып, тарығып зорға жетті. Қазақстан мен Қытай, Ауған арасында қырылған халықтың есебі жоқ. 1921-1922 жылдарғы аштық 2 миллион 250 мың адамды қармағына іліктірді. 1931-1933 жылдардағы қызыл қырғын 2 миллион 200 мың адамның тағдырын біржолата қиды» –деп жазудағы мақсаты – дербестігінен айырылған халықтың көрген және көретін азабын аңғартуарқылы тәуелсіздікті дәріптеу екені айдан анық. Сондықтан да Манап

Қабашұлы: «Қазақ – неше түрлі қиямет замандарды басынан өткізген халықтардың бірі» - деп көрсеткен еді. (Мұхамедханұлы, 2021:250).

М. Қозыбаев «Парасат» журналына берген сұхбатында аштан өлген сан миллиондаған адамдар рухы бізден тарихи шындықты одан ары қарай жалғастыруды талап ететінін, бұл жұмыс тез бітіре салатын ғана емес, келер ғасырда да жалғасын табатындығын ескертті (Қозыбаев, 1997:1-2). Жалпы аштық мәселесіне байланысты өзінің, Ж. Әбілқожин мен Қ. Алдажұмановтардың авторлықтарымен “Аштық” деп аталатын құжаттар жинағы дайындалды.

1932 жылғы 7 тамыздағы «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздардың және кооперациялардың мүліктерін қорғау және мемлекеттік меншікті нығайту туралы» заң қабылданып, осы заң бойынша сәл кінәсі үшін адамды атып тастау немесе 10 жылға түрмеге жауып, мүлкін тәркілеу әрекеттерінің орын алғандығын, осы заң негізінде алғашқы жылдың өзінде Қазақстанда 33345 адамның сотталғандығы М. Қозыбаев еңбегінде баса келтірілді. Сонымен 1929-1933 жылдар аралығында Бірлескен саяси басқарманың Қазақстан бойынша өкілетті өкілінің үштігінің толық емес мәліметтері бойынша 9805 сот ісі қаралып, 22933 адамға, соның ішінде ең жоғарғы жаза – ату жазасына 3386 адамға үкім шығарылғандығын айқындайды (Қозыбаев, Хасанаев, 1993). Кеңестік үкіметтің аудандар мен ауылдардағы халықтың наразылықтары мен көтерілістерін басуға жазалаушы органдарды кеңінен пайдаланған. Ішкі Істер халық комиссариаты Біріккен мемлекеттік саяси басқарма құрамында қуғын-сүргін шараларын қолдану үшін ерекше кеңес құрылып, осы кеңес арқылы үкіметке қарсы келген «халық жаулары» деп жазаланды.

Кеңес үкіметінің аграрлық салада жүргізген саяси реформаларының қазақ халқына тигізген зардаптарын көрсете келе, бұл мәселенің әлі де болса толықтай зерттеліп, тиісті бағасын алмағандығын, сондықтан жас зерттеушілерге жылдарындағы демографиялық ахуалдарды зерттеуді қолға алу қажеттігін ұсынады. 1920-шы ғасырдың аяғы мен 1930-шы жылдардағы халық басына түскен қасіретке сол кездегі республика басшысы болған Ф.И. Голощекин сөзсіз кінәлі деген қорытындыға келеді (Қозыбаев, 1993).

Тоталитарлық жүйе өзінің әкімшіл-шаруашылық тәртібін зорлық-зомбылық әдістерімен қалыптастырып, жаппай қуғын-сүргінге айналдырды. 1996 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылды «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жариялауы турасындағы Жарлығынан кейін ғалым өзі басқарған институт ұжымымен бірлесе саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылын өткізу жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сталиндік саясаттың құрбанына айналған қазақ азаматтарының неліктен “ұлтшыл”, «буржуазияшыл» болып айыпталып, қуғындалуының себептерін анықтауда арнайы комиссия құрылып, М. Қозыбаев осы комиссияның төрағасының орынбасары міндетін атқарды.

М. Қозыбаев қуғын-сүргіннің шығуының себебін тоталитарлық жүйенің қатаюынан, халықты бір уыста ұстауға тырысуынан деп түсіндірді. Сталин «ұлтшыл» деген терминді бір жексұрын терминге айналдырып, қазақ халқының ұлы тұлғаларына қара күйе жақты. Манап Қабашұлы айтқандай, ұлтшылдыққа қарсы күресемін деп, ұлттық сипаты бар құбылыстарды аяққа басты. М.Қ.

Қозыбаев «ұлтшыл», «ұлттық», «ұлтшылдық» деген үш ұғымды дұрыс түсіну қажеттігін айтады. Оның пікірінше, «ұлтшыл» деген сүйген жан, ұлтына деген сүйіспеншілігі елден ерен, жұрттан бөлек ел баласы. Оның ол сүйіспеншілігі басқа халықтардың жақсы қасиеттерін сыйлаумен астарласады. Ғалым кеңес дәуірі кезінде осы ұлтты сүю ұлтшылдыққа жатқызылғандығын, нәтижесінде қазақтың ұлт мүддесі үшін қызмет еткен зиялылары қудаланып, кеңес үкіметінің тарапынан олардың отбасыларында қуғын-сүргінге ұшырағандығын келтіреді (Қозыбаев, 1997:2).

1930-шы жылдары Қазақстан жазықсыз айыпталып, жазаланған, саяси қудаланғандарды бөліп ұстайтын лагерьге айналған еді. М. Қозыбаев қуғын-сүргін саясаты тоталдық-жалпыламалық бағыт алғандығын, 1929 жылдың өзінде саяси желеумен 56 498 шаруа айыпқа тартылып, оның 32 мыңнан астамы жазаға тартылғандығын, 3-8 жыл мерзімінде 13 151 адам сотталып, лагерьге қамалғандығын айта келе, 1930 жылы концлагерлер үшін 110 мың гектар жер бөлінгендігін келтіреді (Қозыбаев, 1994).

«1930 жылдары Кеңестік Конституция қабылданған кезде Сталин социалистік ұлт, жаңа советтік жұмысшы табы, колхозшы шаруа табы, социалистік интеллигенция қалыптасуы туралы теориялық тұжырымдарға келді. Одақтық республикалар, оның ішінде Қазақстанда қазақ халқының тарихы осы дайын схемаға бағындырылды. «Қазақ халқы 30-жылдардың ортасында социалистік ұлт болып қалыптасты», – деп даурыға бастады. Ал сол кезде халық болса, ұлттық трагедияға ұшырап жатқан еді. Қазақтың азын- аулақ байырғы интеллигенциясы, онан қалды, советтік дәуірде қаулап өсіп келе жатқан социалистік интеллигенцияның бір бөлігі репрессияның құрбаны болды», – деп жаза келе, М. Қозыбаев осы «ақтаңдақ» атанып келген жылдардың қасіретін ашуды үлкен бір мәселелердің қатарына қояды (Қозыбаев, 1992:8).

М.Қ. Қозыбаев Қазақстан тарихнамасында аса өзекті болған XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы ұжымдастыру, тәркілеу, ашаршылық, қуғын-сүргін мәселелерін жіті зерттеп, толымды тұжырымдар жасады. Әсіресе, 1920-шы жылдардағы кеңес үкіметінің жүргізіп отырған саясатының қарапайым халыққа қаншалықты ауыр жүк артып, арты қайырылмас қайғыға толтырғандығын, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру барысында зорлық- зомбылықтың жүргізілгендігін, бюрократтық әдістің үстем болғандығын айқындап берді.

М. Қозыбаев өшпейтін із қалдырды, ғалымның қаламынан 800-ден астам ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер дүниеге келді. Сонымен бірге ол талантты ғалымдардың тұтас бір шоғырын тәрбиелеп шығарды. Оның жетекшілік етуімен 86 ғылым докторлары мен кандидаттары әзірленді. Ғалымның ғылыми мектебі қалыптасты (Көмеков, 2021:16). М. Қозыбаевтың ерекше қамқорылығының арқасында қазақ диаспорасының өкілдері З. Қинаятұлы, И. Қабышұлы, Н. Мұхаметханұлы және т.б. ғалымдар қосылды. Тәуелсіздік жылдарында Манаш Қабашұлы елімізде тарихи сананы қалыптастыруға, рухани өмірдің жаңғыруы мен дамуына ұлтаралық жарасым мен халықтар бірлігін нығайтуға зор үлес қосты. Ол қазақ мемлекеттілігі тарихының, отаршылдық және кеңестік тоталитаризм жағдайындағы Қазақстан тарихының жаңа концептуалдық бағыттарын қалыптастырудың, саяси қуғын-

сүргін құрбандарын ақтаудың бастау көзінде тұрды.

Қазақстан тарихының туын биік көтеріп, тәуелсіздік рухының баянды болуына үлес қосты. Тарихи шындықты жаңғыртқан, бұрынғы жабық тарихтың ақиқатын ашатын «Ермак: аңыз бен ақиқат», «Голощекин және Қазақстан», «Сталин және Қазақстан», «Хрущев және Қазақстан», «Брежнев және Қазақстан» және тағы басқа еңбектері тарихи сананың қалыптасуына үлкен ықпал жасады. Тоталитарлық жүйе тұсында қуғындалып, нәубет құрбанына айналған азаматтарды ақтау барысында тың, тарихи деректерді жинастырып, өзі басқарған “Әділет” қоғамы және тарих институтының ғалымдарымен «Азалы кітап», «Боздақтар» сияқты жинақтарды шығарды. Тарих институтының ғалымдарына «Қазақстан тарихының очерктері», «Қазақстан тарихы» (5 томдық) кітаптарын шығаруда басшылық етіп, бұл басылымдардың жаңа көзқараста жазылуын қадағалады. Академик М. Қозыбаев академиялық ғылымын білім саласымен байланыстыра білді. Орта және жоғары оқу орындарына арнап оқулықтар мен оқу құралдарын жазды. М. Қозыбаев басқарған институт бірнеше шет мемлекеттермен, атап айтқанда Ресей, Қытай, Түркия, Жапония және т.б. елдермен әлі күнге дейін ғылыми байланыс жасауда. Оның басшылығымен Қазақстанның өзекті мәселелеріне арналған бірнеше халықаралық конференциялар өткізілді. Ғалымның ғылыми еңбектері шет мемлекеттерде танымал болды.

Нәтижелер

Манаш Қабашұлы Қозыбаев басқарған Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты тарихымызды қайтадан зерделеуде, тәуелсіз Қазақстанның тарихын жасауда үлкен жұмыстар атқарды. Ресей академиясының тарих институтымен бірігіп, күштеп ұжымдастыру мәселесін қарастыруды қолға алды. Академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың Отан тарихын зерделеуде парасатты жолды ұстанды. Оның тікелей басшылығымен ұлттық тарихымыздың “ақтаңдақ” деп аталып келген мәселелері зерделеніп, көптеген архив қорларындағы деректер ғылыми айналымға енгізілді.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың Қазақстан тарихына қосқан ғылыми үлесін төмендегідей зерделеуге болады: Ол көне заманнан бастап қазіргі кезге дейінгі қазақ тарихын қазақ халқының мүддесі тұрғысынан қарастырды; бұрындары “жабық” болып келген тақырыптардың шынайы бағасын алуға, атап айтқанда ұлт-азаттық қозғалыстардың маңыздылығын айқындады, Кеңес кезеңінде орын алған 1920-50 жылдардағы қуғын-сүргін нәубетін зерттеуге үлес қосты. Қазақстан тарихын әдістемелік, тарихнамалық, деректанулық тұрғыдан зерттеудің негізін салды. Оның зерделеуімен қазақ халқының этногенезі, Қазақтардың әлемдік өркениетке қосқан үлесі мен далалық өркениет мәселелерінің жаңа қырлары, Қазақстанның Ресейдің отарлауына айналу үрдісі кезеңдері, барысы, нәтижелері, Кіші Қазан саясаты, 1930-жылдардағы ашаршылық, саяси қуғын-сүргіндер, Қазақстанның Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тарихының бұрынғы кеңестік заман кезеңіндегі зерттеу нысанына айналмаған тұстары, тоталитарлық билік сабақтары, аз ұлттардың

Қазақстанға күштеп қоныс аударуы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, Қазақстанның тарихнамалық мәселелері айқындалып, тың деректік маңызы бар еңбектер жарияланды.

М. Қозыбаев көп қырлы, кәсіби ғалым-зерттеуші. Ол қазақ елінің тәуелсіздік тарихының жаңа концепциясын жасауда өз зерттеулерінде жаңа ой-тұжырымдар жасады. Манаш Қозыбаев та энциклопедист ағартушы бола білді. Оның ой-сананы ағарту жолында атқарған қызметі, іс жүзінде Қазақстан қоғамында ағартушылық рөл атқарды. Ғалым тарихи фактілерді егенменді елдің мүддесі тұрғысынан жаңаша пайымдап, ұлттарихының өткені мен бүгінін, келешегін өзара байланыстырып жан-жақты ашып көрсетіп, жаңа тәуелсіз қоғамдық ойдың қалыптасуына теориялық негіз қалады.

Әдебиеттер тізімі:

Ахметов А. Страницы героической истории // Казахстанская правда. – 1963. – 4 декабря.

Асылбеков М., Теленова З. Академик М.Қ. Қозыбаев: ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. – 280 б.

Комеков Б.Е. Айтулы тұлға // «Манаш Қозыбаевтың өмір жолы және отандық тарихтың заманауи тұжырымдалуы». М. Қозыбаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы. 16 қараша 2021.

Қозыбаев С. Жұлдызы жанған ғұлама. – Алматы: «Атамұра». – 2003. – 288 б.

Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Замана асуы). 1-кітап. – Алматы: Ғылым, 1998. – 344 б.

Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы «Қазақ университеті», 1992. – 272 б.

Қозыбаев М. Халықтану проблемалары // Арқа ажары. 1991. – 3 қыркүйек.

Қозыбаев М. Ездікті қойып, елдікті ойлайық // Қазақстан мұғалімі. -1990. – 8 наурыз.

Қозыбаев М. Голощекин. Саяси портрет // Нәубет. Публицистикалық ой-толғаулар. – Алматы: Жалын, 1990. – 448 б.

Қозыбаев М. Алапат нәубет// Қызыл Қырғын. – Алматы, 1993.

Қозыбаев М. Зобалаңның түп тамыры осындай // Өркен. – 1993. – 16 қаңтар
Қозыбаев М., Хасанаев М. Алыс-жақынды таразыласақ //Егемен Қазақстан. – 1993. – 24 тамыз.

Қозыбаев М., Алдажұманов Қ. Қазақ даласына қырғын қалай келді? // Қызыл қырғын. – Алматы, 1993.

Қозыбаев М. Ұлттың ұяты мен мияты // Парасат. – 1997. –№5. –1-2 бб.

Қозыбаев М. Ғасыр тауқыметін арқалаған арыстар // Егемен Қазақстан.- 1994. – 12 тамыз.

Козыбаев М.К, Алдажұманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. – Алматы: Фонд XXI века, 1997. –28 с.

«Манаш Қозыбаевтың өмір жолы және отандық тарихтың заманауи тұжырымдалуы» //М. Қозыбаевтың туғанына 90 жыл толуына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары.-Алматы. 16

қараша 2021.

Мұхамедханұлы Н. Академик Манаш Қозыбаев – тәуелсіздік сананың жаршысы // Отан тарихы. 2021, №4/96/.- 251 б.

Мұтанов Ғ.М. Манаш Қозыбаев өнегелі өмір. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. – 396 б.

Пірманов Ә., Қапаева А. Академик Манаш Қозыбаев. - Алматы: «Атамұра», 2001. – 240 б.

Куралай Ш. Аубакирова, Кымбат К. Байсарина

Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Астана, Казахстан

Университет Шакарима, Семей, Казахстан

МАНАШ КОЗЫБАЕВ – ОДИН ИЗ КРУПНЕЙШИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ ПРОБЛЕМ КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ, ГОЛОДА И РЕПРЕССИЙ

Аннотация. Целью статьи является анализ и систематизация научного наследия М. Козыбаева путём выявления ключевых тематических направлений и методологических подходов в его трудах. Особое внимание уделяется первым шагам учёного в научной деятельности и его вкладу в развитие отечественной историографии.

В статье рассматриваются работы М. Козыбаева, опубликованные в 1985-2002 гг., затрагивающие актуальные проблемы истории Казахстана – от древности до начала XX века, включая политику конфискации, коллективизации, сталинские репрессии 1920-1950-х годов, а также вопросы персоналистики. Представлена научная оценка значения этих трудов в контексте развития исторической науки.

Видный учёный посвятил свою жизнь восстановлению и осмыслению национальной истории. Он провёл глубокие исследования по ключевым направлениям исторической науки, внёс значительный вклад в переосмысление советского прошлого и формирование концепции независимого Казахстана. Научное наследие М. Козыбаева рассматривается в соответствии с современными требованиями комплексного анализа.

Источниковую базу статьи составляют энциклопедические издания, монографии, статьи и научно-публицистические работы М. Козыбаева, а также интервью, опубликованные в периодике. Его организаторские способности, богатый опыт, научная проницательность и стратегическое мышление позволили ему сыграть ключевую роль в становлении новой школы отечественной исторической науки в годы независимости.

В заключение подчёркивается, что в трудах М. Козыбаева научно обоснованно освещены сложнейшие и замалчиваемые страницы истории Казахстана. Его исследования способствовали восстановлению исторической справедливости и формированию национального самосознания.

Ключевые слова: история Казахстана, историческое сознание, коллективизация, голод, конфискации, репрессии, научное наследие, независимость.

Kuralai Sh. Aubakirova, Kymbat K. Baisarina

*Eurasian Humanities Institute named after A.K. Kusainov, Astana, Kazakhstan
Shakarim University, Semey, Kazakhstan*

MANASH KOZYBAYEV – ONE OF THE MOST PROMINENT

RESEARCHERS OF THE PROBLEMS OF COLLECTIVIZATION, FAMINE, AND REPRESSION

Abstract. This article aims to analyze and systematize the scholarly legacy of M. Kozybayev by identifying the key thematic directions and methodological approaches in his works. Special attention is given to the early stages of his academic career and his contribution to the development of national historiography.

The study examines Kozybayev's publications from 1985 to 2002, which address critical issues in the history of Kazakhstan – from ancient times to the early 20th century. These include the policies of confiscation and collectivization, the Stalinist repressions of the 1920s-1950s, and biographical research. The article provides a scholarly assessment of the significance of these works in the context of the development of historical science.

A distinguished historian, Kozybayev dedicated his life to restoring and reinterpreting the national past. His profound research across key areas of historical inquiry made a significant contribution to the re-evaluation of Soviet history and the formation of Kazakhstan's independent historiographical paradigm. His academic legacy is analyzed through the lens of modern interdisciplinary and methodological approaches.

The source base includes Kozybayev's encyclopedic collections, monographs, academic articles, journalistic works, and interviews published in periodicals. His leadership qualities, extensive experience, deep knowledge, and strategic vision played a crucial role in the emergence of a new generation of historians in post-independence Kazakhstan.

In conclusion, the article emphasizes that Kozybayev's works offer a scientifically grounded reflection on the most complex and previously silenced aspects of Kazakhstan's history. His research contributed significantly to the restoration of historical justice and the awakening of national consciousness.

Keywords: history of Kazakhstan, historical consciousness, collectivization, famine, confiscation, repressions, scholarly heritage, independence.

Reference:

Ahmetov A. Stranicy geroicheskoy istorii // Kazahstanskaja pravda. – 1963. – 4 dekabrja.

Asylbekov M., Tolenova Z. Akademik M.K. Kozybaev: gulama galym, iri kogam kajratkeri. – Almaty: «Eltanym baspasy», 2014. – 280 b.

Komekov B.E. Ajtuly tulga // «Manash Kozybaevtyn omir zholy zhane otandyk tarihtyn zamanaui tuzhyrymdaluy». M. Kozybaevtyn tuganyna 90 zhyl toluyna arnalğan Halykaralyk gylymi-teorijalyk konferenciya materialdary. – Almaty. 16 karasha 2021.

Kozybaev S. Zhuldyzy zhangan gulama. – Almaty: «Atamura». – 2003. – 288 b. Kozybaev M.K. Tarih zerdesi (Zamana asuy). 1-kitap. – Almaty: Gylım, 1998. – 344 b.

Kozybaev M. Aktandaktar akikaty. – Almaty «Kazak universiteti», 1992. – 272 b. Kozybaev M. Halyktan problemalary // Arka azhary. 1991. – 3 kyrkujek.

Kozybaev M. Ezdikti kojyp, eldikti ojlayyk // Kazakstan mugalimi. -1990. – 8 nauryz.

Kozybaev M. Goloshhekin. Sajasi portret // Naubet. Publicistikalyk oj-tolgaular. – Almaty: Zhalyın, 1990. – 448 b.

Kozybaev M. Alapat naubet// Kyzyl Kyrgyn. – Almaty, 1993.

Kozybaev M. Zobalannyn tup tamyry osyndaj // Orken. – 1993. – 16 kantar.

Kozybaev M., Hasanaev M. Alys-zhakyndy tarazylasak // Egemen Kazakstan. – 1993. – 24 тамыз.

Kozybaev M., Aldazhumanov K. Kazak dalasynda kyrgyn kalaj keldi? // Kyzyl kyrgyn. – Almaty, 1993.

Kozybaev M. Ultyn ujaty men mijaty // Parasat. – 1997. – №5. – 1-2 bb. Kozybaev M. Gasyr taukumetin arkalagan arystar // Egemen Kazakstan. – 1994. – 12 тамыз.

Kozybaev M.K., Aldazhumanov K.S. Totalitarnyj socializm: real'nost' i posledstvija. – Almaty: Fond HHI veka, 1997. – 28 s.

«Manash Kozybaevtyñ omir zholy zhane otandyk tarihtyn zamanauı tuzhyrymdaluy» // M. Kozybaevtyñ tuganynda 90 zhyl toluyna arналған Halykaralyk gylymi-teorijalyk konferenciya materialdary. – Almaty. 16 karasha 2021.

Muhammedhanuly N. Akademik Manash Kozybaev – tauelsizdik sananyñ zharshysy // Otan tarihy №4/96/. 2021. – 251 b.

Mutanov G.M. Manash Kozybaev onegeli omir. – Almaty: «Kazak universiteti», 2016. – 396 b.

Pirmanov A., Karaeva A. Akademik Manash Kozybaev. – Almaty: «Atamura», 2001. – 240 b.

Авторлар туралы мәлімет

Құралай Шаймардановна Аубакирова – тарих ғылымдарының кандидаты, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институт, Астана, Қазақстан.

Қымбат Қабидолдина Байсарина – тарих ғылымдарының докторы, Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан.

Information about authors

Kuralai Sh. Aubakirova – Candidate of Historical Sciences, Eurasian Humanities Institute named after A.K. Kusainov, Astana, Kazakhstan.

Kymbat K. Baisarina – Doctor of Historical Sciences, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Сведения об авторах

Құралай Шаймардановна Аубакирова - кандидат исторических наук, Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан.

Қымбат Қабидолдина Байсарина – доктор исторических наук, Университет Шакарима, Семей, Казахстан.

Редакцияға түсті 08.01.2025

Өңдеуден кейін қайта түсті 02.03.2025

Жариялауға қабылданды 29.03.2025

FTAMP 05.31.19

[https://orcid.org/10.53360/3107-0493-2025-1\(3\)-4](https://orcid.org/10.53360/3107-0493-2025-1(3)-4)**ДЕПОРТАЦИЯ, КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІНІҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЛЫҚ ҚҰРАМЫНА БЫҚПАЛЫ (1930-1950 жж.)****Танакоз У. Джакипова^{1*}, Майра С. Ибраимова²** *¹Шәкәрім университеті, (Семей, Қазақстан)**²Семей Медицина университеті, (Семей, Қазақстан)*E-mail: tdzhakipova@mail.ru¹ mayra_isa_1972@mail.ru²¹<https://orsid.ord/0000-0002-6346-0181>²<https://orcid.org/0000-0002-6776-5505>

Аңдатпа. Бұл мақалада 1930–1945 жылдар аралығындағы Шығыс Қазақстан өңірінде орын алған этнодемографиялық процестер жан-жақты қарастырылады. Кеңестік тоталитарлық жүйенің қатаң әлеуметтік-саяси реформалары, ұжымдастыру, ашаршылық, қуғын-сүргін, соғыс жылдарындағы көшіп-қону қозғалыстары өңірдің этникалық құрамына, халық санына және оның әлеуметтік құрылымына елеулі өзгерістер енгізді. Аталған кезеңде өзге ұлт өкілдерінің (мысалы, корей, неміс, шешен, ингуш, поляк және басқа да этностардың) мәжбүрлі депортация арқылы Шығыс Қазақстанға қоныстандырылуы, жергілікті қазақ халқының демографиялық ахуалына кері әсерін тигізді. Сонымен қатар, индустрияландыру мен соғысқа байланысты ішкі көші-қон қозғалыстары аймақтың этникалық картасын қайта қалыптастырды. Мақалада архивтік деректер мен ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, осы этнодемографиялық өзгерістердің себептері мен салдары, сондай-ақ олардың аймақтық ерекшеліктері талданады. Зерттеу нәтижелері Шығыс Қазақстандағы этносаралық қатынастар мен демографиялық үдерістердің тарихи негіздерін түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар А.Н. Алексеенконың, Т. Омарбековтың, М. Қозыбаев сияқты демограф ғалымдардың еңбектерінен де зерттеулер келтірілді. Қоныс аударылған халықтар мен ұлт өкілдерінің құрамы талданып талқыланды. 1940-1950 жылдар ғылыми түрде қатаң бағалауды, оң және теріс жақтарын қатар қарастыруды қажет ететін қазіргі замандағы Қазақстан тарихындағы күрделі және қайшылыққа толы кезең болып табылады. Тақырыптың аз зерттелгендігі, күрделілігі және маңыздылығы әсіресе Шығыс Қазақстан өңірі үшін қажетті жағдай болмақ.

Кілт сөздер: саясат; ұйым; ұлт; шекара; халық; облыс; этнос; депортация; эвакуация; көші-қон.

Кіріспе

Қаралып отырған кезең тарихы XX ғасырдың басындағы аса күрделі кезеңдердің бірі болды. Әсіресе осы кезеңдегі депортациялау тарихы Отандық тарихшылар тарапынан біршама зерттелуде. Бұрынғы тоталитарлық мемлекет тарихының ашылмаған жаңа беттерін ашып зерттеу бүгінгі таңдағы негізгі мәселелердің бірі болып қала бермек. Тоталитарлық жүйе миллиондаған адамдардың өмірін қиып, жаңа арнаға бет бұрғызды. Бұл кезеңнің ауыр зұлмат тарихын екі бөлікке бөліп көрсетуімізге болады: бірі зиялы қауым өкілдерін қуғындап, жерден-елден алыстатса, екінші бөлігін депортация тарихымен

байланыстырып қарауымызға болады. Осы екі ауыр тарих қойнауына Қазақстанда енген еді. Осындай аласапыран заманда демографиялық ахуалды өзге елден келген қоныстанушылар толықтырып отырды. Қазақстан егемен ел ретінде танылғаннан бастап тарих ғылымда ірі өзгерістер болып жатыр. Демографиялық жағдайларға байланысты мұрағаттарда құпия ұсталған көптеген құжаттар жарыққа шығып, қазіргі таңда зерттеліп, өзекті тақырыптардың біріне айналып отырғаны белгілі. Соның аясында мақалада еліміздің Шығыс бөлігіндегі этнодемографиялық мәселе барысына зерттеу жүргізілді.

1930-1945 жылдар аралығы – Қазақстан тарихында аса ауыр кезең ретінде сипатталады. Бұл кезеңде Кеңес өкіметінің ұжымдастыру, ашаршылық, жаппай саяси қуғын-сүргін және Екінші дүниежүзілік соғыс тәрізді ауыр саяси-экономикалық үдерістері жүзеге асырылды. Бұл оқиғалар республиканың барлық өңірлеріне, соның ішінде Шығыс Қазақстанға да зор ықпал етті. Аталған уақыт аралығында өңірдің демографиялық жағдайы түбегейлі өзгеріп, халық саны мен этникалық құрамында күрделі трансформациялар орын алды.

Шығыс Қазақстанға жаппай күштеп қоныс аударылған этностар – корейлер, немістер, шешендер, ингуштар, қалмақтар, күрдтер және тағы басқа халықтар өңірдің этнодемографиялық құрылымын өзгертті. Сонымен қатар, жергілікті қазақ халқы ашаршылық пен қуғын-сүргіннің салдарынан ауыр демографиялық күйзеліске ұшырады. Бұл үдерістердің барлығы өңірлік деңгейде тарихи әділетсіздіктердің, әлеуметтік шиеленістердің және этникалық қатынастардың жаңа сипат алуына алып келді.

Зерттеудің өзектілігі – аталған тарихи кезеңдегі демографиялық өзгерістердің себеп-салдарын анықтап, олардың Шығыс Қазақстан аймағындағы этникалық, әлеуметтік құрылымға ықпалын ғылыми тұрғыдан зерделеу қажеттілігінен туындайды. Бұл зерттеу қазіргі кезеңдегі этносаралық қатынастарды түсіну үшін тарихи негіз қалайды.

XX ғасырдың 30-жылдың ортасында Кеңестер Одағы сыртқы саясатында екі бірдей майданның ортасында қалды. Оның бірі – милитаристік Жапония болса, екіншісі – Германия болатын. Агрессияшыл гитлерлік үкімет Польша арқылы КСРО-ны басып алуды көздеді.

Адамдардың өміріндегі демографиялық құбылыстар мен оқиғалардың ажырамас координаттары жас пен жыныс болып табылады.

Жасы мен жынысын есепке алмай, адамдардың отбасы жағдайындағы өзгерістерді де, отбасылардың құрылуы мен құрылымын да, туу мен өлу процестерін де, адамдардың бір күйден екінші күйге өтуін де талдау мүмкін емес, демографияда халықтың жас-жыныстық құрылымын және оның зерттелетін барлық процестерге әсерін зерттеуге ерекше мән беріледі.

Демографиялық ғылымның практикалық міндеттері:

- демографиялық үдерістердің үрдістерін зерделеу (бала туу, өлім-жітім, некелесу, ажырасу, көші-қон);
- демографиялық дамуға әсер ететін факторларды зерттеу; перспективада;

- демографиялық болжамдарды әзірлеу;
- демографиялық саясаттың тиімді шараларын әзірлеу.

Демографиялық даму факторларының рөлін зерттеуге өркениеттің алғашқы кезеңдерінде назар аударылды. Ежелгі әлем ойшылдарын ресурстар мен халық арасындағы оңтайлы арақатынас идеясы қызықтырды.

Платон және Аристотель сияқты ежелгі әлемнің көрнекті философтары халық туралы өз сөздерінде халықтың өсуі мен қозғалысын реттеу жөніндегі міндеттерді мемлекетке жүктей отырып, оның санын шектеу проблемасына үлкен назар аударды. Халық тығыздығының және оның санындағы өзгерістердің қоғам өміріне әсерін түсінуге ұмтылу Шығыстағы қоғамдық ойға б.з.д. VI-III ғасырлар тән болатын. Мысалы, ежелгі Қытайда Конфуций халық саны мен жер алаңы арасындағы «мінсіз пропорцияны» бұзу белгілі бір қиындықтарға әкеледі деп есептей отырып, «халық оптимумы» идеясын дамытқан. Ол тұрғындарды халық тығыз орналасқан жерлерден халық аз қоныстанған жерлерге көшіруді халықтың саны мен орналасуын мақсатты реттеу саласындағы тиімді мемлекеттік шара деп санады. Феодалдық орта ғасыр дәуірінде демографиялық ой одан әрі дамыды. Кеш феодализм идеологтары халық өсуінің қоғам үшін қолайсыз салдары туралы қорытындыға келді.

Қиыр Шығыс Кеңестер Одағына Германиядан бұрын әскери қауіп төндірді. Олар мақсаты кеңес үкіметінің Қиыр Шығыстағы жерлер мен Сібірдің бөлігін басып алу еді. 1934 жылдан бастап Кеңестер Одағына Жапонияның барлау ұйымдары жұмысы үш есеге өсті. Қиыр Шығыста және Сібірде заңды барлау жұмысы үшін жеті консулдық жұмыс істеді. Халықаралық экономикалық келісім бойынша жапон жұмысшылар мен қызметкерлері Сахалинде, Владивостокта транспорт және балық шаруашылығы конторында қызмет жасады. 1936 жылы жапон барлаушыларының қандай ниет көздегендігі анықталған еді.

Қиыр Шығыстағы КСРО шекарасының маңына Квантун армиясы штабының бұйрығымен бір уақытта барлау орталығы болған жапондардың әскери миссиясы ұйымдастырылды. Басшылары Харбинде орналасып, Муданцзян, Хунчун, Минанда 13 резидентурасы болған.

XX ғасырдың 30-шы жылдарының соңында Қазақстанға күштеп жер аударылған ұлттар поляктар, немістер, корейлер, шешендер мен ингуштар болған. 1937 жылдың 5-6 қаңтарында Бүкілодақтық халық санағы өтті. Негізінде бұл санақ 1932 жылдың қыркүйегінен басталып, Москваның бірнеше аудандарында жүргізілген болатын. Алайда санақ 1935 жылға, одан кейін 1936 жылға қалдырылған еді. Бұл жайында ғалымдардың жазуынша санақ өткізу барысы бірнеше рет жоспарланған. Мәселен, А.Г. Волкованың пікірінше, санақ кеміне төрт рет кейінге қалдырылған. Сондағы 1937 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша КСРО халқы 162 039 470 адам болған. Бұдан кейінгі болған 1939 жылғы санақта 170 557 093 адам деп келтіріледі

(Саркенова, 2011).

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеуде 1930-1945 жылдар аралығындағы Шығыс Қазақстан өңірінде орын алған этнодемографиялық процестерді талдау үшін әртүрлі тарихи және статистикалық материалдар пайдаланылды. Негізгі дереккөз ретінде Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві мен Шығыс Қазақстан облыстық архивінің қорларындағы құжаттар, 1937 және 1939 жылдардағы Бүкілодақтық халық санағының нәтижелері, ішкі істер және көші-қон органдарының мәліметтері, сондай-ақ сол кезеңге қатысты кеңестік үкіметтің қаулылары мен нұсқаулықтары қолданылды.

Зерттеуде мынадай әдістер қолданылды:

Тарихи-хронологиялық әдіс – этнодемографиялық процестерді уақыттық ретпен жүйелі түрде талдауға мүмкіндік берді;

Салыстырмалы- тарихи әдіс – әртүрлі этностардың қоныстану ерекшеліктерін, көші-қон динамикасын және демографиялық көрсеткіштерді салыстыра отырып саралауға негіз болды;

Құжаттық әдіс – архивтік деректер мен ресми құжаттар арқылы этностардың нақты қоныстану аумағын, саны мен әлеуметтік жағдайын анықтауға көмектесті;

Сандық-статистикалық әдіс – халық санағы мәліметтері мен көші-қон көрсеткіштерін жүйелеп, сандық жағынан талдауға қолданылды.

Сонымен қатар, зерттеуде отандық және шетелдік тарихшылардың еңбектеріне, демографиялық анықтамаларға, этносаралық қатынастарға қатысты ғылыми зерттеулерге сүйенілді. Мақалада тарихи оқиғалар мен этнодемографиялық көрсеткіштер кешенді түрде қарастырылып, ғылыми негізде қорытындыланды.

«Материалы к серии «Народы Советского Союза» жинағынан алынған кестеге сүйенсек, КСРО-да 1937 жылы 156 948 597 адам, ал 1939 жылы 161 434 707 адам болды деген дерек келтіреді. Жинақтағы көрсетілгендей Қазақстан халқы 1937 жылы 4 929 254, ал 1939 жылы 5 217 085 адам болған екен (Народы Советского Союза, 1990).

Жалпы қазақ жерінде 1939 жылғы бүкілодақтық санақ деректеріне сүйенсек, күштеп қоныстандырғанға дейін де бұл аталған ұлт өкілдері мекендеген екен. Санақ бойынша Қазақстан халқының ұлттық белгілері жағынан орналасуы әркелкі болған.

Құғын-сүргіннен кейінгі жағдайға сүйенсек, 1939 жылы Шығыс Қазақстан облысы бойынша қазақтардың саны – 116 087, орыстар – 369 796, украиндар – 27 253, татарлар – 5400, немістер – 4041 (Саркенова, 2011).

Талқылау

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанға жіберілген арнайы қоныстанушылар мәселесі Б. Жангуттин мен М. Қалыбекованың бірлесе жазған еңбектеріне арқау болды. Еңбек армиясы, колонна, батальон жұмысшыларын Қазақстанға әкелу, оларды көшіріліп әкелінген өндіріс орнына орналастыру

барысы нақтыланады. Алайда еңбекте авторлар Шығыс өңіріне жіберілген қоныстанушылар туралы кешенді қарастырмайды (Жангуттин, Калыбекова, 2013).

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы депортация және көші-қон үдерістеріне арналған қазіргі тарихнамамен сабақтасады. Осы тұрғыдан алғанда, Атантаева Б.Ж. мен Камалджанова Г.Т.-ның «Влияние миграций на этнодемографическое развитие Восточного Казахстана (1930–1959 гг.)» (Атантаева, Камалджанова, 2014) монографиясында Шығыс Қазақстан өңіріндегі мәжбүрлі қоныс аударулар, депортацияланған халықтардың орналасу ерекшеліктері, олардың сандық және ұлттық құрамының өзгеруі кең көлемдегі мұрағаттық материалдар негізінде талданған. Авторлар көші-қон толқындарының өңірдің этнодемографиялық құрылымына ұзақ мерзімді ықпалын көрсетіп, жергілікті халық пен арнайы қоныс аударушылар арасындағы демографиялық арақатынастың өзгеру динамикасын айқындайды. Ұсынылып отырған мақалада бұл мәселелер 1930–1950 жылдар аралығындағы этнодемографиялық өзгерістерді нақты статистикалық деректермен және өңірлік ерекшеліктер тұрғысынан толықтыра отырып қарастырылады. Осылайша, зерттеу аталған монографияның ғылыми тұжырымдарын дамыта отырып, депортация мен көші-қон үдерістерінің Шығыс Қазақстанның этникалық құрамына тигізген ықпалын кезеңдік және салыстырмалы талдау арқылы нақтылайды.

Арнайы, күштеп қоныстанушылар, «Үлкен террор» бойынша қуғындалып Қазақстанға әкелінгендер мәселесі А.С. Жанбосынованың монографиясында келтіріледі. Автор қуғындалып Шығыс Қазақстан облысына әкелінген кейбір өзге ұлт өкілдерінің тағдырына да тоқталады. өтеді. Тәркілеу, ұжымдастыру тұсында істі болып, жер аударылған кейіннен облыста тұрақтап қалған этностар жөнінде мәліметтер де бар (Жанбосинова, 2020). А.С. Жанбосынованың еңбектерінің арасында Шығыс Қазақстандағы этностардың арасында тазартулар жүргізуге арналған зерттеуі де бар. Автор архив материалдары негізінде депортацияланған неміс этностарының қуғындалуы, сонымен бірге неміс армиясының тұтқындары тарихына қатысты белгісіз болып келген құжаттарды анықтап, олар еңбек армиясына тарту барысын нақтылайды. Шығыс Қазақстан территориясында орналасқан лагерлердегі немістердің түсті металл өндіру өнеркәсіп орындарына тартылуы мен ауруға ұшырап, өлім барысының көбейгендігі турасында дәлелді мәліметтер береді (Немцы Казахстана и Сибири, 2017).

Қазақстандағы поляк диаспорасының қалыптасу барысы Н.В. Степаненконың ғылыми зерттеуіне арқау болды. Ғалым XIX ғасырдың соңында қазақ даласына поляк ұлт өкілдерін келу себебін, этнос ретінде қалыптасуын нақтылайды. Кеңестік жүйе тұсында Қазақстан территориясына поляктардың күштеп көшірілуінің барысын аша отырып, олардың жергілікті халықпен қарым-қатынасын, поляк диаспорасының республиканың әлеуметтік-мәдени, экономикалық және қоғамдық өміріне араласу мәселесін айғақтайды. Еңбекте Шығыс Қазақстан облысындағы жер аударылып келген поляктардың орналасуы мен олардың тұрмыс-тіршілігіне қатысты маңызды мәліметтер бар (Степаненко, 2020).

Шығыс Қазақстанға неміс этностарын депортациялау, олардың қуғындалу барысы жайында шығарылған жинақта Б.Ж. Атантаева, Р.Д. Ахметова, Т.А. Камалджанова, А.С. Жанбосынованың ғылыми мақалаларында неміс этностары жан-жақты талқыланды. Аталмыш ғалымдар Б.Ж. Атантаева, Р.Д. Ахметова және Т.А. Камалджанованың ғылыми зерттеулерінде ХІХ ғасырдың аяғынан бастап Украина мен Поволжьеде келген неміс этностарының Шығыс Қазақстан өңіріне қоныстануы мен орналасу барысы, Кеңестік жүйе тұсындағы неміс поселкелері мен селолары мен немістердің әлеуметтік, шаруашылық, мәдени өмір деңгейі туралы мәлімет береді (Атантаева, Ахметова 2017).

Шығыс Қазақстандағы неміс және поляк диаспораларының тарихына А.М. Мамырбеков монографиялық еңбек арнап, ХХ ғасырда Шығыс Қазақстандағы неміс, поляк диаспораларының қалыптасуын, олардың әлеуметтік-демографиялық жағдайын, миграциялық қозғалысын, мәдени дамуын қарастырады. Депортацияланған халыққа жасалған кеңестік саясат салдарын ашып көрсетуге тырысады. Неміс пен поляк диаспораларының қалыптасу тарихын, қоныстану ерекшеліктерін, облыстағы неміс, поляк диаспорасының әлеуметтік-демографиялық дамуындағы өзгерістер барысын нақтылайды (Мамырбеков, 2015).

Біріншіден 1930-1933 жылдар аралығында жүргізілген күштеп ұжымдастыру саясаты Шығыс Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін күрт төмендетіп, жаппай ашаршылыққа әкелді. 1931-1933 жылдардағы аштық салдарынан өңірдегі қазақ халқының едәуір бөлігі қырылды немесе босқынға айналды. Кейбір аудандарда қазақтар жалпы халықтың 70-80%-ын құраса, ашаршылықтан кейін бұл көрсеткіш 30-40%-ға дейін кеміді. Бұл этнодемографиялық құрылымда тепе-теңдіктің бұзылуына алып келді. Екіншіден, 1937-1938 жылдардағы сталиндік репрессия кезінде өңір халқының едәуір бөлігі қуғын-сүргінге ұшырады. Қоғам қайраткерлері, мұғалімдер, дін өкілдері мен бай-құлақтар «халық жауы» ретінде жазаланды. Бұл жағдай қазақ халқының табиғи дамуын тежеп, әлеуметтік құрылымын өзгеріске ұшыратты. Үшіншіден, 1937 жылдан бастап Шығыс Қазақстанға басқа республикалардан күштеп қоныс аударылған этностар келе бастады. Атап айтқанда: 1937 ж. – корейлер (Қиыр Шығыстан); 1939-1941 жж. – поляктар, немістер, финдер; 1943-1944 жж. – шешендер, ингуштар, қалмақтар, балқарлар. Ал төртіншіден, 1941-1945 жылдар аралығындағы соғысқа Шығыс Қазақстаннан он мыңдаған адам майданға аттанып, олардың біразы оралмады. Бұл жағдай өңірдегі ер-азаматтардың азаюына, соған байланысты әлеуметтік құрылымның бұзылуына әсер етті. Сонымен қатар, тылда еңбек етуге көшірілген өнеркәсіп орындары мен мамандар (басқа аймақтардан) өңірге уақытша қоныстанып, этностық құрамға ықпал етті. Бесіншіден, 1930-1945 жылдар аралығында Шығыс Қазақстанның этникалық картасы айтарлықтай өзгерді. Қазақ халқының үлесі азайып, орыс, украин, неміс, корей, шешен және басқа да этностардың үлесі артты. Бұл өзгеріс көші-қон процестері мен саяси-әлеуметтік факторлардың ықпалымен жүзеге асты. А.Н. Алексеенконың зерттеуінде, 1939 жылы Шығыс Қазақстанда өзге ұлттардан жалпы саны 431 мың болып, оның 137 мыңын қазақтар құраса, 201 мыңын орыс, 42 мыңын украиндықтар, 15 мыңын немістер,

36 мыңын басқа ұлт өкілдері құраған екен (Алексеевко, 1993).

Қазақстанға алғаш болып жер аударылған поляктар болды. Оларды өздері орналасқан территориядан ішкі аймақтарға көшіру мәселесі Польша мен Германия арасындағы 1934 жылы жасасқан өзара келісімнен кейін туындады. Оның себебі бар-тын. Өз жерінен күштеп көшірілген поляктар Украинаның шекара маңына орналастырылған еді. Жергілікті украиндықтар мен поляктардың арасында ішінара қақтығыстар мен түрлі жанжалдар да туындап отырды. Оның үстіне Кеңестік жүйеге қарсы шығушылардың қатары да көбейді. Кеңес үкіметі поляктарды шекара маңынан Қазақстанға көшіруге байланысты екі бірдей қаулы қабылдады.

Оның бірі 1936 жылғы 23 қаңтарындағы «Украин КСР-нен Қазақ АКСР-на қоныс аудару» жөніндегі болса, ал екіншісі 1936 жылғы 26 сәуірдегі «УКСР-нан Қазақ АКСР-нің Қарағанды облысына экономикалық қамтамасыз ету» жөніндегі қаулысы жарық көрді (Тәңірбергенқызы, 1997). 1936 жылы сәуірде Украинаның шекара маңайындағы 45 мыңдай адамды Қазақстанға жер аудару турасында шешім қабылданды. 35,739 поляк ұлт өкілдері (99,8-і) қазақ жеріне жіберіліп, Солтүстік өңірлерге орналастырылды (Волков, 2006).

Бұдан кейінгі жылдары да Батыстағы шекара маңындағы мазасыз жағдайларға байланысты поляктарды Кеңестер Одағының территориясына орналастыру жалғастырылды. 1939 жылы желтоқсанда Кеңес өкіметі «УКСР мен БКСР-дің батыс облыстарынан арнайы жер аударылғанды еңбекпен орналастыру жөніндегі ережені» бекітті. Осы бұйрық бойынша ішкі істердің халкомы Л. Берия көшіріліп әкелінетін 55 теміржол вагонын бөлдіртті. Жер аударылғандарға («Осадниктерге») бірінші ретте бұрынғы поляк офицерлері, Польша территориясында полиция шенінде және әкімшілік саласында қызмет еткендер жатты.

1939 жылы Гитлерлік Германияның Батысқа ашқан соғысы, Польшаны жаулап алуы поляктардың мыңдаған тұрғындары мен әскери офицерлерін, солдаттарын Кеңестер Одағына қашуға мәжбүр болды. Шекара асып келгендерді шекара маңынан бөлектеп ұстау, КСРО-ның ішкі республикаларына қарай орналастыру және бақылауға алу арнайы қаулылардың негізіне сүйене жүргізілді. А. Волковтың жазғанына сүйенсек, Қазақстанға 190 мың поляктар көшіріліп әкелінген екен (Волков, 2006).

Бұдан кейінгі жылдары да Украина мен Белоруссияның шекара аймағындағы поляктарды көшіру қолға алынған. 1940 жылдың 18 қазанындағы КСРО Халық Комиссарлар кеңесінің қаулысымен осы екі республикадан Қазақстанға 6681 поляктар көшіріліп әкелінген екен (ҚР ОМА, Қ.1987, Т.1, Іс.13, П.23). Жалпы Украина шекара маңынан поляктармен қоса немістерді де көшіру үдерісі қолға алынды. КСРО-да күштеп көшіруге дейін 85 мыңдай немістер мекендеген (Алексеевко, 1993).

Қиыр Шығыстағы шекара маңынан кәрістерді көшіру 1935 жылдан басталды. 1937 жылдан бастап Қазақстан мен Орта Азия елдеріне корейлерді Қиыр Шығыстан күштеп көшірілді. Негізінде Амурь өңірінде 200 мыңдай корейлер өмір сүріп жатқан еді. Қазақ жеріне корейлердің 95421 жаны бар 20141 отбасы әкелінген екен. Олардың басымы Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе,

Қостанай, Қарағанды облыстарына орналастырылған (Алексеев, 1993). Негізінде жоспар бойынша қазақ жеріне 14600 корей шаруашылығы көшіп келуге тиіс болған (ҚР ОМА. Қ.1208, Т.1, Іс.47, П.217). Дегенмен көшіріліп әкелінген корейлердің саны жоспардан асып кетті. Тарихшы Т. Омарбековтың жазуынша, 1938 жылдың ақпанына дейін Қазақстанға 20.789 корейлер жанұясы, яғни 98 454 адам жер аударылып әкелінген екен (Омарбеков, 2003). Академик М. Қозыбаев саяси жер аударылғандар туралы былай деп жазады: «1936 жылдың көктемінде Украинадан саяси бағы ашылмаған поляктар жер аударылып келді. Ал, келесі жылы Әзербайжан мен Армениядан курдтар, Қиыр Шығыстан 95 мың корейлер келіп орнықты» (Қозыбаев, 1998).

Жалпы 1939 жылғы халық санағына сүйенсек, республикада қазақтарды қоспағанда (2314 мың) өзге ұлт өкілдерінен орыстар – 2449 мың, украиндар – 657 мың, немістер – 93 мың, татарлар – 107 мың, өзбектер – 103 мың, белорустар – 31 мың, ұйғырлар – 35 мың, корейлер – 96 мың, әзербайжандар – 12 мың, басқа ұсақ ұлттар – 197 мың болған (Асылбеков, 1991). Санақ есебімен салыстырсақ жоғарыдағы екі ғалымның да жазғанынан сәл ғана айырмашылықты байқауға болады. Орналастыру жағына келсек, корейлердің басымы Қызылорда облысына қоныстандырылған. Бұл жайында архив деректері мен ғалымдардың еңбектерінен байқауымызға болады. Георгий Кан бұл жайында былай деп жазады: «Основным местом выгрузки и временного расселения корейцев в Казахстане стала Южно-Казахстанская область, та ее часть, которая ныне является Кызылординской областью (по административно-территориальному делению того времени она входила в состав Южно-Казахстанской области)» (Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы, 1998).

Қазақстанға жер аударылып әкелінген корейлер қоныстандырудың екі кезеңінен өтті. Оның бірі – 1937 жылдың күзінен 1938 жылдың көктеміне дейінгі аралық. Екіншісі – 1938 жылдың көктемінен 1939 жыл бойы. Бірінші кезеңдегі жағдай өте ауыр жүргізілді. Кеңес өкіметі жер аударылғандарды орналастыруға дайын емес еді. Сондықтан сарайларға, қораларға, жертөлелерге, қираған мешіттерге, бұрынғы түрмелерге орналастыруға мәжбүр болды. Бұл жерлер адам тұруға лайықты емес еді. Терезелері жоқ немесе сынған, іші суық, от жағатын пештер салынбаған жерлерге орналастырылған корейлерге тамақ табудың өзі бір ғанибет болды.

1937-1938 жылдардағы КСРО-дағы жаппай қуғындау нәтижесінде халық санының азайғанын аңғару қиын емес. Бұл нәубет жер аударылып келген өзге ұлт өкілдеріне де әсер етпей қоймады. ПХК-ның МҚББ-на директивтік хаттардында жазғандай 1937 жылғы 14 ақпанда «Неміс троцкистерінің террорлық, диверсиялық және шпиондық қызметі туралы» және 2 сәуірдегі «КСРО Одағы аумағында фашистік партияның германдық барлау органдары мен арнайы мекемелерінің өсіп келе жатқан белсенділігі туралы» қаулылар сол кездердегі жағдайларға байланысты бірден жүзеге асқан жоқ. Тек Ұлы Отан соғысының алғашқы күнінде қолға алынды.

Немістерді этникалық тазартудың негізі 1937 жылғы 25 шілдедегі КСРО НКВД-ның бұйрығы болды. Германияның пайдасына тыңшылық жасады және ұлтшыл фашистік ұйымға қатысты деген айыппен неміс ұлтының 265 адамы

қамауға алынды. Бұл Шығыс Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшырағандардың жалпы санының 3,01%-ын құрайды (Материалы международной научно-практической конференции, 2014).

Немістердің арасындағы Кеңес үкіметіне деген наразылығы 30-жылдардың басында орын алған. 1934 жылғы шілдедегі БК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне жіберілген «Немістер туралы» қызметтік жазбада 1929 жылдан Қазақстан территориясына неміс эмигранттарының жаппай қозғалысының басталғаны айтылады. 1933 жылдан Германиядағы фашистердің билігіне келуіне байланысты контрреволюциялық неміс астыртын қызметінің кеңеске қарсы жаңа толқыны байқалады. Қазақстандағы кеңестік жүйеге қарсылық барысы Новосібір қаласындағы Германия консулдығы арқылы жүзеге асырылып отырылған. Немістердің баптистік «Брокгауз» қоғамына Шығыс Қазақстан облысының Цюрупин ауданының Заборовка поселкесінен колхозшы Екатерина Унру «Біз киімсізбіз, жалаңаяқ күн сайын жұмыс істеуге мәжбүрміз. Менің сізге өтініш айтудан басқа шығу жолын білмеймін. Барлық есіктерді қағудамын. Маған мұның бәрін сипаттап айту қиын, не боларын да білмеймін, Сізден көмек сұраймын» деген мазмұндағы хат жолдаған. Алайда, осы жазбада колхозшының колхозға мүше болып, сиыры барлығы, 200 еңбек күнінен де көп табыс тапқандығын, жеткілікті мөлшерде нан алғандығы келтірілді. Осындай мазмұндағы хаттар Қазақстанның басқа неміс поселкелерінен де барған (ҚР ПА, Қ.141, Т.1, Іс.6662, 14- 15 пп.).

XX ғасырдың басында Ақмола, Семей, Павлодар, Омск, Барнауыл аймақтарында неміс қоныстары көбейе түсті. Олар теміржол бойындағы шаруашылыққа қолайлы жерлерді сатып алды. Қоныстанушылар арасында зергерлер, шеберлер, қолөнершілер көп еді. Ал олар шығарған тауарлар жергілікті өнімдерден арзан әрі сапалы болды. Алайда немістерге қазақ жерінің топырағы мен қытымыр ауа райы ұнамаған. Ресейдің ішкері аймақтарындағы суармалы, шұрайлы жерге үйренген олар, алғашқы жылдары өнімнің төмен болғандығын айтып, кері қайтуға сұранған. 1930 жылдың 25 ақпанында өткен Казрайком бюросының жабық отырысы хаттамасының көшірмесінде барлық облыстарда атқарылып жатқан шараларға қанағаттанарлық емес деген теріс баға берілген. Семей, Ақмола, Ақтөбе, Павлодар, Петропавл және Орал облыстарында неміс елді мекендеріндегі шаруашылық және мәдени іс-шаралардың баяу жүргізілуіне, эмиграциялық үрдісті түбегейлі тоқтатуға мән берілмегендігіне орай, ескертулер жасалған. Ескерту жасай отырып, ОК облыстардың жоспарлы шараларына бірқатар түзетулер енгізеді. Олар наурыз-сәуір айларында қайта сайлаулар өткізу, іс қағаздарын неміс тіліне көшіру, шұғыл түрде жеті жылдық неміс мектептерін ашу сияқты тапсырмалар еді. Бұл бұйрықтар дереу іске асырылып, есеп берілу керектігі ескертілген.

Міне, осындай большевиктік идеологияға қарсылық барысы, одан кейінгі жылдары да орын алғандығы сонша, 1935 жылдың 5 қаңтарында Ішкі Істер Халық комиссары Г.Г. Ягоданың қол қоюымен Ішкі Істер Халық комиссариаты Басқармаларына арналған Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқармасының циркулярын шығарып, онда еңбек мигранттарының құқықтарын қалпына келтірудің жаңа тәртібі айтылды. Осы циркуляр бойынша шаруашылық жағынан

орналастырылмаған еңбек мигранттарының құқықтарын жаппай қалпына келтірілуі оларды жіберілген қонысынан кетулеріне жол берілгенді хабарланды. Осындай жағдайдың алдағы уақыттарда қайталанбасы үшін, ГУЛАГ ІХК-ның санкциясынсыз құқықтарды жаппай қалпына келтіруге жол бермеу, өз жұмысы бойынша қоныстанған жерлерге қана құқықтарын қалпына келтіру, олардың арасында жаппай насихат жұмыстарын өрістету және шаруашылық ұйымдардан көмек көрсету мәселесі қолға алынатын болды. 17 қаңтарда Г. Ягода И.В. Сталинге еңбек құқығы қалпына келтірілген қоныстанушыларды қонысынан шығу құқығынан айыру туралы ұсыныс түсірді.

1935 жылдың 19 шілдесіндегі мәліметке сүйенсек, Шығыс Қазақстан облысының құрамына енген 25 аудан мен 2 қаланың 23 ауданында қазақтармен өзге ұлт өкілдері мекендеген. 1939 жылғы санақ барысына сүйенсек, халықтың басым бөлігі ауылды жерлерде тұрған. Дегенмен 1926 жылғы санақпен салыстырсақ, 1939 жылы қала халқының санының 3 есеге өскенін байқауға болады. Осылардың ішінде Семей облысында қалада тұтатын халықтың пайызы 40,6% болса, Шығыс Қазақстан облысында 25%- ға жеткен (Из истории депортаций, 2012).

XX ғасырдың 40 жылдардың соңы мен 50 жылдары Шығыс Қазақстан өңіріне жер аударылып келген этностардың алғашқы жылдары жағдайы ауырлау болды. Әсіресе 1946-1948 жылдары депортацияланғандар қиыншылықтарды бастан кешірді. Келген кездерде орналастырылатын үй- жайлары дайын болмады. Жер аударылғандар көбіне ауылды жерлерде тұрып, сол жерлерге тіркелді. Дегенмен колхозға келіп орналасқандарға ақшалай көмек көрсетті, колхоз қорынан мал бөлді.

1941 жылы 26 тамызда ХКК мен КОКП Орталық Комитетінде қабылданған қаулы бойынша Қазақ КСР-не 100 мың адамды қоныстандыру жоспарланып, олар елдің Солтүстік-Шығысында орналасқан 6 облысқа- Семей, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Повладар және Шығыс Қазақстан облыстарына орналасатыны белгілі болған еді (Әпендиев, 2017).

Екінші дүниежүзілік соғыс басталған жылы арнайы қоныстанушылар-поляктардың жағдайы біршама өзгерді. Германия елінің КСРО-ға шабуылы, соғыстың алғашқы күндеріндегі сәтсіздіктер Польшамен қарым-қатынасты қайта қарауға мәжбүр етті. 1941 жылдың 30 шілдесінде КСРО аумағында поляк армиясын құру жөніндегі шараларды қарастыратын екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастарды қалпына келтіру туралы келісімге қол қойылды. КСРО мен Польша фашистік Германияға қарсы күресте бір- біріне көмектесуге уәде берді. Келісімге КСРО-ғы Польша азаматтарының жағдайы туралы хаттама ілінді, оған сәйкес КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1941 жылғы 12 тамыздағы Польша азаматтарына рақымшылық жасау туралы қаулысы қабылданды. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің және Бүкілодақтық большевиктер Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қаулысымен сол кездегі Польша азаматтарының КСРО-да тұру ережелері көрсетілген. Босатылып, уақытша куәлік алғаннан кейін, олар Польша елшілігінде тіркеліп содан кейін ғана төлқұжат алып шетелде тұруға рұқсат алды. 61092 адамның ішінді Қазақстанда 51 164 полякқа рақымшылық жасалды. Шығыс Қазақстан

облысында 410 поляк қоныстанды, оның 123-і әйелдер, 176-сы ерлер, 111-і балалар еді. Оның ішінде Семей облысы бойынша-7467 поляк, оның 1638-і еркектер, 3189-ы әйелдер, 2640-ы балалар болды (Әпендиев,2017). Шығыс Қазақстан облысына жер аударылған поляк азаматтарының құрамы әр түрлі болды, мысалы олардың арасында еврей, украйын, литвалықтар, белорустар және тағы басқа да ұлт өкілдері болды. Тиісінше бұл адамдар санатына рақымшылық жасалды: еврейлер-8, украйындар-18, белорустар-90, орыстар- 10 және 39 өзге ұлт өкілдері еді (ШҚО МА, Қ.462, Т. 1. Іс.21, П.49).

Мұрағат құжаттарын алып қарар болсақ көшіп жер ауып келген жанұялардың жағдайы мәз болған жоқ. Үй-жайларының дұрыс болмауы, дұрыс тамақтанбау сияқты мәселелер жиі орын алып отырды. Сол себепті жұқпалы аурулар да жиі байқалды. Үкіметтің көрсетіп жатқан көмек мөлшері бір жағынан аз болса екінші жағынан көшіп келушілердің саны жағынан көп болуы себепті беріліп отырған азық-түлік мөлшері халыққа жетпеді. 1941 жылы Шығыс Қазақстан облысының Бұқтырма ауданында 191 неміс қайтыс болды, оның ішінде жұқпалы аурудан 116 адам, оның 45 ересектер болса 71-і балалар болды. Осы аймақ бойынша 1944 жылы 25 шешен қайтыс болды, оның ішінде жұқпалы аурудан 16 адам, 12 ересек 4-і балалар еді (ШҚО МА, Қ.462, Т.1. Іс.21, П.49.). Кавказ бен Қырымнан Қазақстанға жаппай жер аударылуына байланысты күрделі мәселелер туындағандықтан 1945 жылы 17 қарашадағы және 1946 жылдың 6 тамызындағы КСРО ХКК-нің Қазақстан мен Қырғызстанға жер аударылғандар мен арнайы қоныстандырушыларды жіберілген жерлерге орналастыру және шаруашылыққа жайластыруға бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асыруға қатысты қаулылар қолға алынды. Осы қаулылардан кейін Қазақстан К(б)П ОК-і мен республикалық ХКК-нің шешімімен депортацияланған халықтарды орналастыруда шаруашылықта кездесіп отырған қиыншылықтарды жоюға кірісті. Алайда әлі де болса, дұрыс басшылықтың болмауынан арнайы қоныстанып келген өзге ұлт өкілдерінің жағдайы бірден түзеле қоймады. Келушілердің арасында табиғи бейімделе алмаушылық, ауру-сырқаудың тарауы өлім-жітімге алып келді. 1946 жылдың шілдесінде Солтүстік Кавказдан келгендердің арасында 73,7 мың адам қайтыс болған (ШҚО МА, Қ.1, Іс.4996, П.60).

Арнайы қоныстанушыларды орналастыру барысында ауылшаруашылығына жіберілгендер жұмыс таппағандықтан оларды облыстың ішіндегі өнеркәсіп орындарына жіберу қолға алынды. Негізінде республикадағы теміржол мен басқа да стратегиялық орындарға жұмысшы күші аса қажет болатын-ды. Соғыс болып жатқан кездің өзінде колхоз, совхоздарға орналастырылған қоныстанушы өзге ұлт өкілдерін өндіріске тартқан еді.

Соғыс кезінде қолға түскен әскери тұтқындар ірі өндіріс орындарына, құрылыстарға тартылды. Дегенмен олардың жағдайлары өте ауыр еді. Тұтқындардына асында түрлі жұқпалы аурулардың тарауынан, дұрыс тамақтанбаудан өлім көбейді. Шығыс Қазақстанның Алтай және Лениногор кеніштерінде 181 неміс армиясының тұтқындары қайтыс болған. Мәліметтерге сүйенсек, лагерьлерде еңбек еткен 2 миллион 228 мың тұтқындардың 1 миллион 645-і немістер де, 583-і жапон әскерлері болған.

Жалпы 1948 жылдың тамызына дейін арнайы қоныстанушы этностардың 59%-і колхоздарға, 7,5%-і совхоздарға, ал 33,5%-і өндіріс орындарына, құрылыстарға, мекемелерге жіберілді (ҚР ПА, Қ.708, Іс.22, П.139).

Қоныстанушылардың 1945 жылы 8 қаңтардағы КСРО ХКК-сі мен 1948 жылғы 26 қарашадағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Алқасының Жарлығымен арнайы қоныс қиыншылыққа байланысты жіберген жеріне тұрақтамай қашуына байланысты аударушылардың ұтқырлығы ғана емес, сонымен бірге контингентті көшіру бойынша ішкі істер министрлігінің санкциясымен әрекет еткен аймақтық билік пен шаруашылық органдарының мүмкіндіктері де айтарлықтай шектелді. 1945 жылғы Ережеге сәйкес арнайы қоныс аударушылар үкіметтің рұқсатынсыз басқа территорияға кетуге қатаң тиым салынды (ҚР ПА, Қ.708, Іс.22, П.91).

Шығыс Қазақстан өңіріне жіберілген арнайы қоныстанушылар шекара маңайына орналастырылмады. Оның үстіне ірі өндіріс орындары үлкен қалаларда болатын. Түріксіб теміржолы Шығыс Қазақстан өңіріне басып өткендіктен жер ауадырылғандарды жұмыс күшіне тарту үдерісі қалыпты болды. Шығыс Қазақстан өңірінде ірі өндіріс орындарына немістер жіберілген.

Семей облысында 46% жер аударылып келгендер қалаларда, аудан орталықтары мен темір жол бойларына орналасып, жұмыс істеген (ҚР ПА, 117п.).

Қалаларда, теміржол бойында шешен, ингуш, балқар ұлт өкілдерінің топталуынан тек «шешен қалалар» сияқты елді-мекендердің көбеюіне алып келді. Осыған орай Мемлекеттік Қауіпсіздік министрлігі арнайы қоныстанушыларды жіберген жерінен басқа облыстарға ішкерілей, өзге ұлт өкілдерімен араластыра орналастыру мәселесін көтерді. Оның үстіне 1952 жылы 10 наурыздағы Г.М. Мальенковтың үкімет басшысына жазған баяндамалық жазбасында Қазақстанда соңғы кездерде облыстық қалаларда, аудан орталықтары мен теміржол станцияларында шешен, ингуш ұлттарының топтасып орналасуына жол беріліп отырғандығы, оның өзге де контингенттерге әсер ететіндігі, жер аудару тәртібінің бұзылып, еңбек етуден қашу сияқты фактілердің жиі орын алатындығы айтылды. Осыған орай, қоныстанушыларды қала, аудан, темір жол бойынан алысырақ совхоздар мен колхоздарға бөліп орналастыру мәселесін көтерді (ҚР ПА, Қ.708, Іс.22, П.128).

Бұл жағдайға орай 1952 жылдың 1 сәуірінде Қазақстан коммунист партиясының бюросы арнай комиссия құрып, қоныстанушыларды араластыра орналастыру мәселесін тексеріп, қолға алуға кірісті. Екі аптадан кейін қорытындылары жарияланып, арнайы контингенттерді жұмыс күші қажет ететін нысандарға жіберуді көздегенді (ҚР ПА, Қ.708, Іс.15, П.172).

50-жылдары Министрлер Кеңесі «арнайы қоныстанушыларды қала, аудандық орталық және теміржолдар станциясынан қашыққа орналастыру» туралы жоба даярланған болатын. Осы құжатқа орай, аймақаралық қоныстандыру үдерісін жүргізуге тиісті болған. Семей облысынан 9704 арнайы қоныстанушыларды сол өңірдің басқа мекендеріне орналастыру мәселесі жүзеге асырыла бастады. Барлық облыстарға қарағанда тек Шығыс Қазақстан облысы ғана қоныстанушыларды басқа жерлерге орналастырмау жөнінде шешім қабылдаған (ҚР ПА, Қ.708, Т.16/2, Іс.55, 1-9 пп.).

Нәтижелер

1930-1945 жылдар аралығындағы Шығыс Қазақстан өңіріндегі этнодемографиялық процестер кеңестік билік жүргізген күштеу саясатының, соғыс жылдарындағы көші-қон қозғалыстары мен әкімшілік-территориялық қайта құрулардың тікелей салдары ретінде қалыптасты.

Зерттеу нәтижесінде төмендегідей қорытындыларға қол жеткізілді:

1. Ұжымдастыру мен ашаршылық кезеңінде (1931-1933 жж.) қазақ халқы қатты демографиялық шығынға ұшырады. Аймақтағы ауыл халқының едәуір бөлігі аштық пен босқындық салдарынан қаза тапты немесе басқа өңірлерге көшіп кетті.

2. Саяси қуғын-сүргіндер (1937-1938 жж.) халықтың әлеуметтік құрылымына кері әсер етті. Білімді зиялы қауым өкілдері мен қоғам қайраткерлері жаппай қуғындалды, бұл этнодемографиялық тепе-теңдікті бұзды.

3. Күштеп қоныстандырылған этностардың (корейлер, немістер, шешендер, ингуштар, қалмақтар және т.б.) Шығыс Қазақстанға жаппай көшірілуі нәтижесінде өңірдің этникалық құрамы күрт өзгеріп, этникалық әртүрлілік артты.

4. Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде өңір халқының бір бөлігі майданға кетіп, қайтып оралмады. Сонымен қатар, әскери өнеркәсіпке жұмыс істеу үшін басқа облыстардан келген жұмыс күшінің есебінен көші-қон үдерісі күшейді.

5. Аймақтың этнодемографиялық құрылымы 1940 жылдардың ортасына қарай көпэтносты сипат алып, қазақ халқы өз тарихи отанында сандық жағынан азшылыққа айналды.

Жалпы алғанда, бұл кезеңдегі этнодемографиялық процестер Шығыс Қазақстандағы этникалық қатынастар мен әлеуметтік-мәдени дамуға ұзақмерзімді әсерін тигізді. Зерттеу нәтижелері өңірдің тарихи-демографиялық ерекшеліктерін түсінуге және болашақ зерттеулерге негіз болады.

Қортындылай келе 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін Шығыс Қазақстан өңірі халқының әлеуметтік-демографиялық дамуына ерекше әсер етті. Жаппай қуғындалу барысынан жергілікті халықтың саны азайды. Алайда халық санының өсімі өзге ұлт өкілдерін депортациялап әкелумен толықтырылды. Сөйтіп, өзге этностарды қазақ жеріне әкеліп орналастырудың нәтижесінде ұлттық құрам өзгеріске ұшырады. Байқағанымыздай жер аударылған арнайы қоныстанушылардың әлеуметтік тұрғыдан көзқарастары екі жақты болды. Үкімет сол кезде негізінен шешен, неміс, ингуш және кәріс ұлттарының жаңадан келген эмигранттарының өмір сүру жағдайларын жақсарту үшін бірқатар шаралар қабылдады, бірақ көп жағдайда нәтиже бермеді. Бұл мигранттардың наразылығын тудырды, олардың әлеуметтік даму деңгейі тұрақсыз болды. Қазақ жеріне көп мөлшерде ұлттардың келуі экономика саласына да ауыр соққы еді. Бірақ елімізге келген әр ұлт өкілдерін кең пейілді еліміз құшақ жая қарсы алып өз қамқорлықтарына алып, көмектерін аямады. Соның арқасында өсіп-өніп, қазірге дейін сіңісіп кетуі әрине ұлтымыздың дархандығы, қонақжайлылығы деп

ТОЛЫҚ айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі:

Алексеев А.Н. Население Казахстана. 1920-1990 гг. – Алматы: Ғылым, 1993. – 126

Асылбеков М.Х., Асылбекова Ж.М. Основные итоги Всесоюзной переписи населения 1939 года по Казахстану /Население Казахстана по Всесоюзной переписи населения 1939 года. В 5 т. – Алматы: Арыс, 2009. – Т. 1. – 400 с.

Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). – Алма-Ата: Ғылым, 1991.

Атантаева Б.Ж., Ахметова Р.Д., Камалджанова Т.А. История депортации немецкого этноса в Восточный Казахстан // Немцы Казахстана и Сибири: история и современные проблемы развития: материалы Международной научно-практической конференции. – Москва: Институт наследия, 2017. – С. 198-205.

Орыстың белгілі саяхатшысы Г.Н. Потанин өзінің еңбектері мен мақалаларында өңір қазақтарына байланысты құнды деректер қалдырған. Оның саяхаттарының нәтижесінде жазылған «Очерки Северо-Западной Монголии» атты еңбегінде келтірілген қазір мүлде беймәлім ғұрып ерекше көңіл аударарлықтай: ғалым алғаш күн күркірегенде қазақтар үй сыртынан шөмішпен айнала ұрып, оны босағаға есік жанына қойып, «саумалық-саумалық, құрдық па, құрмадық па, жақсылықты, ескі жыл шықты, жаңа жыл келді» - деп айтып, ырым жасайтынын, сондай-ақ күрішті төгуге, ысыраптауға болмайды, ол пайғамбардың тісінен қалған» - деген түсінік барын жазады (Потанин, 1881). Сондай-ақ Орыс Географиялық қоғамы жазбаларында жарияланған «Поездка по Восточному Тарбагатаю» (Струве, 1867), «Путешествие по озеру Зайсан в южную область Черного Иртыша» (Струве, 1867) атты мақалалары да Тарбағатай қазақтарының рулық құрамы және орналасуы, мал шаруашылығымен айналысуы, үй кәсібі, қолөнер және аңшылық өнері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі жайлы мәліметтерге толы. Сондай-ақ қарастырылып отырған өңір қазақтарының заттай және рухани мәдениеті туралы мәліметтер белгілі түрколог ғалым, түркі халықтарының этнографиясының білгірі В.В. Радловтың «Из Сибири» атты кітабында баяндалған (Радлов, 1989).

Сонымен қатар белгілі ғалым Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектерінде өңір қазақтарына байланысты мәліметтерді кездестіруге болады. Ғалым өзінің сапарында Тарбағатай өңірлерінде болып, сол жерлерді қоныстанып отырған қазақтардың ауылдарында болғанын жазып кеткен. Әсіресе, Ш.Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағының 2 (Левшин, 1996) және 4 (Обычай казахов Семипалатинской области, 1878) томдарындағы мәліметтердің маңызы зор.

Жоғарыда аталған еңбектерден басқа орыстың мерзімді басылымдарында әдеби және әскери журналдарда қазақ халқының өмір-тіршілігіне байланысты мақалалар басылып тұрды. Солардың бірі П. деген атпен автордың «Обычаи киргизов Семипалатинской области» (Дужин, 19855) деген мақаласы Тарбағатай өңірі қазақтарының құда түсіп, қыз ұзату және үйленуге, бала тууға, өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрыптарына тікелей байланысты жазылған. 1855 жылы «Северная пчела» журналында жарияланған К. Дужанның «Свадебные обряды у киргизов Кокбектинского округа» деген мақаласындағы құда түсіп, қыз ұзату және үйленуге байланысты әдет-ғұрыптар жөнінде көптеген қызықты деректер келтірілген (Аристов, 1897). Бұл еңбектердің құндылығы сол - олар еңбектерін тікелей ел арасынан өздері жинаған мағлұматтар негізінде жазған.

Н.А. Аристов (Аристов, 1897) қазақ жүздері мен рулары, олардың таңбалары, шығуына, санына байланысты мәліметтерді халық арасынан жинай отырып, құнды мағлұматтар тастады.

Сондай-ақ қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын терең зерттеген Орыс Географиялық Қоғамының Батыс Сібір бөлімі және осы бөлімнің Семей бөлімшесінің жазбаларында жарияланған мақалалар ішінде де Тарбағатай өңірі қазақтарына байланысты мақалалар біршама. Солардың бірі Г. Катанаевтың «Прииртышские казаки и киргизы Семипалатинского уезда в их домашней и хозяйственной обстановке» деген мақаласы (Обзор Семипалатинской области на 1886 год, 1887). Бұл мақалада өңір қазақтарының заттай мәдениетіне, яғни баспанасына, киіміне, тағамына қатысты мағлұматтар келтірілген. Еңбек осы аймақты мекендеп отырған қазақтардың заттай мәдениетін көршілес қазақ және орыс қоныстанушыларымен салыстырмалы түрде жазылған.

XIX ғасырдың аяғынан бастап шыға бастаған «Обзор Семипалатинской области» жинағының 1886 (Обзор Семипалатинской области на 1887 год, 1888), 1887 (Обзор Семипалатинской области на 1890 год, 1891), 1890 (Сборник статей по Семипалатинской области, 1899) жылдардағы басылымдарында және «Памятная книжка Семипалатинской области» жинақтарында да (Коншин, 1901) облыстың мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, көші-қон жолдары, этникалық құрамы, қазақтардың мінез-құлқы жөніндегі мағлұматтарды көптеп кездестіруге болады.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында Семей өңірінде өмір сүріп қазақтардың өмір-тіршілігімен етене танысқан Н.Я. Коншин болды. Ол сол өңірдегі қазақтардың ауылдарын аралап, зерттеу жұмысын жазу барысында үлкен септігін тигізген деректерді жазып қалдырып кетті. Оның «Очерки экономического быта киргиз Семипалатинской области» деген еңбегі

Тарбағатай өңірін жайлаған қазақтардың тұрғын-жайлары, шаруашылығына қатысты мағлұматтарға толы (Коншин, 1899). «По Усть-Каменогорскому уезду» (Коншин, 1923), «Краткий исторический очерк Семипалатинского края» (Коншин, 1923), «К вопросу о переходе киргиз Семипалатинской области, в оседлое состояние» (Коншин, 1922) және т.б. мақалалары өлкенің этнографиясы мәселелерін қамтыған. Ал Коншиннің «Записки о торговле с Западным Китаем и Западной Монголией и о мерах к ее развитию» (Грумм-Гржимайло, 1926) деген еңбегі Семей өңірінен өтетін сауда жолдары, тауарлардың құны, сауданың маңызы, қазақтардың саудаға араласуы жайында айтылған. Тарбағатай қазақтарының этнографиясын зерттеуде Н.Я. Коншиннің өзіндік орны ерекше. Бұл еңбектерде жергілікті қазақтардың әдет-ғұрпына, егін егу, шөп шабу тәсілдеріне, отырықшылыққа бет бұру үдерісіне айрықша мән береді.

Аталмыш өңір қазақтарының тұрмыс-салты мен мінез-құлқы және орналасуы туралы құнды мәлімет қалдырған 1903 жылы Қазақстан мен Қытай шекарасындағы Зайсаннан өтіп Қара Ертісті өрлей, одан әрі Өрмегейтіні асып, Батыс Моңғолияны аралап, қайтарында Қосағаш арқылы қайтқан Г.Е. Грумм-Гржимайло «Западная Монголия и Урянхайский край» атты үш томдық еңбек жазды. Осы кітаптың 2-ші кітабының III-томында абақ-керей, наймандардың тұрмыс-салт, әлеуметтік мәселелері жөнінде баяндайды (Борнеман, 1900). Г.Е. Грумм-Гржимайло мәліметтерін Н.Б. Борнеман толықтырады (Құдайбердіұлы, 1992).

Шәкәрім Құдайбердіұлы (Тынышпаев, 1925) мен М. Тынышпаев (Көбейұлы, 1993), М.Ж. Көпеев (Трофимук, 1930) еңбектерінен де өңір руларының орналасуы, санына байланысты мәліметтер алуға болады. Алайда бұл мәліметтер мұқият қаруды қажет етеді.

Сондай-ақ аталмыш өңір қазақтарының тұрмысына байланысты «Казакки» деген атпен шыққан КСРО Ғылым Академиясының С.И. Руденко басшылығымен жүргізілген арнайы экспедициялық зерттеу комиссиясының материалдары жинағының бірнеше басылымдарында жарияланған мақалалардың орны ерекше. Осы аталған жинақтағы 1927 жылы Семипалатинск губерниясы қазақтарының тұрмыс күйіне атап айтқанда, сумен, азық-түлікпен қамтамасыз ету жөнінде және тағамы мен киімдері санитарлық зерттеу жүргізген Н.А. Трофимуктың мақаласы ерекше. Еңбектің құндылығы сол, қазақтардың тамақтануындағы әлеуметтік айырмашылықты зерттей отырып, ғалым бай мен кедейдің күніне тұтынатын тағам мөлшерінің процентін есептеп шығарды (Руденко, 1930).

Бұдан кейінгі уақытта Шығыс Қазақстан қазақтарына байланысты аталған экспедициялық зерттеу комиссиясының материалдарында жарияланған С.И. Руденконың «Очерк быта северо-восточных казахов» еңбегі өлке қазақтарына (өмір-тіршілігі, үй-жайы, киімі) қатысты ғылыми деректерінің құндылығымен және зерттелініп отырған өлке этнографиясын қамтығандығымен де назар аудартады. Аталмыш еңбекте Шығыс Қазақстан қазақтарының материалдық мәдениетіне, әсіресе баспанасы, киім-кешегі, тағамына айрықша мән берген (Маргулан, 1930). Осы экспедиция зерттеулерінің мақалалар жинағында

жарияланған Шығыс Қазақстан наймандарына байланысты Ә.Х. Марғұланның мақаласы да қызықты (Маргулан, 1930).

Дәстүрлі тағамдар жүйесін зерттеуде ерекше атап өтетін еңбек Ф.А. Фиельструптың сүт тағамдары жайлы мақаласы. Ол түркі-моңғол халқының сүттен дайындалатын тағам түрлерін әзіреу, өңдеу тәсілдерін салыстыра отырып зерттеген алғашқы еңбек (Фиельstrup, 1930).

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда қазақ этнографиясын зерттеу ісі едәуір қолға алына бастады. Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімі қызметкерлерінің қазақтардың дәстүрлі және осы заманғы тұрмысын зерттеген еңбектерінде осы өңірдің қазақтары туралы деректер ұшыраса бастады.

Осындай мақсатпен құрамында ғылыми қызметкерлер Д. Рахметов және М. Уралов бар этнографиялық экспедиция 1946-1948 жж. аралығында Семей және Шығыс Қазақстан облыстарына зерттеулер жүргізді. Бұл экспедицияның жұмысы Қазақстандағы этнографиялық зерттеулердің бастамасы болды. М. Уралов пен Д. Рахметов Шығыс Қазақстанның Зайсан, Тарбағатай және Ақсуат аудандарында болды және экспедиция есебіне қарағанда қазақтардың мүлдем жоғалып кеткен киім түрлеріне байланысты құнды да қызықты этнографиялық материалдар жинаған. Өкінішке орай экспедиция нәтижелері жарияланбаған, архив сақталмаған (Аргынбаев, 1959).

Зерттеліп отырған өңір қазақтарына байланысты Х.А. Арғынбаевтың мақаласында шығыстағы қазақтардың дәстүрлі материалдық мәдениетінде орыстармен қатынас нәтижесінде пайда болған өзгерістер туралы баяндалған. Онда қазақтар арасындағы баспанасы, киімі, тағамындағы өзгерістер, керісінше орыс баспанасы, киімі, тағамына қазақтардың әсері айтылады. Мәселен, әсіресе қымыздың орыстар арасында көп тарағаны айтылады (Аргынбаев, 1959).

М.С. Мұқанов пен В.В. Востровтың қазақ халқының және туыстас түркі халықтарының ру-тайпалық құрамы мен орналасуына қатысты монографиясы этникалық процесті зерттеуге қосатын елеулі үлес (Востров, 1968) және осы еңбекте олар ең алғаш рет қазақ халқының XIX-XX ғғ. басындағы ру-тайпалық құрылымдарының нақты орналасу аумағын картаға түсірді. Кейіннен М.С. Мұқанов тек Орта жүз қазақтарын қамтып жеке монография шығарды (Муканов, 1874). Осы зерттеуінде Орта жүз құрамына кірген тайпалардың тегі, әр кезеңдегі тағдыры мен этникалық тарихы, аймақтағы қазақтардың рулық құрамы, олардың әр кезеңдегі орын ауыстыруы сияқты мәселелерге егжей-тегжейлі тоқталған.

Х.А. Арғынбаев, М.С. Мұқанов, В.В. Востров сияқты ғалымдардың бірігіп жазған «Қазақ шежіресі хақында» деген еңбегі Орта жүз, оның ішінде қарастырылып отырған аймақ қазақтарының әр кезеңдегі орналасуы, этникалық құрамына байланысты құнды мәліметтерге толы (Арғынбаев, 2000).

Г.С. Нұрғалымованың «Шығыс Қазақстанның көне тарихы мен мәдениеті» деген еңбегінде осы өңірді мекен еткен тайпалар туралы мәліметтер келтіріліп, шығыс өңіріне түрлі мақсатпен келген елшіліктер мен

экспедициялар деректері сараланады. Елді-мекен, жер-су атауларының тарихы баяндалады (Нұрғалымова, 2002).

Зардыхан Қинаятұлы (Қинаятұлы, 2001), Ислам Қабышұлы (Қабышұлы, 1978) сияқты ғалымдардың еңбектерінде де зерттеліп отырған аймақты мекендеген қазақ тайпаларына байланысты мәліметтер кездеседі.

Шығыс Қазақстан қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптарына байланысты жазылғын Д.Б. Ескекбаевтың мақаласы өңір қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдеріне тікелей қатысты. Автор мақаланы өзі ел арасынан жинаған мәліметтер негізінде жазғандықтан бұл мақаланың біз үшін маңызы зор (Ескекбаев, 2001).

Қорыта айтқанда, Тарбағатай өңірінің қазақтарының зерттелуін қарастыру мәселесі қазақ халқының локальдық топтарын зерделеуде маңызы зор.

Материалдар мен әдістер

Шығыс Қазақстанның қазақ тұрғындарының тарихы мен этнографиясына қатысты XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдағы зерттеулерді саралау барысында кешенді пәнаралық әдіснамалық тәсіл қолданылды. Зерттеудің әдістемелік негізі тарихи шынайылық, объективтілік және жүйелілік принциптеріне сүйенеді. Нақты ғылыми міндеттерді шешу үшін келесі арнайы тарихи және жалпы ғылыми әдістер кешені пайдаланылды.

Тарихи-салыстырмалы әдіс зерттеудің өзегін құрайды. Оның көмегімен әртүрлі тарихи кезеңдерде (патшалық Ресей, кеңестік дәуір және тәуелсіздік жылдары) Шығыс Қазақстан қазақтарының шаруашылығы мен мәдениеті туралы жазылған деректер өзара салыстырылды. Мысалы, С.Б. Броневскийдің XIX ғасырдың басындағы алғашқы диқаншылық туралы мәліметтері мен Н.Я. Коншиннің XIX ғасырдың соңындағы экономикалық очерктері, сондай-ақ С.И. Руденконың 1930 жылдардағы экспедициялық материалдары салыстырмалы талдаудан өткізілді. Бұл аймақ қазақтарының дәстүрлі тұрмыстан отырықшылыққа көшу динамикасын және локальдық ерекшеліктерін хронологиялық тұрғыдан қадағалауға мүмкіндік берді.

Тарихи-жүйелілік әдіс өңір тарихнамасы мен этнографиялық білімдердің қалыптасуын біртұтас жүйе ретінде қарастыру мақсатында қолданылды. Бұл әдіс Шығыс өңірі қазақтарының материалдық (баспана, киім, тағам технологиясы) және рухани (отбасылық салт-дәстүрлер, наным-сенімдер) мәдениетіне қатысты деректерді жеке-жеке үзінді күйінде емес, біртұтас этномәдени жүйенің құрамдас бөліктері ретінде зерделеуге жағдай жасады.

Дереккөзтанулық және сыни талдау әдісі зерттеу барысында пайдаланылған тарихнамалық еңбектердің, мерзімді басылымдардың («Земледельческий журнал», «Отечественные записки» т.б.) және архивтік/экспедициялық материалдардың мазмұнына қатаң дереккөзтанулық талдау жасалды. Мәтіндердің жазылу мерзімі, авторлардың (әскери шенеуніктер, кеңестік ғалымдар, шежірешілер) зерттеу мақсаттары мен олардың объективтілік деңгейі сараланды. Бұл әдіс патшалық және кеңестік кезеңдегі идеологиялық

конъюнктура мен біржақты таптық көзқарастарды сүзгіден өткізіп, нақты тарихи фактілерді бөліп алуға көмектесті.

Тарихи-генетикалық әдіс Шығыс Қазақстан аумағындағы этникалық және шаруашылық үдерістердің шығу тегі мен даму себептерін анықтау үшін пайдаланылды. В.В. Востров, М.С. Мұқанов еңбектеріндегі рулық құрам мен қоныстану карталарын, сондай-ақ Ш. Құдайбердіұлы мен М. Тынышпаевтың шежірелік мұраларын талдауда бұл әдіс Орта жүз руларының (Найман, Керей) ішкі миграциялық қозғалыстарының себеп-салдарлық байланысын ашуға мүмкіндік берді.

Пәнаралық және ретроспективті тәсіл этнографиялық деректердің ерекшелігін ескере отырып, тарих ғылымымен қатар этнология, әлеуметтану және мәдени антропологияның түйіскен тұсындағы әдістер қолданылды. Мысалы, Н.А. Трофимуктың (1927 ж.) санитарлық-этнографиялық мәліметтеріндегі бай мен кедей қазақтардың тамақтану және киіну деңгейіне қатысты статистикалық көрсеткіштерін талдауда әлеуметтік-экономикалық жіктелу модельдері пайдаланылды. Ретроспективті тәсіл арқылы бүгінгі таңда ұмытылған көне рухани мәдениет элементтері (Г.Н. Потанин жазып алған «саумалық» ырымы сияқты) арқылы халықтың ежелгі дүниетанымы жаңғыртылды.

Компаративистік және кросс-мәдени талдау Шығыс Қазақстанның шекаралық аймақ ретіндегі ерекшелігін ашу үшін маңызды рөл атқарды. Х.А. Арғынбаев, Г. Катанаев, Г.Е. Грумм-Гржимайло және Н.Б. Борнеман еңбектеріндегі мәліметтер негізінде қазақ тұрғындары мен көршілес орыс-казак қоныстанушылары, сондай-ақ моңғол, қытай халықтары арасындағы мәдени дифференциация, аккумуляция (мәдени ықпалдасу) және трансмиссия (мәдени элементтердің ауысуы) үдерістері кросс-мәдени тұрғыдан зерттелді.

Аймаққа қатысты этнографиялық білімдердің қалыптасуы мен концептуалдық даму динамикасы.

Шығыс Қазақстан қазақтары туралы жазба деректер мен ғылыми тұжырымдардың жиналуы біртекті емес, олар тарихи-саяси жағдайларға байланысты өзгеріп отырған. Өңір тарихнамасының даму жолы мен концептуалдық бағыттары үш ірі тарихи кезеңге жіктеліп, олардың сипатын келесідей айқындауға болады:

Патшалық Ресей дәуірі (XIX ғ.-XX ғ. басы): Бұл кезеңдегі зерттеулердің негізгі мақсаты академиялық қызығушылықтан бұрын, империяның отарлау саясатын күшейту, жаңа әкімшілік-территориялық бірліктерді басқару және шекаралық аймақтарды игеру мүдделерінен туындады. Іссапармен келген әскерилер (И.Г. Андреев, С.Б. Броневский), саяхатшылар мен шенеуніктер (И. Сиверс, И.П. Фальк, Н.Д. Абрамов, Г. Катанаев) қалдырған мәліметтер алғашқы эмпирикалық базаны қалыптастырды. Бұл кезең еңбектерінің басты нәтижесі – Шығыс өңіріндегі қазақ руларының орналасу географиясы мен алғашқы статистикалық және демографиялық сипаттамаларының хатқа түсуі болды.

Кеңестік кезең (1920-1980 жж.): Бұл кезеңде зерттеулер толықтай кәсіби-академиялық және институционалдық сипатқа көшті. КСРО Ғылым Академиясының ұйымдастыруымен өткен ауқымды экспедициялар (С.И.

Руденко, Ф.А. Фиельструп, Н.А. Трофимук) мен Қазақ КСР Ғылым Академиясы ғалымдарының (Ә.Х. Марғұлан, Х.А. Арғынбаев, М.С. Мұқанов, В.В. Востров) еңбектері аймақ этнографиясын теориялық тұрғыдан қорытуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, Шығыс қазақтарының материалдық мәдениеті жүйеленіп, маркстік-лениндік методология аясында болса да, қоғамдық қатынастар мен шаруашылық түрлері нақтыланды.

Тәуелсіздік жылдарындағы жаңа бағыттар (XX ғ. соңы-XXI ғ. басы): Идеологиялық қысым мен біржақты таптық көзқарастан арылу нәтижесінде Шығыс Қазақстанның этномәдени мұрасын зерделеудің жаңа парадигмасы қалыптасты. Ұлттық шежірелік мұралар мен отандық ғалымдардың (Ш. Құдайбердіұлы, М. Тынышпаев, М.Ж. Көпеев, З. Қинаятұлы, И. Қабышұлы, Г.С. Нұрғалымова, Д.Б. Ескекбаев) еңбектері негізінде аймақтық зерттеулердің ғылыми негізі кеңейіп, локальдық топтардың ішкі бірегейлігі мен отбасылық құндылықтары алдыңғы орынға шықты.

Дәстүрлі шаруашылықтың трансформациясы мен отырықшылыққа көшу үдерісінің локальдық ерекшеліктері.

Зерттеушілердің еңбектерін өзара салыстыра талдау барысында Шығыс Қазақстан (соның ішінде Семей, Өскемен, Көкпекті, Зайсан, Тарбағатай өңірлері) қазақтарының дәстүрлі мал шаруашылығынан жартылай отырықшылық пен егіншілікке өту үдерісінің өзіндік қарқыны мен ерекшеліктері бар екені нақты көрінеді. Генерал-майор С.Б. Броневскийдің 1832 жылы «Земледельческий журнал» мен «Отечественные записки» басылымдарында жарияланған мәліметтері маңызды тарихи фактілерді ашады. Оның жаңадан құрылған Көкпекті округі қазақтарының алғаш рет жаппай жер жыртып, отырықшылыққа бет бұрғаны туралы жазбалары және нақты қазақ диқандарының есімдерін атап көрсетуі – аймақтағы шаруашылық трансформациясының ерте басталғанын көрсетеді.

Өлкені зерттеуде ерекше орын алатын Н.Я. Коншиннің «Очерки экономического быта киргиз Семипалатинской области» (1899 ж.) және «К вопросу о переходе киргиз Семипалатинской области в оседлое состояние» (1923 ж.) атты еңбектерін саралау арқылы Шығыс қазақтарының тек мал бағумен шектелмей, шөп шабу, тұрақты қыстаулар салу және егін егу тәсілдерін өте белсенді игергені анықталды. Оның үстіне, Коншиннің Батыс Қытаймен және Батыс Моңғолиямен сауда қатынастары туралы жазбалары Семей өңірі қазақтарының тауар-ақша қатынастарына ерте араласқанын айқындайтын маңызды нәтиже болып табылады.

Материалдық мәдениеттің, баспана мен дәстүрлі тағамдар жүйесінің ғылыми сипатталуы.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы экспедициялық материалдар Шығыс қазақтарының материалдық мәдениетін бағалауда теңдессіз дереккөз екені анықталып, келесідей жүйелеуге болады:

Тұрмыстық және санитарлық жағдайды нақтылау: КСРО Ғылым Академиясының С.И. Руденко басқарған экспедициясының материалдары (1930 ж.) Шығыс Қазақстан қазақтарының материалдық болмысын терең ашып берді. Әсіресе, Н.А. Трофимуктың Семей губерниясы қазақтарының тамақтануы, киімі

мен тұрғын үйлеріне жүргізген санитарлық-этнографиялық зерттеулерін талдау нәтижесінде маңызды әлеуметтік қорытынды шығарылды: ғалым алғаш рет бай мен кедей қазақтардың күнделікті тұтынатын тағам мөлшері мен киім-кешек сапасын нақты пайыздық көрсеткіштермен (процентпен) есептеп, әлеуметтік жіктелудің тұрмысқа әсерін дәлелдеген.

Дәстүрлі өнімдерді өңдеу технологиясы: Ф.А. Фиельструптың сүт тағамдарына арналған зерттеуін талдау арқылы Шығыс өңіріндегі көшпелілердің сүт өнімдерін өңдеу, ашыту және сақтау тәсілдерінің түркі-моңғол халықтарының ортақ мәдениеті аясындағы өзіндік локальдық ерекшеліктері мен технологиялық айырмашылықтары ғылыми тұрғыдан айқындалды.

Жоғалған мұраларды жаңғырту әрекеттері: Қазақ КСР Ғылым Академиясының тапсырмасымен 1946-1948 жылдары Шығыс Қазақстанның Зайсан, Тарбағатай, Ақсуат аудандарында этнографиялық ізденістер жүргізген Д. Рахметов пен М. Ураловтың зерттеулері (Х.А. Арғынбаевтың сипаттауы бойынша) сол кезеңнің өзінде-ақ халық арасынан мүлдем жоғалып бара жатқан дәстүрлі киім үлгілерін жинақтап, тіркеп кеткендігі анықталды.

Рухани мәдениет, әдет-ғұрыптар және наным-сенімдер жүйесінің сақталу динамикасы.

Мақалада қарастырылған еңбектерді саралай келе, Шығыс Қазақстан қазақтарының рухани дүниесі мен отбасылық-тұрмыстық ғұрыптарының зерттелу нәтижелері былайша топтастыруға болады:

Фольклорлық және мифологиялық түсініктер: Атақты ғалым Г.Н. Потаниннің «Очерки Северо-Западной Монголии» (1881 ж.) еңбегіндегі мәліметтерді талдау барысында Шығыс қазақтарына ғана тән, бірақ қазіргі таңда мүлдем ұмытылған көне ырымдар анықталды. Мысалы, алғаш күн күркірегенде үйдің сыртынан шөмішпен айналдыра ұрып, «саумалық, ескі жыл шықты, жаңа жыл келді» деп тілек айту ырымы және күріш дәнін пайғамбардың тісінен қалған қасиетті ас деп санау сияқты этнографиялық детальдар өңір тұрғындарының ежелгі таным-түсінігінен хабар береді.

Отбасылық-некелік қатынастар: П. (1878 ж.) және К. Дужан (1855 ж.) сияқты авторлардың Көкпекті және Семей өңірлері бойынша жазған «Свадебные обряды у киргизов» атты мақалалары, сондай-ақ заманауи зерттеуші Д.Б. Ескекбаевтың ел арасынан жинаған материалдары негізінде Шығыс қазақтарының құда түсу, қыз ұзату, үйлену және баланың дүниеге келуіне байланысты жоралғыларының аймақтық сипаты мен тұрақтылығы айқындалды.

Этникалық үдерістер, рулық құрам және мәдениеттердің өзара ықпалдасуы (Дифференциация).

Нәтижелердің тағы бір маңызды бөлігі – аймақтың этникалық картасы мен көршілес халықтармен мәдени байланысын анықтаумен байланысты:

Рулық құрылым мен қоныстану картасы: В.В. Востров пен М.С. Мұқановтың іргелі монографияларын талдау барысында ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Шығыс Қазақстанды мекендеген Орта жүз руларының (Найман, Керей және олардың тармақтары) нақты орналасу территориялары алғаш рет ғылыми картаға түсірілгені және олардың ішкі миграциялық қозғалыстары нақтыланғаны анықталды. Ш. Құдайбердіұлы мен

М. Тынышпаевтың шежірелік деректері бұл мәліметтерді тарихи тұрғыдан толықтыра түседі.

Қазақ-орыс мәдени дифференциациясы: Х.А. Арғынбаев пен Г. Катанаевтың еңбектерін салыстыру арқылы Шығыс өңіріндегі қазақтар мен келімсек орыс-казак қоныстанушыларының арасында екіжақты мәдени ықпалдасу (аккультурация) жүргені дәлелденді. Қазақтардың орыстардан ағаш үй салу, шөп шабу мәдениетін үйренуімен қатар, керісінше орыс-казактарының арасында қазақтың ұлттық сусыны — қымыздың өте кең таралып, оны күнделікті тұрмыста қолдануы сияқты қызықты локальдық нәтижелер айқындалды.

Шекаралас аймақтармен байланыс: Г.Е. Грумм-Гржимайло мен Н.Б. Борнеманның зерттеулері Шығыс Қазақстанның Қытаймен және Моңғолиямен шекаралас аумақтарындағы қазақтардың (мысалы, Абак-Керейлер мен Наймандардың) әлеуметтік құрылымы мен тұрмыс-салтының көршілес этностармен тығыз экономикалық байланыста дамығанын көрсетті.

Нәтижелер

Шығыс Қазақстанның қазақ тұрғындарының тарихы, этнографиясы мен мәдениетіне қатысты XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр бойы жинақталған ғылыми-тарихнамалық мұраны кешенді түрде саралай келе, мынадай жалпылама тұжырымдар жасауға болады:

Өңір этнографиясы мен тарихының зерттелуі біржақты үдеріс емес, ол тарихи-саяси конъюнктура мен мемлекеттік идеологиялардың ауысуына тікелей тәуелді болды. Патшалық Ресей кезеңіндегі алғашқы сипаттамалық және әкімшілік-статистикалық деректерден бастап, кеңестік дәуірдегі жүйелі-академиялық зерттеулерге, сондай-ақ тәуелсіздік жылдарындағы ұлттық және аймақтық бірегейлікті алдыңғы орынға қойған жаңа парадигмаларға дейінгі даму жолы – Шығыс Қазақстан қазақтары туралы этнографиялық білімдердің эволюциялық түрде тереңдегенін көрсетеді. Бұл ретте сыртқы бақылаушылар мен отандық ғалымдардың, шежірелік мұралардың бірін-бірі толықтыруы өңір тарихының объективті бейнесін жасауға негіз болды.

Шығыс Қазақстан қазақтарының шаруашылық құрылымы мен тұрмыстық болмысы трансформациялық процестерге бейімділігімен ерекшеленеді. Деректерді талдау көрсеткендей, аймақ тұрғындары табиғи-климаттық жағдайларға икемделе отырып, дәстүрлі көшпелі шаруашылықты сақтап қана қоймай, жартылай отырықшылық, егіншілік пен шөп шабу, тұрақты қыстаулар салу мәдениетін өзге өңірлермен салыстырғанда ертерек әрі белсенді игерген. Бұл құбылыс өңірдің экономикалық және әлеуметтік дамуының ішкі потенциалы жоғары болғанын дәлелдейді.

Шығыс өңірі – әртүрлі мәдениеттер мен этностардың тоғысқан, өзара ықпалдасу (дифференциация мен трансмиссия) процестері қарқынды жүрген бірегей локальдық кеңістік ретінде айқындалды. Қазақ тұрғындарының материалдық және рухани мәдениеті өзінің төлтума сипатын сақтай отырып, көршілес орыс-казак қоныстанушыларымен, сондай-ақ шекаралас моңғол мен қытай халықтарымен тығыз экономикалық және мәдени байланыста дамыды.

Бұл байланыстар тұрмыс-салтқа, баспана мен тағам мәдениетіне екіжақты әсер етіп, аймақтың өзіндік этномәдени феноменін қалыптастырды.

Түйіндей айтқанда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдағы Шығыс Қазақстан қазақтарының тарихнамасы мен этнографиялық мұрасы — жай ғана өткен күннің деректер жиынтығы емес, халықтың сан ғасырлық тәжірибесін, әлеуметтік құрылымын және рухани кодын сақтап қалған іргелі ғылыми база. Бұл білімдер жүйесі бүгінгі жаһандану заманында аймақтың тарихи-мәдени регенерациясын жасауға, ұлттық код пен тарихи сананы жаңғыртуға қызмет ететін маңызды ғылыми құрал болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков.-Алматы:Ғылым, 1998. - 278 с.

Броневский С.П. Записки генерал-майора Броневского о киргиз-кайсаках Средней Орды // Отечественные записки. - 1830. - Ч.2, кн. 2. - С. 193-194.

Броневский С.П. О первой оседлости и хлебопашестве киргизов во вновь образуемом Кокбектинском округе в Киргизской степи // Земледельческий журнал. - 1832. - № 8. - С. 89-91.

Абрамов Н.Д. Киреевские киргизы Сибирского ведомства // Известия РГО. - СПб., 1865. - Т.1. - С.112-123.

Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. - СПб., 1897. - 486 с.

Арғынбаев Х.А., Мұқанов М.С., Востров В.В. Қазақ шежіресі хақында. - Алматы: Атамұра, 2000. - 464 б.

Арғынбаев Х.А. Историко-культурные связи русского и казахского народов и их влияние на материальную культуру казахов в середине XIX и нач. XX веков (По материалам Восточного Казахстана) // Труды ИИАЭ. - Алматы, 1959. - Т. 6. - С.19-90.

Борнеман Н. Очерки Тарбагатайского края // Сборник консульских донесений. - 1900. - Вып. III. - С. 29-35.

Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов. - Алма-Ата, 1968. - 255 с.

Грумм-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. -Л., 1926. Т. 3. - 895 с.

Дужин К. Свадебные обряды у киргизов Кокбектинского округа // Северная пчела. - 1855. - № 92. - С.16-18.

Ескекбаев Д.Б. Шығыс Қазақстан облысы қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгіні. Мақалалар жинағы. - Алматы, 2001. - 51-58 бб.

Фиельструп Ф.А. Молочные продукты питания турков-кочевников // Казаки: Сборник статей. - Л., 1930. - Вып. XV. - С.71-85.

Катанаев Г. Прииртышские казаки и киргизы Семипалатинского уезда в их домашней и хозяйственной обстановке // Записки Зап.Сибирского отдела ИРГО. - 1893. - Кн. XV. - С. 79-85.

Коншин Н.Я. Очерки экономического быта киргиз Семипалатинской

области // Памятная книжка Семипалатинской области на 1901 г. - Семипалатинск, 1901. - С. 9-19.

Коншин Н.Я. По Усть-Каменогорскому уезду. Путевые заметки - Семипалатинск, 1899. - 51 с.

Коншин Н.Я. Краткий исторический очерк Семипалатинского края // Наше хозяйство. - 1923. - № 9. - С. 34-40.

Коншин Н.Я. К вопросу о переходе киргиз Семипалатинской области в оседлое состояние // Наше хозяйство. - 1923. - № 10. - С. 41-47.

Коншин А. Записки о торговле с Западным Китаем и Западной Монголией о мерах к ее развитию // Наше хозяйство. - 1926. - № 2. - С. 57-64.

Көбейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. - Алматы, 1993. - 76 б.

Қабышұлы И. Керейлер керуені: тарихи монографиялық қысқаша шолу. - Өлгий, 1978. - 116 б.

Қазақстандағы тарих ғылымы. - Алматы, 2004. - 321 б.

Қинаятұлы З. Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары. IX-XII ғасыр. - Астана: Елорда, 2001. - 208 б.

Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қазақ, һәм хандар шежіресі. - Алматы: Дастан, 1992. - 120 б.

Левшин В.И. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. - Алматы: Санат, 1996. - 655 с.

Маргулан А.Х. Найманы // Казаки: Сборник статей. - Л., 1930. - Вып. XV. - С. 63-70.

Муқанов М.С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. - Алма-Ата: Наука, 1974. - 200 с.

Нұрғалымова Г.С. Шығыс Қазақстанның көне тарихы мен мәдениеті. - Алматы: "Арыс" баспасы, 2002. - 116 б.

Обзор Семипалатинской области на 1886 год. - Семипалатинск, 1887. - 87 с.

Обзор Семипалатинской области на 1887 год. - Семипалатинск, 1888. - 87 с.

Обзор Семипалатинской области на 1890 год. - Семипалатинск, 1891. - 87 с. Сборник статей по Семипалатинской области (Из памятных книжек на 1897- 99). - Семипалатинск, 1899. - 112 с.

Обычай казахов Семипалатинской области // Русский вестник. - 1878. - № 9. - С. 23-46.

Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. - СПб., 1881. - Вып. 2. - 181 с.

Радлов В.В. Из Сибири: страницы дневника. - М.: Наука, 1989. - 749 с.

Валиханов Ч.Ч. Собр. соч.: в 5-ти томах. - Т. 2. - 416 с.

Руденко С.И. Очерк быта северо-восточных казаков // Казаки: Сборник статей. - Л., 1930. - Вып. XV. - С. 1-62.

Сиверс И., Фальк И.П. Письма из Сибири. - Алматы: Ғылым, 1999. - 136 с.

Струве К., Потанин Г. Поездка по восточному Тарбагатаю // Записки ИРГО.

- СПб., 1867. - Т. 1. - С. 65-73.

Струве К., Потанин Н. Путешествие на озеро Зайсан и речную область Черного Иртыша // Записки РГО по общей географии. - СПб., 1867. - Т. 1. - С. 55-61.

Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. - Ташкент, 1925. - 75 с.;

Трофимук Н.А. Санитарный очерк обследования, питания, жилища и одежды жителей Казахстана // Казаки: Сборник статей. - Л., 1930. - Вып. XV. - С. 163- 202.

М.К. Егизбаева

аль-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан, Алматы

КАЗАХСКОЕ НАСЕЛЕНИЕ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В ТРУДАХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ (конец XIX-XX вв.)

Аннотация. В статье всесторонне рассматриваются вопросы, связанные с исследованием казахов Восточного региона Казахстана. Основная цель работы – проанализировать труды ученых, изучавших культуру, быт, социальную организацию и духовную жизнь восточноказахстанских казахов, а также определить их значение в научном обороте. Автор обращается к различным источникам и публикациям, выходящим в разные исторические периоды, и показывает, как формировалась база этнографических и историко-антропологических знаний об этом аймаке.

Особое внимание уделяется тому, что активное накопление письменных сведений о казахской степи было напрямую связано с усилением колониационной политики Российской империи. В этот период в регион направлялись военные, чиновники, исследователи и путешественники, которые оставили после себя значительный массив описаний, наблюдений и этнографических заметок. Хотя подобные источники нельзя считать полноценными научными трудами в строгом академическом смысле, они предоставляют важную информацию по рассматриваемой теме и продолжают сохранять высокую библиографическую ценность.

В статье подчеркивается, что данные материалы, созданные царскими администраторами и наблюдателями, не утратили своего научного значения и по сей день. Они служат ключевыми документами для реконструкции историко-культурного облика региона, восстановления особенностей традиционного хозяйства, быта и мировоззрения казахов Шығыс Қазақстан.

Кроме того, автор анализирует труды, опубликованные в советский период и в годы независимости, показывая эволюцию научных подходов к изучению восточноказахстанских казахов. Таким образом, статья вносит вклад в углубление знаний об этнокультурном наследии региона и расширяет теоретико-методологическую базу региональных исследований.

Ключевые слова: этнос, нация, этнография, обычаи и обряды, одежда, ремесло.

M.K. Egyzbaeva

KazNU al-Farabi, Kazakhstan, Almaty

KAZAKH POPULATION OF EASTERN KAZAKHSTAN IN THE WORKS OF RESEARCHERS (late XIXth- XXth centuries)

Abstract. The article examines key issues related to the study of the Kazakh population living in the eastern regions of Kazakhstan. The main objective of the work is to analyze and systematize the scholarly contributions of researchers who have explored the culture, daily life, and social structure of the Kazakhs of East Kazakhstan. Particular attention is given to the ways in which these

studies have evolved over time and the methodological approaches used by various authors.

Written sources about the Kazakh steppe became more numerous during the period of the Russian Empire's colonial expansion. Although the records produced by tsarist officials cannot be classified as comprehensive academic studies, they nevertheless serve as extremely valuable materials for understanding the historical and cultural development of the region. These documents contain important ethnographic observations, descriptions of traditional customs, and insights into the social relations of the local population.

Despite their limitations and certain ideological biases, the information found in these sources remains relevant and continues to hold significant bibliographic value. Modern historians and ethnographers still rely on these early accounts as supplementary evidence while reconstructing the cultural heritage of the Kazakhs of East Kazakhstan. Overall, the article underscores the importance of revisiting archival materials and reassessing past research in order to gain a more complete and nuanced understanding of the region's historical and ethnocultural landscape.

Key words: ethnos, nation, ethnography, customs and rituals, clothes, create.

Reference:

Abramov N.D. Kireevskie kirgizy Sibirskogo vedomostva // Izvestiya RGO. - SPb., 1865. - T.1. - S.112-123.

Andreev I.G. Opisanie Srednej ordy kirgiz-kajsakov. - Almaty: Gylym, 1998.

Argynbaev H.A. Istoriko-kul'turnye svyazi russkogo i kazahskogo narodov i ih vliyanie na material'nuyu kul'turu kazahov v seredine XIX i nach. XX vekov (Po materialam Vostochnogo Kazahstana) // Trudy IIAE. -Almaty, 1959. - T. 6. - S.19-90.

Arqynbaev H.A., Muqanov M.S., Vostrov V.V. Qazaq shezhiresi haqynda.- Almaty: Atamura, 2000. - 464 b.

Aristov N.A. Zametki ob etnicheskom sostave tyurkskih plemen i narodnostej i svedeniya ob ih chilennosti. - SPb., 1897. - 486 s.

Borneman N. Ocherki Tarbagatajskogo kraja // Sbornik konsul'skih donesenij. - 1900. - Vyp. III. - S. 29-35.

Bronevskij S.P. O pervoj osedlosti i hlebopashestve kirgizov vo vnov' obrazuemom Kokbektinskom okruge v Kirgizskoj stepi // Zemledel'cheskij zhurnal. - 1832. - № 8. - S. 89-91.

Bronevskij S.P. Zapiski general-majora Bronevskogo o kirgiz-kajsah Srednej Ordyy // Otechestvennyye zapiski. - 1830. - Ch.2, kn. 2. - S. 193-194.

Duzhin K. Svadebnye obryady u kirgizov Kokbektinskogo okruga // Severnaya pchela. - 1855. - № 92. - S.16-18.

Eskekbayev D.B. Shyqys Qazaqstan oblysy qazaqtarynyn otbasylyq adet-qyryptary // Qazaqtyn adet-quryptary men salt-dqstyrleri: otkendegisi men bygini. Maqalalar zhinaqy. - Almaty, 2001. - 51-58 bb.

Fiel'strup F.A. Molochnye produkty pitaniya turkov-kochevnikov // Kazaki: Sbornik statej. - L., 1930. - Vyp. XV. - S.71-85.

Grumm-Grzhimajlo G.E. Zapadnaya Mongoliya i Uryanhajskij kraj. -L., 1926. - T. 3. - 895 s.

Kabyshuly I. Kerejler kerueni: tarihi monografiyalıq qysqashasholu. - Olgij, 1978. - 116 b.

Katanaev G. Priirtyshskie kazaki i kirgizy Semipalatinskogo uezda v ih domashnej i hozyajstvennoj obstanovke // Zapiski Zap.Sibirskogo otdela IRGO. -1893. - Kn. XV. - S. 79-85.

Kobejuly M.Zh. Qazaq shezhiresi. -Almaty, 1993. - 76 b.

Konshin A. Zapiski o trgovle s Zapadnym Kitaem i Zapadnoj Mongoliej o merah k ee razvitiyu // Nashe hozyajstvo. - 1926. - № 2. - S. 57-64.

Konshin N.Ya. K voprosu o perekhode kirgiz Semipalatinskoj oblasti v osedloe sostoyanie // Nashe hozyajstvo. - 1923. - № 10. - S.41- 47.

Konshin N.Ya. Kratkij istoricheskij ocherk Semipalatinskogo kraja // Nashe hozyajstvo. - 1923. - № 9. - S. 34-40.

Konshin N.Ya. Ocherki ekonomicheskogo byta kirgiz Semipalatinskoj oblasti // Pamyatnaya knizhka Semipalatinskoj oblasti na 1901 g. - Semipalatinsk, 1901. - S. 9-19.

Konshin N.Ya. Po Ust'-Kamenogorskому uezdu. Putevye zametki. - Semipalatinsk, 1899. - 51 s.

Levshin V.I. Opisanie kirgiz-kajsakskih ord i stepej. - Almaty: Sanat, 1996. - 655 s.

Margulan A.H. Najmany // Kazaki: Sbornik statej. - L., 1930. - Vyp. HV. - S. 63-70.

Mukanov M.S. Etnicheskij sostav i rasselenie kazahov Srednego zhuza. -Alma-Ata: Nauka, 1974. - 200 s.

Nurgalymova G.S. Shygys Qazaqstannyn kone tarihy men madenieti. - Almaty: "Arys" baspasy, 2002. - 116 b.

Obzor Semipalatinskoj oblasti na 1886 god. - Semipalatinsk, 1887. - 87 s.

Obzor Semipalatinskoj oblasti na 1887 god. - Semipalatinsk, 1888. - 87 s.

Obzor Semipalatinskoj oblasti na 1890 god. - Semipalatinsk, 1891. - 87 s.

P. Obychaj kazahov Semipalatinskoj oblasti // Russkij vestnik. - 1878. - № 9. - S.23-46 .

Potanin G.N. Ocherki Severo-Zapadnoj Mongolii. - SPb., 1881. - Vyp.2. -181 s.

Kabyshuly I. Kerejler kerueni: tarihi monografiyalyq qysqashasholu. - Olgij, 1978. - 116 b.

Kazaqstandaqy tarih gylmy. - Almaty, 2004. - 321 b.

Kinayatuly Z. Mongol ustirtin meken etken sonqy turki tajpalary. IX-XII qasyr. - Astana: Elorda, 2001. - 208 b.

Kudajberdiuly Sh. Turik, qazaq, hәм handar shezhiresi. - Almaty: Dastan, 1992. - 120 b.

Radlov V.V. Iz Sibiri: stranicy dnevnika. - M.: Nauka, 1989. - 749 s.

Rudenko S.I. Ocherk byta severo-vostochnyh kazakov // Kazaki: Sbornik statej. - L., 1930. - Vyp. XV. - S. 1-62.

Sbornik statej po Semipalatinskoj oblasti (Iz pamyatnyh knizhek na 1897-99). - Semipalatinsk, 1899. - 112 s.

Sivers I., Fal'k I.P. Pis'ma iz Sibiri. - Almaty: Gylm, 1999. - 136 s.

Struve K., Potanin G. Poezdka po vostochnomu Tarbagatayu // Zapiski IRGO. - SPb., 1867. - T.1. - S.65-73.

Struve K., Potanin N. Puteshestvie na ozero Zajsan i rechnuyu oblast' Chernogo Irtysa // Zapiski RGO po obshchej geografii. - SPb., 1867. - T.1. - S. 55-61.

Trofimuk N.A. Sanitarnyj ocherk obsledovaniya, pitaniya, zhilishcha i odezhdy zhitelej Kazahstana // Kazaki: Sbornik statej. - L., 1930. - Vyp. HV. - S. 163-202.

Tynyshpaev M. Materialy k istorii kirgiz-kazakskogo naroda. - Tashkent, 1925. - 75 s.

Valihanov Ch.Ch. Sobr. soch.: v 5-ti tomah. - T. 2. - 416 s.

Vostrov V.V., Mukanov M.S. Rodoplemennoj sostav i rasselenie kazahov. - Alma-Ata, 1968. - 255 s.

Авторлар туралы мәлімет

Меруерт Карпыковна Егизбаева – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, археология, этнология және музеология кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Information about authors

Meruert Karpykovna Yegizbayeva – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Department of Archaeology, Ethnology and Museology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Сведения об авторах

Меруерт Карпыковна Егизбаева – к.и.н., доцент, кафедра археологии, этнологии и музеологии, КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Редакцияға түсті 09.02.2025

Өңдеуден кейін қайта түсті 22.03.2025

Жариялауға қабылданды 29.03.2025

IRSTI 03.20.00

[https://orcid.org/10.53360/3107-0493-2025-1\(3\)-8](https://orcid.org/10.53360/3107-0493-2025-1(3)-8)**THE INFLUENCE OF EXILED POLES ON SOCIAL AND CULTURAL LIFE OF EASTERN KAZAKHSTAN IN THE XIX - EARLY XX CENTURIES****Bakyt Zh. Atantayeva¹, Raushan D. Akhmetova^{2*}, Meruyert B. Ibrayeva³**^{1,2} Shakarim University, (Semey, Kazakhstan)³ Astana IT University, (Astana, Kazakhstan)E-mail: batantaeva@mail.ru¹r.d.akhmetova@mail.ru²micmik_kz@mail.ru³¹<https://orcid.org/0000-0001-6104-9797>²<https://orcid.org/0000-0003-1359-0006>³<https://orcid.org/0000-0002-5656-7976>

Abstract. Among the representatives of different ethnic groups living in the multi-ethnic, multi-religious society of Kazakhstan, there is also a place for representatives of the Polish one. Poles first appeared on the territory of Kazakhstan in the XVIII century. They were Polish rebels who were exiled by the tsarist government to the Kazakh land. The local authorities forcibly attached them to the population of Ural and Siberian Kazakhs against their will. The exiled Poles participated in the national liberation revolts in Poland against the Russian Empire in 1830-1831, 1863-1864. A significant part of them was nobles. Among the Poles were many poets and writers, artists and doctors, engineers and lawyers.

The article analyzes the contribution of exiled Polish figures to the public atmosphere and cultural transformation of Kazakhstan, tells about individual representatives of the Polish ethnic group, which has contributed to the socio-economic development of East Kazakhstan. The authors conclude that the objective studying of the problem of the history of the Poles on the territory of Kazakhstan is of great scientific importance both for ethno geographical history and for the consolidation of Kazakhstani society and the consolidation of national integrity in modern conditions.

Keywords: Poles, culture, figures, scientists, exiles, Eastern Kazakhstan.

Introduction

The modern polyethnic composition of the Republic of Kazakhstan's population has evolved over a long historical period. However, the socio-political events of the XIX - XX centuries had the most tangible impact on this process, primarily the forced migration of various social and ethnic groups, among which were the Polish people.

Because of the sparsely populated vast territories and remoteness from the center of Russia, Kazakhstan was a favorite place of exile of «undesirable» peoples. One of the punitive measures applied by the Russian Empire against those dissatisfied with its policy was political exile. By means of exile, the tsarist government intended to increase the number of the non-Kazakh population in the eastern region of Kazakhstan, considering it, among other things, as a tool for colonization of the region.

In the XIX century in the Russian Empire, there were various types of exiles - settlement, hard labor, administrative exile, and expulsion of residence. From European Russia to Western Siberia, and later to the Steppes people were expelled administratively for crimes of a political nature. Almost all of them lived in sparsely populated countytowns. The imprint on the stay of Poles in exile imposed the harsh climate which complicated adaptation and was the reason for many diseases. The economic backwardness of the county towns, the almost complete lack of industry (the population was mainly engaged in nomadic pastoralism), the remoteness from the center, and the underdevelopment of agriculture made it very difficult to find work for the exiles. With few exceptions, most of the exiles survived mainly at the expense of benefits.

The relevance of the topic is due to the widespread interest in «microhistory» in historical science when the study of private events helps identify trends in society as a whole. The study of the Poles' exile to the area of eastern Kazakhstan makes it possible to determine its regional specifics, the social composition of the exiles, the compilation of their short biographies, the study of their activities in places of exile, the contribution of Polish exiles to the development of the region.

Materials and methods

The methodological basis of the study is general scientific methods of historical research and scientific analysis. At the same time, the system and structural analysis is important, which makes it possible to consider any developing phenomenon as a certain system having the appropriate structure and functional significance. The interdisciplinary nature of the problem leads to the use of a complex of different research methods based on a systematic approach to international relations, comparative analysis, and other methods that provide results objectively reflecting the current state of the problem under study. So, important information about the ethnography, demography, and interrelationships of the multinational population of the Semipalatinsk region was available in the works of W. von Tsin, V. Nikitin, P. Makovetsky, A. Pervushin, N.Ya. Konshin, G. Sopetov and F. Zobnin, which were published in the Semipalatinsk gazettes kept in the funds of the Semey Regional History and Local Lore Museum (Semipalatinsk Region Gazette 1880 №32,35, 37; 1882 №23/24; 1888 №19; 1898 № 28/29, №33, 49/50; 1896 №45; 1898 №3 26/27; 1902 №1-9).

Along with these essential provisions, the criteria of historical analysis are included in the methodological basis, and the objectivity of the historical truth and the degree of its correspondence to actual historical knowledge is of great importance. Particular attention was paid to source analysis, critical analysis of sources, and their comparative study to obtain the most objective data. For this purpose, unpublished (archival) documents and published sources were used, in particular Notes of the West Siberian Branch of the Russian Geographical Society. A source analysis of personal documents from the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan (F. 469) was carried out.

Discussion

Valuable information is presented in the articles of B. Gerassimov, a local historian, one of the founders of the Semipalatinsk subdivision of the West Siberian Branch of the Russian Geographical Society, a priest who in his works cited a list of political criminals of Polish exiles, noted that exiled Poles were a... cultural element (Gerassimov, 2012: 623).

The fact that Poles were also exiled to the territory of East Kazakhstan is indirectly evidenced by the statistical data given by the well-known local historian

N. Abramov in articles about Semipalatinsk (Abramov, 1861: 140) and Ust-Kamenogorsk (Abramov, 1863: 124).

Among foreign researchers, George Kennan should be noted. An American traveler, having lived several years in Siberia, comprehensively studied the subject of political repression. His work «Siberia and Repression», especially the chapters on the eastern region of Kazakhstan, are a valuable source in studying the history of Kazakhstan (Kennan, 1906).

In Soviet science, the problem of Polish exile was considered from the point of view of the formational approach to the study of the historical process, the struggle of the people with the tsarist government for independence was determined by the role of the class struggle in history. The socio-political and cultural life of ethnic diasporas, including Poles, is considered in the works of V.Z. Galiyev (Galiyev, 1965; 1978).

In modern historiography, the history of Polish exile to Western Siberia, to which East Kazakhstan was administratively related, the main areas of Poles' activities in exile, and the problems of their adaptation to new living conditions are covered in generalizing works. The collection «Poles in Siberia at the end of the XIX – first quarter of the XX century: historiographic traditions, new directions and perspectives of research» contains articles by Polish and Russian historians, reflecting various aspects of the Polish presence in Siberia at the end of the XIX – first quarter of the XX centuries (Poles in Siberia, 2021).

Particularly noteworthy are the scientific works of the B.S. Shostakovich, who published a number of works devoted to the history of exiled Poles in Siberia, covering in detail the main forms of activity of Poles in Siberia, including daily life and all kinds of creative activities, based on a broad documentary basis (Shostakovich, 2015). In the studies of Shostakovich, a special place is taken by fragments of memories of participants in the national liberation movement with detailed comments from the author (Memories from Siberia, 2009).

